


САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН



Намартар - 1968

Сапарғали Бегалин

# ТӨЛБАСЫЛАР

(Очерк, әңгімелер жыйнағы)

Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасы  
Алматы — 1948

## МАЗМҮНЫ

Беті

Төлбасылар . . . . .	3
Сәтжан . . . . .	28
Қалиман . . . . .	84
Жас жылқышы . . . . .	102

## С. БЕГАЛИН СБОРНИК РАССКАЗОВ

(На Казахском языке)

Издание КазОГиЗа

Редактор *Д. Косанов*  
Техред *И. Хигирович*  
Художник *А. Старцев*  
Корректор *Л. Шуашбаев*

Подписано к печати 2/IX 1948 г. УГ03213 Издательский № 219.  
Формат бумаги 70×108<sup>1/2</sup> Объем 7,5 п./л. Уч.-авт. л. 5,4  
Тираж 10000 экз. Цена 7 руб.

г. Алма-Ата Гостипография № 1 Управления Полиграфии и Издательств при Совете  
Министров КазССР. Заказ № 632

# ТӨЛБАСЫЛАР

**С**әрсебай ежелгі әдетінше сөзбен іci болған жоқ. Қеліп ютырған жаңа бастықтың өне бойына көзін бір жүгіртті де, тек сұраған кейбір сөздеріне жауап берді. Бастықтың мал қамын ойлай, қыскы қоныс жайына көңіл бөле сөйлегеніне ол іштей сүйсініп қана қойды. Біраздан кейін Сәрсебай көнерген сүр шинелін киіп малға шықты. Тұнгі күзетші шыққаша мал ішінде болып, қораны күзетті. Қазыханның осы үйге келgelі байқағаны—Сәрсебайдың жүріс-тұрысы; оның үстанған шаруасына үқыпты, қолға алған жұмысын сүйіп, тыянақтап істейтін мінезі. Бірақ ол Сәрсебайдың жай-күйімен жете таныса қойған жоқ. Тек майданнан жарапанып қайтқанын сөз арасында өзі айтты. Осы бөлек қойдың иесі Бейсебай «Тельман» колхозының кексе қойшысының бірі. Ол мал қонысына жүйрік, шаруага орынкты адам деген аты бар. Қазыханның «Тельман» колхозында келгенине аз-ақ күн болған. Оның құмға қараї көшкен мал жағына келгені дे осы. Бейсебай мән Қазыхан малдың қыстауы, құмның жайлымы жайында көп сөйлесті.

Қазыхан ерте тұрып далаға шыққанда Үмбет көлінің айналасындағы бүйраратша күмдар, бәртешік төбелерге

жаңа көтерілген күн сәулесі шашырап түсे бастады. Күм төбелердің кемпір шаш селдір шөптері, күзгі бозқырау, а малының, қыс ызғарын күйнген. Сирек болғанмен күм ның бұл шөптері дәнді, осыған жайылған мал бүрсөң емес, бүркырап бозқырауға сүйсінгендей томарыла орындарынаи баяу ғана көтеріледі. Әлі де суала қоймаған кеңже ешкілердің бұғы мойны семіз лақтары тізеңін бүгіп жіберіп енелерін еміп жатыр.

Атын әкеліп ерттеп, Сәрсебай малын өргізуге қамдаңды. Тұнде күзетте болған Бейсебай үйіне жаңа кірді. Тұнімен күн ауысқандай бақташи мен күзетші орын ауыстырыды. Әдейі ерте тұрып малдарды қарап жүрген Қазыханды көрді де Сәрсебай біраз таңдана қарап тұрды.

Сәрсебайдың бала күнінен ең бір батыл және тез айтатын сөзі үлкен кісіге сәлем беру болатын. Сол әдетін істеп таңертеңгі құм даласының тыныштырық оятындағы күңгірлеп шығатын зор дауыспен Қазыханға сәлем берді.

— Сәлемші жігіт, қойды көптен бағасың ба?

— Осы күзден бері.

— Онан бүрін қайда едің?

— Одан бүрін сыйырда едім. Соғыс басталсымен майданға кеткем. Осы жазда жарапланып қайттым.

— Үй ішің қайда? Әлде бойдак па едің?

— Бар еді, жоқ болды.

— Қалаіша?

Қазыханның бұл сұрағына Сәрсебай, мүңайған пішінмен ауырлағандай, бірден жауап айта қоймай қоңыр бөркін бір қозғап киді. Не айтар екен дегендей, Қазыхан Сәрсебайға таяна түсті.

— Сізге әңгіме айтып тұруға қойдың алды өріп кетті. Сынаптай сусылдаған мына қара ешкілер күм төбеден бір асса көз жаздырады. Ешкі деген отشاң маддәр ғой, және мына бозқырау жонын тоқазытып өр-

ген ешкі тацертенгі бетінде қолды-аяққа тұрмайды. Кой мен ешкіні бірге бағу қойға обал,— деп Сәрсебай алыстан бара жатқан ешкілерге тоқтау дыбысын шығарды. Сәрсебай атына мінгенде шақыру дәметкендей кой шетінде жүресінен жатқан қарала төбет көзін төңкеріп бір қарап, керіліп орнынан тұрды.

Мал күйіне, әсіресе, ешкі мінезіне сырлас Сәрсебай-дың сөзі көкейіне қона қалғандай Қазыхан койының артын өргізіп қантата аяңдаған қойшыға ере жүріп келеді.

— Сіз билетін шығарсыз, мына Бейсебай біздің ағай болады. Бұл кісінің жалғыз баласы соғыс басталысымен о да әскерге алынды. Мен де кеттім. Ал менің әйелім мен балам осы кісінің қолында қалған еді. Сол жылы ауырып қаза болыпты. Аздаған қара-құра, жыйғантергеніміз осы ойда қалыпты. Әскерден қайтқан бетімде осында келдім. Мен бағам, женгей күзетеді, ағай басқарады. Әзірше жүріп жатырмыз, — деп Сәрсебай отшаң қаракер атын жүре шалдырып ілгері басты.

— Өз алдына бөлек қорага ие болып бақсаң қалай болады? Мына ешкіні бөліп бір қора етсек, ешкі фермасын үйимдастырысак, деген ой бар. Үйткені қой мен ешкінің қорасын боліп, өрісін де өзгертуекпіз және мына қора көбейіп бір жерден жайылуға ауырладап та кетіпті. Негұрлым қора ықшамды болса, мал күтімді болад еді. Қазақ ешкілерін асыл тұқымды аңғор ешкімен будандастырмақ едік.

— Ол рас, ешкіні қойдан болғен жақсы. Ешкі мен қой екі тайпа ел сыйқты, біріне бірі үйлеспейді, асылдандыру әбден керек. — деп Сәрсебай Қазыханның ақылшына қосыла сөйлемеді.

— Олай болса, ешкіні сағаш боліп береміз. Сырмінез малың қорінеді, ешкі фермасын қолға алып, бағып керсөң қайтеді?

— Жалғыз қыйын болады ғой, басымда үйде жок,  
— деп Сәрсебай әріде жатқан бір мұңызың шетін шығарды.

— Жок, жалғыз болмайсын. Мұслиманы саған серік етеміз. Өзі сен сыяқты бойдак. деп Қазыхан ақырын ғана жымыйды.

— Ол сауыншы еді ғой. Сыйырын тастамас, — деп Сәрсебай ітшей үнатқан пішінмен айналаға қарады. Осы кездегі Сәрсебайдың кескініне қадала қараған Қазыхан, жақадан үйымдастырмақ ешкі фермасының есебін жаңа келтірдім-ау дегендей:

— Мұслиманы бұрын да біледі екесің ғой.

— Өзіміздің ауылдың адамы ғой, колхоз үйымдастырылған осы мал басында бірге келеміз. Оның күйеуі де менімен замандас еді. Ажал көрі, жасқа қарайма, қаза бол кетті ғой, — деп Сәрсебай үзап барға жатқан ешкілерін қайыруға бой үрді.

\* \*

\*

Бейсебай мен Алдоңғар екеуінің қорасынан ірітегенде күндыздай қара өшкілердің тұқымы толық бір қора болды. Басына қосын көтеріп, қасына серігін қосып Сәрсебайды жаңа фермаға ие қылып бөлек қондырды. Асыл тұқымнан әкелінген ақ теке де осы жерде үйірге қосылды.

Жалаңбас күмның ойдым-оидым қыяғына қанаттаса салынған мал кораларына «Тельман» колхозының қой ауылдары катарласа қыстап, қыс ортасы ауганиша сонда болды. Қары көпсіл жататын бүйра күмда мал өте күйлі болды. Қойды күмнан шыға қоздатамыз, деп қойнылар кең жазық күмның алқабына шыға қайта серпіліп қонды.

Екі қорадан күралған ешкінің жайына Сәрсебай зәі

жетік емес. Оның үстіне Мұслиманың мал тану, төл күту сиррын да онша көп біле қоймайды. Толып жатқан ешкінің лақтау кезі өте бір қамытшылық уакыты. Ешкі баласы сұқты, желді қотермейді. Аяқтанып шыйрағанша жылы жер керек. Бірыңғай қазақ ешкісі болса ол бірсәрі, аңғор текенің баласы қалай туады. Және жастай танып дұрыс табыстырмаса, уыз еме алмай, төл көнек ауыру болады. Қасынан уызға жарымаса жуырда жетілмейді. Бұл жөнде Мұслима не ойлад жур, о да Сәрсебайға қараңғы. Жалғыз өзі әрі бағып, әрі лак күтіп, төл табыстыруға мүршасы келе ме? Быйылғы төл сын төл. Асыл тұқымды текенің алғашкы төлі алынады. Колхоз жүртшылығы сеніп алдына коралаған малын берді. Жаңа ферма, асыл тұқымды мал өсір, деп талсырды. Әсіресе колхоз бастыры малды бөліп шығарғанда не айтты?

«Быйылғы төл асыл тұқымды ешкінің төлбасы» деді емес пе. Осы ой жаздың шеті білінгелі Сәрсебайды сан толғандырды. Мына жүні жібектей ак текенің лағы қандай туады. Әлде бота сыйқты нәзік, меринос сыйқты кінәмшіл туар, деген ой ертелі-кеш есінен кетпейді. Ол осыларды ойлад келіп, ешкіні колхоз орталығына талу мал базына лақтатуға бел байлады.

Мал төлдері шағы таянысымен-ақ Қазыхан койды аралап, қоныстарды шалды. Қары жүқа, шөбі шүйгін, құм қыстаған мал бойдағы түлеп буазы төлемін аса көңілді еді. Әсіресе, Сәрсебай корасының ешкілері жундері құндыздай жылтылдан қыстан тіпті семіріп шыкқан. Желін сабасын салған қарынсау қабырғалы қайқы мүшіз кара ешкілер мамырлай басып салмақпен жайылады.

— Ешкіні аса жүрдексініп күзді күні атынды аяй тебініп едің, енді аяғы қойылыпты рой?—деп Қазыхан мәлінің шетінде тұрган Сәрсебайға келді.

— Күн үзап, мал аяғы қоюланған көктем уакыты рой. Және сонау жасамалы ешкілердің бір қатары екі-

үш лақтан берер, деген үмітім зор. Аяқтары ауыр, бір үш-төрт ешкі аздан бері ауыл касында, аяп өріске жүр гізбей койдым. Тіпті орындарынан эрсөң тұрады. Мал өр генде мамырлап артында қалады,— деп Сәрсебай ма-лының жайын аз сөзben айтып отті.— Бір-бірден тауыш, аман лактап берсе, сол төлді аман өсірсөн де олжан, аз болмас — деді Қазыхан, Сәрсебайдың тумаған төлгө мактана сөйлегенін ерсі көріп.

— Сіз екеуді де көпсінейін дейсіз бе, ендеше менің үшеу — төртеуден де дәмем бар. Кырсығынан сактаса, көп лактың күлағын көріп тұрғандаймын.

— Тек көп болып өссін. Артық дәулет бас жармайды, мына сыйқты халық дәулеті отан қуатына тірек болып тұрған кезде үдете өсір. Жаудың жазасын беретін де, елдің жарасын жазатын да осы халық дәулеті. Әрбір отан азаматы шаруаны тоздырмай үйымдастыра білсе, сонда ғана міндеттін аткарады. Басы артығын көрерсін, тек көрінген төлін аман ал. Быйылғы жылың сынды жыл. Асыл тұқымды малдың алғашқы төлін аласын.

Қазыхан осыны айтканда оқ жарагалаған аяғы шым ете түскендей, Сәрсебай сол жақ аяғын бір қозғап койды. Бұл жараны женіс кана жетілдірелі. Женісті майдан қуаты туғызды, деп ойлады Сәрсебай ішінен.

— Осы айтканыныздың бәрі рас. Осыған байланысты менің бір ойым болып тұр.

— Айтыңыз.

— Айтсам, мен енлі жылжып мал базына таяу қонып, ешкіні сонда лақтатсам деймін. Қоктемде әуе райы күбылмалы болады. Карлы боран кайырмаға кездессе,—жас төл жазым болады. Әсіреле асыл тұқымды лактан сақтанам. Іргені бір жағынан кораға сала, төлді Сарыбулақ ойында аяқтандырғым келіп елі. Жаңа үйымдақсан кораға кос түзелгенше көз қырын сала жүрініз, — деп Сәрсебай Қазыханды өзімсіне именбей сөйледі.

Сәрсебай сөзі шаруаға шын жан ашың айтылған өте қонымды сөз еді. Бірақ Қазыхан бұл сөзді Сәрсебай осы жолы айта қояр, деп ойлаған жок-ты. Ойламаған жерден айтылған мал қамы, әсіресе, жас төл жөніндегі сөзі жаңа ой туғызды. Мал базы, көбінесе ірі қараға, жұмыс майдарына арналған. Ал, қой, ешкі жатарлық кең арна, тел түрарлық жылы бөлмелер бос емес, бәрінде де ие бар. Бірінде сока көлігі, бірінде бұзаулы сыйырлар, кейбіреуінде жас құлындаған биелер бар. Қора айналасына ой жүгіртіп, Сәрсебайдың ешкілерін лактағанша сыйыстыра түрар орын таппай Қазыхан қырықтау қара мұртын сыйпап біраз тұрты.

— Коралардың бәрінде де ие бар шығар. Азғана күнғой, менің ойым ўста дүкеніне жалғастыра салған сайман қора, кебінесе сол бос тұруши еді. Соны бере тұрса деймін, малды жайлауға шығарап да орын Мұслима екеуміз өзіміз-ақ тазалар едік.

Сәрсебай сөзін тыңдал болып Қазыхан мырс етіп бір күлді де:

— Оны да ойламай тұрғаным жок. Бірақ сол сайман қора бос емес. Сен бұрынғы қаңғырап тұрған несіз кораны казір көр. Аузы мұрнынан шығып тұр.

Онда не бар дегендей, сөйлерде сол қолымен иегіндейгі кішкене селлір сақалын сыйпап қозғалактап коятын әдетін істеп Сәрсебай тіл катқанша:

— Онда егін, пішен машиналары, олардың күрал-сайманы тұр. Соқаның, бричкелердің қамыт-сайманын да жаңадан жасатып соңда койдық. Машиналардың керекті ағашы, темір жабдығын да құрастырып жыйнап алдық. Оның бәрін далаға шығаруга болмайды. Сен енді саспаши, төліне де, ешкіне де орын табам.— деп Қазыхан қалған сөзін айтпай, жүргүре айналды. Біргана мал шаруасы емес, жана бастық колхозының бар дүниесін іреттеуге кіріскен кандай үқыпты адам, деп Ішінен Сәрсебай

— Олай болса жылжып көшіп мен де жетем, деп Сәрсебай қала берді.

\* \*

\*

Сәрсебай келіп колхоздың мал базының касына қонған күні «Тельман» колхозының сол жылғы көктемдегі бір елеулі күні еді. Сарыбұлак жазығына сол күні жазғы еңбектің майданы күрылды. Пар-парынан жегілген күр аттар, бұғы мойын өгіздер, алшаң басып егіске шықты. Асыл тісті көк соқалар жер қыртысын бауырша тіліп, таспадай сыйырды. Егер даласының бір шетінен келіп түскен темір тұлпар трактор тобы, алыш күштің атойын салғандай, бүкіл алапты сілкіндірді. Отан соғысының аса шиеленіскең кезеңінде, майдан қуатын, үдету үраны, ел қайратын өрісте малға, егісте дәнге жұмылдырган барлық еңбек табысы майдан қуатына арналған кез.

Анадағы Сәрсебай ескеरтуі аяқсыз қалмаған. Соқашыларды шығарып жіберіп бір әредікте Қазыхан жаңа көшіп келген Сәрсебай аулына ат басын бүрді. Ешкілерін қалтатып Сәрсебай да бастыққа қарсы аяңдады.

— Коныс құтты болсын, көшіп те жеттің бе? Есениң ешкіңе қора әзір, кейбір аяғы ауырланған мальца біраз шөп те үйдірдім, — деп Қазыхан Сәрсебайдың көшіп келуін қамқорлықпен қарсы алған бейілін білдірді.

Ешкінің алды лақтай бастады. Жақсы үйымдастырып қойғансыз. Көсегеңіз көгерсін, — деп Сәрсебай езінің ең риза болған адамына ғана аузынан шыгаратын алғысын айтты. Бұдан әрі олар көп сөйлесіп түрған жок. Соқа шаруасының әлі де бастықпен жұмыстарына асырып Қазыхан кетіп қалды.

Аяғы ауырлап, бөзың көшіп малға әрең ерін келген екі

үш ешкіні Сәрсебай шөп үйілген қораға қойды. Жас лактарын жылы үйшікке салып, жас төл орнын күйлеп алды.

Ешкінің алды лақтай бастағаннан Мұслимада үйқы азайды. Бір лақты не бір ешкіні қақтықтырмай, ауыздандырып, шыйрағанша балаша күтеді. Әсіресе, екі-үш лақ тапқан ешкілер қолды босатпайды. Егіз лақ та енсі құнарлы, күйлі болса өзімен өзі болады. Ал үш лақ, ол үлкен жұмыс. Біреуін қалай да басқа бір жалқы ешкіге егіздетіп салу керек. Ешкілер қатарынан лактағанда епіздетіп сала қою есебі оңай табылады. Егер қатар лактаған жалқы ешкі болмай қалса, онда емізік беру, аңдып отырып кезек емізу Мұслиманы мұрнынан шанышылдырады.

Біреуге біреуді танытатын да, жақыннататында еңбек еншілестігі. Сөзге сараң, мінезі ауыр, бір тоға Сәрсебай Мұслимаға шаруа жайынан басқа тіл қатып көрген җок. Бірі күзетте, бірі өрісте бағып мал қамын үйымды мінезбен құнтыға қана қолға алды. Әсіресе, тал осы ешкі төл деу кезінде екеуі де көз шырымын сирек алады. Бұл жамылып, тон төсеніп деген сыйқты, күмда қыстап, қырда өрістеп баққан малдарының қызығын көрер, өсімін алар күн туды. Жаңа жылдың жаңа өсімі, жаңа тұқымның жас ўрпағы бірі екеу болатын, мына бакқан мал түлелі екеуінің еңбек қортындысын айтпак. Жаңа туған әрбір төл екеуіне әрі ыстық, әрі қызықты-ақ. Әсіресе-үяң, жібек жүнді ақ лақтар ерекше ыстық. Осы малды бірге баққан екеуі де біріне бірі ыстық.

Құндегі әдетімен түн ортасы кезде қолына шырағыдан алыш Мұслима ешкілердің ішін аралап шықты. Жалпақ мүйіз үлкен қара ешкі көзі боталап, толғақ дыбысын шығарып мекірене маңырады. «Көптен бері ішін жөтере алмай қорада тұратын жануар тақтайын деген екен ғой» деп Мұслима ешкіге таяна түсті. Адамды көргендегі қызғаншақ мінезін істеп, ешкі орнынан тұрып кетпек

болды. Бір-екі үмтүлшіп еді, орнынан көтеріле алмады. Тұрып мазасы кетпесін дегендей Мұслима да калып шегінді. Мұслима корының ішін аралап болды да сыртына шыкты. Күләнектеп келе жатқан таң соудасын бөлсөн кырғыз Алжатауының биік қырқалары адуан туғай өмір сарап жастап да жатқан альштай үнсіз томасарып, аспар меншілді. «Мынау атар таң, сонау толғатқан ешкінің ішінен жарық дүниеге келер жас төлдін тұңғыш ташы. Осы ташта сан жондік дүниеге келеді. Мұнкін сан жәндік өмірімен қоштасады, дүние солай, —» — деп Мұслима біраз тұрды...

Мұслиманың мал шетінде атқызыған таңы бір бұл емес. Ол бала жасынан, малмен бірге жасасқандай, бұл өмірге әбден даярдыланған. Әсіресе, осы қорадағы ешкігі Сәрсебаймен бірлесіп ие болғаннан бері ол малдың түнгі күзетін өз мойнына алды. Екі жарты бір бүтін дегендей, екі сака бойдақ көңіл күйімен емес, еңбек ықпалымен бас кости. Ұятқа шалдықпай, ешкілерді аман төлдетіп, сенімді ақтасак, деген ой екеуінің де үнсіз үғысатын сырлары.

Мұслиманың күлағына маңыраған жас лактың үні шалынғанда, орнынан тұрған Сәрсебай да далаға шыкты.

Немене, лактаған ешкі бар ма? Малды араладын ба? Мынау жас лактың дыбысы ғой? — деп Сәрсебай үйді сырт айналана берді.

—Үлкен қара ешкі лактады ғой деймін. Әлгінде көргенімде толғатып жатыр еді,—деп Мұслима қорага қарай бет алды. Үлкен ешкі деген сез күлағына тигениси Сәрсебай да асыға қораға жетті. Жерге түсе басын көтеріп өмірге тіл катқан ақкүлақ қара лактың үні еді әлті үн. Ешкі орнынан тұрған жок. Тек шірениң әліде арылмаган жүргінің сезігін білдіргенлей болды. Қара лактың аузын үріп, аяғын сынырып, Мұслима енесінің алдына қарай жеткізіп қойды. Аналық мейрімімен мекіренің, дағын жалап ешкі тағы шіреноңді.

Бірнің артынаи бірі туған үш лақты алып, Мұслимә енесінің алдына қойды. Ешкі әлі де орынан тұрмай өктын-өктын шірсін толғақ белгісін істейді. Жануар әлеіреп қалды ғой, деп ешкінің алдына Мұслима аяқпен су әкеліп қойды. Ешкінің кейінгі сырына Мұслима да, Сәрсебай да оншалықты ой өзле қойған жок. Екеуі, лақтайтын тағы басқа ешкі бар ма, мынау үшінші лақты егіздетіп салар ене ізdedі. Бірак, бұл таңда тұа қоярлық ешкі көрінбейді! Екеуі қайта оралып қара ешкінің қасына келгенде, күн де көтеріліп шығып келе жатты. Қара ешкінің арт жағында шаранага оралып жатқан төртінші лақ әлсіз ақырынғана дыбысын шығарды. «Шығар күнмен таласа туған жануар» деп ырымшылдық әдстепен Сәрсебай өзі келіп аузын үріп, аяғын сынырып кішкене ақ лақты енесінің алдына апарды. Алды аяқтана, арты маңырап шулаған екеуі уыздай ақ, екеуі қара төрт лақ, қара ешкінің айналасында емшек айманап тұрып-жығылып өмірге талпынды.

Екі лақ қара ешкінің екі емшегіне ие, екеуіне ене жоқ, аяқтанып есейіп қалса, басқа ешкі ала қоймайды, бұлардың асырауы шын қыйын болады-ау, деген ой Мұслиманы тыншытпады. Кешке жақын лактаған бір тұмса ешкіге бір лақты егіздете салып еді, жеріп алмады. Содан соң, амал бар ма, лақтардың өз енесінің уызын сауып, емізікпен кезек емізіп, шыйрағанша Мұслима төрт лақты қолынан түсірмеді. Біраздан кейін, лақты екі-екіден жіберіп, кезек емізіп әдettэндірді. Енесі де, лақтар да осыған үйреніп, соган дағды алды. Басқа ешкіге бөлгениен өз енесінің баурында тұтас өскені оншалық қызықты да көрінді.

Бір күні кешке жақын Мұслима алдымен төрт лақты әкеліп енесіне табыстырды. Ең кіші ақ лақ қабабы түсіп, енесін ембей сілейіп тұра берді. Біраздан кейін мойның қайрып жатып, орынан тұрмады. Емізікпен сұт беріп, жылы үйге қойып, Мұслима мен Сәрсебай

Қолынан көлгөн емін ғистеді. Ләқ нәр татпады. Ләктың түнімен екеуі құзетіп шықты. Сүтті ембей қойған соң, аузына қасықпен су тамызды.

— Ана үш лақта жетер, мынаны бауыздай салайманшы, — деген Сәрсебайға Мұслима:

— Бишара, қызыл шуда жас төлге пышақ жұмсаң неден үміт үздің — деп тыйым салды. Өзі барып мал дәрігері қызды шақырып келіп, лақтың өкпесіне компрес қойғызды. Екі күндей балаша құндақтаған, күтіп қолынан түсірмеді. Компрестен лақ жазылды.

\* \*

\*

Төлін тегіс аяқтандырып Сәрсебай тау бөктеріне көшіп қонды. Қоктемнің мейрімді шуак күндері, жер жүйесі балбырап, көк сүйріктер жетіле бастады. Тау бөктерінің салалары ерте жетілген алуан түсті балаусага боленіп масатыдай құлпырды. Балапаның ерткен қаздай қара ешкілерінің егізден, үштен ерткен мөншақтай мөлдіреген ак, қара лақтарын шұбата Сәрсебай балаусага өрістетеді. Жаңа үйымдасқан ферма, асыл тұкымды түлікті, аман төлдетіп бір бел асқандай Сәрсебай аса көңілді. Алғаш әкеліп, үйірге жіберген асыл текеден бір аз ешкі үш-төрттен лақ тапты. Әрі асыл жүнді, әрі өсімтал мал қолына тиді. Тек бағу, күту, бабын білу керек. Ол ертейлі-кеш осыны ойлады.

Жайлайға көшетін мал фермаларын аралап, Қазыхан мек Әбдеш, Бейсебай аулынан шығып, Сарыбұлақ басына қарай өрледі. Ешкінің отын қандырып, аулына оралған Сәрсебай қаракерін отқа қойып, дөң басында отырған болатын. Елбірей аяңдаған күрен төбел аттың жүрісіне сүйсіне, тау бөктерінің жұмсақ өскен самалына омырауын төсеп келе жатқан Қазыханды көріп Сәрсебай атқа мінді. Дөңгелене қаптал,

бұта балаусаларына шүйгі жайылған қара ешкілердің өрісінен лағы әлде қайда көп еді. Әсіресе ақ лақтар көбірек көзге түседі. Қазыхан ешкінің бас аяғын бір шолып, Сәрсебайдың өзіне қарай беттеді. Сәрсебай әдеттегісінше бір қозғалып барып сәлем беретін қоңыр даусын күбірлетіп алдынан шықты. Жас төлін аман өргізіп, балаусалы балбыраған өрісте шалқыта малын баққан Сәрсебай Қазыханға мактан тәрізді мінез білдіргендей болды. Бұрынғы бўйығып тұратын жабыңқы Сәрсебай емес, ашыла қалжыннады:

— Бастық жолдас, ескі қоры жок, жаңа үйымдастқан қораға осыдан не шығады дегендей елеусіз қарайсыз-ау, сонда да төл түяғына қай қойшы бізден асар екен. Қектемін аман-есен алдық, жайланаудың жарыса көшерміз. Құздікте де көрісерміз таңдаулылармен, — деп Сәрсебай социалистік жарысқа бел байладап кіріскеңін іркусіз айтып салды.

— Арық сөйлем семіз шықсан, байыптаған бағып артық өсірсең, менсіз де еңбегінді ел бағалайды. Бірақ мына Әbdеш сені Бейсебайдан көрі төмендеу үстағысы келеді. Мал иесі осы ғой, — деп Қазыхан Әbdеш пен Сәрсебайдың арасына қалжын таstadtы.

Қазыханның басқа сөзі Сәрсебайға сүйкімді ғана түсінікті ақыл тәрізденді. Бірақ Әbdеш айтты деген сөз оның шамына тигендей:

— Ол рас қой. Әbdештен ондай алақол, алып қашпа, жел сөз көп шығады. Бекең мен екеуі бармақ жаласып қалған жандар ғой, — деп Сәрсебай ойындағы сөзін тұра айтатын мінезімен айтып салды. Қазыхан ешкілердің ішін аралай журуге бет алды. Ешкінің осы шетіндегі жалпақ мүйіз үлкен қара ешкінің құлдыраған лақтары ойнақ салып енесінің артынан шұбай жүре берді. Бір ешкіге төрт бірдей лақты сыйғыза алмаған Қазыхан:

— Мына лақтардың енелері қайда? Адастып жүр ме? — деп Сәрсебайға қарады.

— Олардың енесі осы қара ешкінің өзі.

— Қалайша?

— Қалайшасы бар ма, төрт лақ таңқан бізде үш ешкі бар. Оннан аса ешкі үш лақтан тапты. Ешкіміздің көбі егіз тапқан. Асыл текеміздің бауыры жаман емес — деп Сәрсебай, бөгде кісіге айтпайтын сырны осы жерде Қазыханға айтып мақтанаң та қойды.

— Төрт бірдей лақты бір ешкі жарыта ма? Неге айырып басқа ешкіге телімедің?

— Ол ешкісіне қараай. Мына қара ешкі өзі жарыттын болған соң айырғанымыз жоқ. Қөрмейсіз бе, лақтары жалқы лақтай. Бір қызығы — осы төрт лақтың төртеуі де ерек. Аман болса төрт серке болады. Ал өзге ешкілердің лақтарын басқа жалқы ешкілерге егіздетіп теліп жібердік. Төл шығынымыз жоқ екені өзіңзіге мәлім.

— Ол рас қой. Төл шығының жоқ. Тек лайым, жылда солай болсын. Мына көршілерің ертең тауға көтеріліп көшіп қонбақ. Жайлалауға бет алды. Сен де көшесің ғой?

— Мен әліде бірер жұма кейін көшем.

— Неге?

— Құралайдың амалын осы бауырда алам. Лактаратын өсө түссін.

— Әлі мүндей да есебің бар ма еді? Мына Әбдеш қара ешкінің сүті мен етінің дәмін білгенімен күн есебінен хабарсыз екен ғой. Тезірек көшірем, деп асырып жүрген осы. Малдың билігі осы кісіде ғой — деп Қазыхан Сәрсебайдың бетіне қарап құлді.

— Бақканым мал, оның ішінде сұық бас ешкі. Сырмінез болмаған асыл тұқымды жас төлім бар. Күн раянын, амалдарды топшыламасам бола ма? Әбдешпен тілдескен ауа райын көргенім жоқ. Малды кім бақса тілін сол біледі. Ат үстінен қарап әйде болады, деген белсендігे мал сырны айтпайды. Әбдеш өзі өмірі қой бағып

корен жок, Ешкіден ферма күрып, асыл тұқымды мал есірсе неше жылдан бастын болып журді ғой — деп Сәрсебай Қазыханға өзінің Сөр сырын айтып берді.

Қазыхан оудан кейин Сәрсебаңға саска сез анқап жоқ. Тек көшер кездे тағы қатынасармыз, деп журіп кетті.

\* \* \*

\*

«Тельман» колхозының Сұсамыр жайлалауына бет алған қой, жылқы фермалары Талас өзенін өрлей келіп қонды. Осы жерде біраз отырып көшерміз, деген Сәрсебай сөзіне қарағанда, ешкіні де осы арада қырқатын шығар, деп ойлады Мұслима. Осы оймен ол өткен жылы көтеріп алған ақ үйін де жайлап тігіп алды.

Тұс ауа күннің де аптабы кайтты. Үйқысынан оянған Жеңіс атты баласын үй көлеңкесіне отырғызып, Мұслима өзі де біраз дем алды. Ауыл сыртындағы Найза тас биігінің көсілмелі көлеңкесі құлаш үрып ауыл үстінен әлде қайда асып кетіпті.

Өзен бойының жетіте ескен көк орайлары көлеңке жамылып жап — жасын болып құлпырган. Тау тепсесін кеүлей акқан Талас өзені, асау күрішін үдете таужаңғырықтырады. Мал жайына қарай шанжаулап қонатын әдетімен РАЗИЯ мен МІРДАН те үйлерін алыс тігіпті. Олардың іргессін бөлек сала қонар және де бар. Әрқайсысы бір-бір қора майдың исі. Бұлар осы Сәрсебай қорасынан кейінгі екі жаңда енін алып бөлінген жана отардың ислері. Олар Сәрсебай котанына жанаса, көп үзамай қанаттас қонағын. Бұл жолы мал жайына қарай кеңірек қоныпты. Мал әрісі, қонысы жайында кай-қайсысы болсын Сәрсебай мен Мұслиманы... аға көреді, ес тұтады. Мұслиманың юлардың үйлеріне ой жіберуі де осыдан еді.

Әлкенің әдемі көрінісін, ауылдардың қонысын ғызыға қарап Мұслима алмета малын оралтып келе жатыр Сәрсебайды көрді.

— Әне әкең келе жатыр, — деп Жеңіс балаға әкесін нұскады.

Ешкілерін ауылға қарай оралтқан Сәрсебай, көтеріле тігілген өз үйін, екі жағынан шашжауладі тігілген еншилес екі отаудың үйлерін көріп, жымыңдақ күлгендей езу тартты. Бұдан төрт жыл бұрын ферма басқарып өз алдына жайлай орістемек түгіл от басына да не емес еді. Ақ үй түгіл, аяғын көсіле жатар күркесі де жоқ-ты. Қазір, өзі үй болғаны, кейінгі екі жылда жұз елудей ешкі ерекше табысына тигені, қоралаған асыл тұқымды ешкіні шәүттеп айдағаны былай тұрсын, өз қолынан екі отар ешкіні бөліп шығарды. Мынау бөлек қонып отырған сол отарлардың нелері.

Сәрсебай кейінгі жылдарда қорасы қорлы, өрісі малды, бір колхоздың құтпаны атанды. Колхоз дәулетіне үйтқы болдым, деген бір кездегі Бейсебайлардың кейінгі жылдары аты да аталмайды. Қайда болсын Сәрсебай ауызға алынады. Аудан түгіл облыс шеңберінде де Сәрсебай алдыңғы қатардан қалмай аталады. Бұл атақ, бұл аброй Сәрсебай басына неден оралды, ол ойын осыған жүгіртті.

«Қос түзелмей іс түзелмейді деген»— деп те бір ойлағын, Мұслимамен тұз еңбегі қосылғанын ырым еткісі келгендей болды.

Мұслима екесін сібек өрісінде кездесті, көңіл төрелігімен бас қости. Жаразтықты жар, жан қыйысар дос болып еңбек етті. Ол еңбектері жанды, сүйгендері перзент, өсіргені дәулет болды.

Бірақ, Сәрсебай тек сол ойға жорып қанағаттанбады. Тағыда ойланған алысқа қарап, «халық байлығын қарыштата өсіруге ариалған Сталиннің жаңа бесжылдығы» деді ішінен.

Қантаган қалың ешкінің тау жақ шетін ала қатаралса алғаштай басып жайылған төрт серке Сәрсебай кортының сандактары. Төртеуінің де мүйіздері алшай өсіп, үші қайта бүріле келе айқасқан таң бір баста өскенден, бірінен бірі айырғысыз. Бірақ, ак құлак, ак ауыз екі қара серке әнтек бойшаң да, әрі қылышқ жүн, ал жебе құлак екі ак серке әнтек аласалау, жүндегі түбіттей үяң. Булар суға жүзгенде де, боранда да екі-екіден қатарласа жүреді. Түсіне қарай бөлгендегі екі-екіден тізесін аныпайды. Эр қашан малды бастайтын да осы төрт серке.

Осы серкелерге көзі түскенде Сәрсебайдың көз ададына, сонау 1943 жылдың көктемінде Қазыханға өзінің айтқан сөзі елестеді. Оның соңда «Бұл төртеуі Серке болмады» дегені, қалай болса солай айтылған жеңіл сөз емес еді. Мал шаруасына ысылған, жүйрік шочанның сөзі еді. Мына төрт серкені Қазыхан енді бір көрсе, айқаның келді дер еді. Ол көрмей жүр ме. Күнде көреді. Бұл төрт серкенің откен қыстағы көсемдігін ол түгіл бүкіл аудан біледі. Бірақ, мен оған әмі күнге сонау өзі көретін төрт лақ осы төрт серке екенін айтып көргенім жок, деп Сәрсебай откен қыстағы сұрапыл боранды есіне алды.

Откен қыста «Тельман» колхозының малы Шұбарат күмына барды. Ойдым-ойдым қыяқты өзектер бүркіраған корықты болғанымен, бұл құм бүйраты аз жалтаң болатын. Соны шөбіне бора келгенмен, акпан түсісімен-ақ боран көбейе берді. Іле қайта көшуге кейінгі қоныстарды, басқа колхоздың малы алып қалған. Осы күмға келуді бастаған Бейсебай ақсақалға қойшылар аздал ренжісіп те алды. Бірақ соны корыққа жайылған мал боранды аса елей қойған жок.

Сәрсебай малын оргізерде күн бүркеуленіп аздал жел лебі шығып тұрды. Күн райы тәуір емес, ешкінді алысқа үзатпа, — деп Сәрсебайға Мұстима ой салды. Бірсынырадан бері қоныстарғи мал ауда машини чындар-

лан тастаған, өріске нығысымен-ақ сүсбідан, соңда тартты. Өрісінің еңкілерінің бетін кайырмай, шүйгін жайып үйренген Сәрсебай, ауылдан уланықыраң 6-шы еңкісі токтаған жерге атынан тұсті. Таңтереңнен түнерін тұрган күн сабалактай жауып, оның үстіне жел котे-ріліп, қарды айдай бастады. Қалың бүшпақ түбітті, қалың жүнді үлкей ешкілер жазыла жайылғанмен, лакты ешкілер бүрсендеп үйіріліп, бірін-бірі ықтайды топталада берді. Серкелерді, ірі еңкілерді желге беттете, тоңталған үсак ешкілерді соларға қосып Сәрсебай малын ауылға караң бейімдеді.

Жел барған сайын күшейіп жауа борап, ешкілердің алды үйлығын, ығуға айналды. Боранмен алданып Сәрсебай күннің еңкейіп қалғанын да абайламапты. Қашаша жылдан бері күмға мал бағып жүріп бұл сыйқты боранға да кездесіп көрген жоқ-ты. Ол мына боранин қауітненейін деді.

«Ертедегі ел үгымында, майы тоңазыса лезде үшін кететін ешкі сұыққа сонша осал мал. Жоқ жерде боранға ықтырып, апатка үшыратсам не болғаным. Аз жылдың інінде айлаңған аброй төгілгені ме? Асыл тұқымды ақ ешкін апат ала ма? Әткен жылы ант еткендей адамның арды айтып уәде бердім. Колхоз жұртшылығына гана емес, бүкіл совет жұртшылығына масқара болам ба, деген ой Сәрсебайдың басын әңкі-тәңкі етті.

«Мүндайда ой жолдас емес, қарсы тұрған қайрат жолдас» деп ол жан дәрмен малын ауылғына беттетті. Боранға қарсы қасқара беттеген торт серкені алдынан сан, үлкен ешкілерді тоңтап, солардың ығымен үсагын айдаи, жан аямай қыймылладады.

Ауылға қарай бетін түзеген соң үйренген көңге торт серке ешкіні бастады. Ешкілер үйлигын ығыстаңа, тортегі үй маңырап жағе қасқарды. Сәрсебайдың дыбысы пыкса-ақ малды бастап жүріп отырады. Күн-райин көріп, Мұслима да малды іздеп шықты. Жобамен жүріп отырып,

о да малдың алдынан кездесті. Мүйіздерін шайқап тастағы, ешкінің алдынан желге қарсы аянаған төрт серке ешкілерге алтынан үстеген ықтырмадақ кем болған жок. Бірінен бірі қалмай ешкілер шұбырып қораса келіп ілінде. Малды ықтырмай көңіне әкеліп орнықтырып, аман алыш қалды. Серқелдердің сол күнгі көсемдігін Сәрсебай есінен екі елі шығармайтын. Сан рет суға айдалап та сынап көрген. Сәрсебай көзінің алдынан осы бір көрініс тегіс шұбырып өтті.

Тау салаларының ыраң отына шүйгіген ешкілер же ліні сыйздағы қотана маңырап келді. Салкар-салкар ко-сақ болып тізілген ешкілерді Мұслима бастаған әйелдер қатарласа отырып, күрілдетіп саяу бастады. Жана анытылған жас құлындары жарыс салып, жылқы фермасынан қалың жылқысы шықты, өзенде өрледі. Қатарлас қонған койлы ауылдар өлкені күніректе қозыларын жамыратып, өзен бойы кешкі думанға бөленді.

Ешкі мен қойлар қырқылып, жібектей томарылған жа-бағы түбіттер колхоз орталығына жәнелтілді. Колхоздың қалың дәулеті түяғымен де, аузымен де өлке сонысын іле шайып, ауыл айналаларынаи мал алыстан жайыла бастады. Өздерімен қанаттаса көшкен «Қызыл шаруа» «Жаңа түрмис» колхоздарының малдары Сусамыраға өтеді екен, деген хабар да келді.

Бірак, Талас өзенінен қой мен ешкіні көпір салып еткізбесе қазірдің өзінде қауіпті. Жаңбыр қалың, сұзы өте мол. Ал, күн ашылып ысый бастаса Алатайдың мұз бен кары ағыл-тегіл ериді де актарылады. Онда Талас өзінің бірайсыз откел бермейді. Бұл жерде біз отырар қонас жок. Әрі мал жайлудан қалады.

Осы хабарды Қазыханға айтып жібергелі біраз уақыт болып қалды. Пішениге кісі шығару, қызылшаны отау сыйяқты кат-қабат жұмысты іреттей салып Қазыхан жайлудағы малды ауылға келді.

Көнір салын жіберетін бұл өңірде ағаш жок. Аға-  
сонау етектегі ауырған ағаш әкелудің өзі бір коп да  
мыс. Пішін ортам бастаған камытнылық кездे тасып  
тасып, көлік, көнір салар балташы тасып әкелудің есебін  
таппай Қазыхан көп толғанды. Ал, үсақ малды қазір  
өткізіп жібермессе, бұдан кейін Талас өткел бермейді  
Бейсебай, Әбдеш бәрі ақылдастып, есебін калай таба-  
мыз, деп атқа мінді. Өзен бойын өрлеп өткел кара-  
стырды. Талас өзенінің суы құлаланып ариасынан аса  
көтеріліп тасыпты. Мұндай көтерілген кезінде Талас  
суы көпір де тұргызбайды. Үйткені қар жаңа ери бас-  
тады. Ол күн аскан сайын молая береді.

Қазыхан юсыны ойлап үнсіз тұрып қалды. Ешкісін  
кайтарып келе жатқан Сәрсебай Қазыхандарға келіп  
сәтемдесті. Амандақ артынан, Таластан малды өткізу  
жайы сез болып, Сәрсебайға да ақылдаса сөйлесті.

— Талас суы тасып кетпей Сусамырға өтіп алған  
дұрыс-ак. Бұл женинде менің бір айтарым бар. Үнат-  
саңдар аларсыңдар, үнатпасаңдар қала берер. Көпірге  
ағаш тасыймын деп әуре болмай-ак қойды серкемен  
айдал көрсек қалай болар еді. Көпір деген көп жұмыс  
кей, қайша ма жабдық кетеді, бірсыныра адам жұмыс  
істейді, және ол жабдық бұл жерде жоқ, — деп Сәрсебай  
айтуын айтса да, жүрт үнатпас, деп әркімнің бетіне  
жалтақтап қарғының кызырып кетті. Суға мал  
кетіп, ие серкемер суға түспей жүрсө мүлде масқара  
боламын ба, деп жүргегі дүрсілдеп аузына тығылды.  
Бірақ оның бұл сезін іле тұра қалып қафытқан кісі  
болған жоқ. Тұрған жүртінылық сийланып қалғандай  
болды.

— Бұл да дұрыс екен. Тәүсекел өтіп айдал көру ке-  
рек. Қазір мұз ери койған жоқ, су жылы және копір  
салу үшін ең аз болғанда он күн уақыт керек. Сонау  
ойдан ағашпен кісі келгенше қашан. Ал, Талас суы  
кatty тасығанда анау-мынау көпірді де шыдатпайды,

бірден-ақ ағызып әкетеді. Неде болса байқап көру көрек — деп Қазыхан Сәрсебай сезін қостай бастады.

— Ссы күнде қой карелінге тогытылады, серкенің күнгіп жүрген кім бар. Серкеге бастатып, суға қой айдауды бұрын кім білмейді. Сен өзің серкеңе сенімдімісің, жок аты серке деп, корандың қортық серкештерінді көтеріп жүрмісің? Жұмысты тоқтатып, қойды айдан келгендे серкең судан үркіп жүрмесін, — деп Бейсебай сақтандырған пішінмен Сәрсебайды шеней сөйледі. Басында қауіптеніп қалса да, өзінің сезін Қазыхан қостағаннан кейін Сәрсебайдың жүрегі орынып, ерленіп қалған. Сол бойын бекіткен қалпында Бейсебай сезіне саспай салмақпен жауап қайырды.

— Лакпен бастап өткізсем де мен міндетіме алдымғой. Серке ме, серке емес пе, ол Талас сұнының басында байқалады да, — деп Бейсебайға тоқтата тіл қатты.

Басқа елде үн болған жоқ. Ертең ерте қойдың алдын серкемен айдамақ болып, бір қыйын жұмыстың шешуі табылғандай болды.

\* \*

\*

Тұн тыныштығына бөлениген өлкө бойы маужыраган калың үйқыда. Анда-санда қой шетінен білінген дыбысқа маң төбеттер айбарлы үн шығарады. Алдағы атар таң, айтылған сын сағатын сүйреп келе жатқандай, Сәрсебай аунакшып әлі көз ілген жоқ. Әсірсе, сның көзін ілдірмеген Талас сұнының тау жаңғыртқан долы гүрлі. Соңша мазасы кетердей Сәрсебай өзен үнін бүгін ғана естіл отыр ма? Жоқ, бүгін ғана естіл отырған жоқ. Ол сол дыбысты күнде еститін, бірақ елемей, маужырап тәтті үйқыға кетстін. Ал, бүгін өзен үні оның сай-сүйегін сырқыратып мазасын ғалып үйқысын неге қашырды? Оның мазасын алған өзен үні емес,

багана күндіз Бейсекеңшілар үйкіти сөрі. Бейсебай та-  
ыскан ага, калтырып күрдінше өзіне сенімді же-  
әлде сөрсеткі жүргізген. Оғана да, деп сандықта-  
йтты.

Мына судан еркек журмей, не мал жазым болып  
масқара болам ба? — деген ойшар Сәрсебайдың үйкі-  
сын бұзып, шошытып оятағы. Сәрсебайдың осы сырын  
сезген Мұслима, — «Серкелерің аман болса сені үялт-  
пайды, несіне күйнедігін, үйкта». — деп бір-екі рет  
куңкілдеці. Бірақ, Сәрсебай үйктай алған жок. Ол ерте  
түрүп матны өргізді.

Жер бетіне ыстық аптабын лық еткізіп төккендей,  
шілде күні жалындар көтерлі. Тау беллеуінен үйтқып  
түскен өзен суынан салқын лебі, елке бойына бір ко-  
ңыр самал лебін жіберіп, жан-жанварды тынымдатқан-  
дай болады. Бірақ, о да күннің ыстық лебімен жалын-  
ша шарпылып бетке ыстық тиеді. Сәрсебайдың сайдак-  
талған төрт серкесі малиның алдынан оқшау, маңызда-  
на басып, майектене жайылады. Таңертенен бері  
Сәрсебай көзі сол төрт серкеде. Сечлер мен менің сыни-  
ға түсер күнім дегендей, қайта-қайта қастарына келіп,  
тіл қаткысы келгендей солардың маңынап үзамайды.

Бейсебай аулынан шықкан үш-төрт атты тұра Сәрсе-  
байдың өзіне карай жүрді. Таянған сайын Сәрсебай бір-  
бірлеп таныды. Қазыхан, Бейсебай, Мықтыбек жылкышы,  
Әbdеш төртеуі. Бұлар таяна бергенде Сәрсебай ал-  
дарынан қарсы шығып сәлем берді. Амандық артынан  
қаптап жатқан қачын ешкінің ішін аралай жүріп:

— Алдымен суга өз кораңды саласың ба, жок, мы-  
на Бейсекең корасын саламыз ба? Күн түс болып кал-  
ды, енді тездетеңік, — деп Қазыхан өзен бойына мен-  
зеді.

— Алдымен Бейсекең корасының койын өткізелік.  
Серкелердің су сағынан оріп тұрган бетінде қойлар  
өтсін, — деген Сәрсебайдың сөзін ешкім бұзған жок,

— Онда мен койды суга жақындағыраймы, — деди Бейсебай малына қарай бұрылды.

Сәрсебай да ешкісін су бойына қарый еңкейінди. Су бойына дөңгеленіп келген Бейсебай қорасыйың калың қойы, Сәрсебай ешкісімен шеті қосыла топталды. Откел басында тұрған Қазыхандар:

— Кәне, серкені бөліп қойға қосындар. Келген бетінде не де болса айдал салып жіберіңдер, десіп койды топтай, серкені алға қарай айдал тықсыра бастады.

Атынан түсіп, киімін шешіп, Сәрсебай үзын күрықшыны ала серкелерін бойдақтап алға шығарды. Талас өзеніні Қенсаз жайлайуның үлкен көгалын жарып отер жерінде арнасы енді болғанымен, ағыны баюу, асты құмдауыт, бірақ терең болатын. Койды осы жерден әкеліп суга тоидіргенде, серкені Сәрсебай суга айдал кеп жіберді. Осы кезде елдің бәрі қыйқуды салып, койды суга тықсыра бастады. Алдымен суга қарғып түскен екі ак құлақ серке бір маңырап жүзе жөнелгендегі, жәбес құлақ екі ак серкелер де ілссе суга түсті.

Алдарынан түскен төрт серкені ес тұта бір топ койда суга қарғып-қарғып түсе жөнелді. Шыр айнала аққан қарғымалы ағынды су, серкелерді де, койларды да толкынымен қарғып біраз еңкейте ағыза бастады.

Серкелер судың ортасына барған кезде арттарына қарап бұрыла маңырап, тұра калғанда Сәрсебай қобалжып, орнында тұра алмады. Бірақ серкелер кесемдік мінездерін істеп, арттарынан шұбыра түскен қалың койды бастап әрі қарай тағы малтый жөнелді.

Бірінен бірі айрылмай судың ар жағына жүзін шықкан төрт серке, бастарын шайқап, суларын сілкініп біраз тұрды. Арттарына қарап маңырап, өз үйірлерін іздегендей болды. Бергі жакта тұрып Сәрсебай қайтпасын дегендей даусын шығарып шәйттеп айқай салды. Қейін қайтуға кобалжып тұрғаңдай болған төрт серке Сәрсебай үнінен қозғалақтап барып тоқтады. Алды түскен

калыш кой іркүесіз шұбыра түсіп алды аргы қабатта шықты. Бейсебай атпен өтіп, судан шыккан койының алдын беткейге қарай өргізіп жіберді. Сөрсебайға көрініп айтқан сөзінің оғаштау болғанынан үйләндай, Бейсебай су басында тіл қатпады. Тек қат қабатта аржаққа өтіп алды, алыстан көрініс беріп, тілдеспеуге тырысты.

Судан койдың бәрі аман-есен өтіп болған кезде, Казыхан киініп жатқан Сәрсебайға келді. Сәрсебайдың осы сәттегі өңіндес іштен серпіліп шықкан мақтан рені бар еді. Оның қараторы өңі нұрланып, бетіндегі шешек дағы, секпілдері қуаныш нұрына малынғандай, тіпті ажарланып кетіпті.

— Ал, шопан, өз малынды қашан өткізесің? Әлде басқа қоралардың бәрі өтіп болған соң ең артынан өтесің бе? — деді Казыхан, риза болған пішінмен.

— Мен артынан өткенім дұрыс кой. Мына серкелермен басқа коралар алдымен өтіп алсын. Мен сізден де, елден де қатты қысылып едім. Айтарын айтсам да, қатты қауіптеніп едім. Әлі дә тек қырсығынан сақтасын, — деп Сәрсебай сынды сағаттан өттім, дегендей бойын кеңіте сөйлемеді.

— Енді ана серкелерді бері айдалап жібер, — деп Сәрсебай ағасына айқай салды.

Коймен бірге өрмей, артындағы өз үйіріне қара тартып тұрган төрт серке Бейсебай келіп суға айдағанда іркілмей-ақ қайтадан суға түсіп бері қарай жузе жөнелді.

— Жануарлар судан іркілер емес қой. Жарайсың Сәрсебай, былтыр етке сал дегенде көнбей жүргенің осы скен ғой. Төрт ешкі төрт лақ табар. Бірақ мына серкелер сенің сүбегінді бүгін-ак актады. Колхоз шаруасына орасан пайды келтірді. Қанша жабдық, қанша ма адамның қолын босатты. Әркім өз орнында, өз ісінің тілін білсе, қол жетпейтін табыс жок. Міне, табыстың үлкені. Шаруа тілі деген осы — деп Казыхан аса риза болған бейілмен алғыс айтты.

— Сіз бұл серкелерді білесіз. Мен ешкіні асыл түкым  
зеке жіберіп болек багып лактатқан жылы көктемде  
біздің ешкіні аралағашызы есте бар ма? Соңдағы бір  
ешкіге срген тәрт лақ осы тәрт серке, — деді Сәрсебай.

Сәрсебай осы сөзді айтқанда, Қазыхан саспайтын  
сабырлы бейнесімен Сәрсебайға қадала қарағ.

— Я, я, шын сол тәрт лақ па? Алғашқы өсірген асыл  
төлің, тырнақалды табысың, ел аузына ілінген төл ба-  
сың еді ғой. Ўйтқың екен ғой. «Ешкі түкымы егіз лақ,  
көй анасы қоңыр тоқты» деген қазақ макалы өмір тәж-  
рибесінен шығарып айтылған — ау! — деді Қазыхан.

1947

## „Таңбалы таста“

**Т**аңбалы тас» жайында Сәтжан талай әңгімелер естітін. Бірак, олардың бәрін ойына жыйып елемейтін. Тек өзінің шешесі Зейненің айтқан бір әңгімесін ұмытпауши еді. Жанай екеудің күндегісінше ертемен бұзауын өргізіп «Таңбалы тастың» бір үлкен саласына алдын барды. Сәтжанның қасынан екі елі қалмайтын «Бөрбасары» бұзаулардың алдын шолып сайдың қабағына шықты. Қырда шоқыйып отырып қарауыл қарады.

«Коянкүлақ» бастаған марқа бұзаулар журе жайылып сайдың төріндегі бастауға қарай өрледі. Оку аяқтағанда мұғалімің жазғы дем алыста окуға жазып берген кітаптарынан Сәтжанның қолына түскені «Шығанақ» жайындағы әңгіме. Бұл кітапты ол кешеден бері гана бастап оқыды. Шығанақтың оқымай союша өнерлі болғаны, әсіресе егінің тілін біліп көп өнім алғаны Сәтжанды керемет таңдаңдырыды. Бұзаулардың автін бақатарынан өтіп сайдың басына қарай қаптады. Бұзаудың қыр жақ шетінде жүрген Жанай алдыңғы бұзаулармен бірге ілгері кетті. Сәтжан да кітабын жауып сайдың етегімен жоғары өрледі.

Арқан бойы көтерілген шілденің ыстық күні әлден-

ак қыздыра бастады. Осіп жетілген көк сүйрік шентердің туи самалынаи бойның тартқан салыңын ишірін де бозарын кебірсігендегі торізді. Осы кең саласыңың бас жағындағы кереге жаргастың көлеңкесі де күн көтеріле ақынша бастады. Қою көлеңкеден босап шоктары күн шұғыласына шомылған бұталар еңсесі көтерілгендей, алуан түсті гүлдерін жайнатып түрленді.

Сайдың бас жағындағы қалың бұтаның түбінен шығатын кішкене қайнардың сұзы жылжын ағып ойдалы арнаға жетпей сарқылады. Бұзаулардың алды осы бастауға барғанда Сәтжан да сол жерге жетті. Күн ысығанша сай қабағынаи түспей үнемі шт-күс қарауылдан отырған Бөрбасар да Сәтжаның қасына келді. Алдыңғы бұзауларды қайырмалап өзі көлеңкелеп отырған Жанай Сәтжанды қасына шақырды. Балбырап тұнып тұрған көк өлеңге түскен бірыңғай қасқа бұзаулар танауды пысылдап, өленді үзын тілімен орай жұлып жапырласты.

Кейде тау сүзіп жем іздеген көк қыраны бүркіттер аспан әлеміне қалықташ шығады да, алде қайда самған барып көзден ғайып болады. Сайдың бас жағында сыйға тене біткен зәулім жартас, қыясынан қыран үшырған, тәкаббар өр тұлғасын көкке мензеп көлеңкесін әлі бауырна тартқан жок. Оның құзар қыясынан бір күстүң шарылдаған дауысы естілді, Сәтжан көп тындады. Ол біресе каршиға, біресе қырғый үні деді. Бұл жерге тек ті күс үя сала ма? Құйкентай шығар, деп Жанай әр нәрсеге елеусіз қарайтын әдеттің істеді. Бірақ, Сәтжан Жанаймен бұл жерде сез таластырған жок. Аның атасы Серікбай «Қаршиға таска үя салмайды, каршиға шарылдаш шақырмайды, тек жас ителгі гана шарылдаш шақырады» дейтін. Ал, мына дауыс Жанай айтқан күйкентай дауысы емес. Олай болса бұл тәстағы ителгі үясі болуы керек, деп ойлады.

«Таңбалы тас» саласының бір артықшы хасиеті — күн каша ыстық болса да смыңырга сәйгел тимейді, жыл-

қыға бүгелек жабыснайды. Ал, мынаңай ыстық күнде бұзауларын сәйгел қуса, Сәтжан мен Жанай көп бузу дың біріне не болар ма. Күйрығын шашып, бет-беті мен кетпессе еді.

Ертемен жайылып оты қаңған бұзаулардың алды үйір-үйіріне топталып, бұталарды көлецкелеп жусай бастады. Сәтжан мен Жанайдың құлағына шарылдаған ителгі балапандарының даусы тіпті таяудан естілді.

Тұз қырандарын үстап баулауға Сәтжан аса күмар болатын. Ол Серікбай атасының бүркітін қолына алып жем бергенін, аңға алып кеткенін көргенде, мен де құс салсам, деп аса күмарланатын. Ителгі балапанының даусы шыққан жерін аңдып көп отырды. Жанай көлецкеге жантайып жатып әндептің құстың даусын елең де қылған жок, Сонша болмады, жартастың сайға үйліген қыя бетіне екі ителгі үшып келіп қонды. Біреуі жартастың басында отырып, біреуі қыя бетіндегі бір құышка кіріп, әлден уақытта қайта үшып шықты. Ителгі үясы бар, деген ойын Сәтжан әбден анықтады.

— Ителгіні қара, айтқаным келді ме? — деді Сәтжан Жанайды түртіп, Жанай ителгіні көріп, Сәтжанға сөз кайырған жок. Енді екеуі жартастың жан-жағына тегіс көз жүгіртіп үяға баратын жер іздеді. Оған жартастың сол түстік қыясынан ғана өрмелеп шығуға болатын тәрізді. Қолына бұтадан шыбықша қесіп алып, Сәтжан үяға бармақ болды. Жанай мен де барамын, деп еді;

«Бұзау песіз калады» деген Сәтжанның сөзіне түсініп ол тоқталып қалды.

Сәтжаның қасынан екі елі айырылмайтын Бөрбасар жартасқа өрмелеген Сәтжанға еруге ода орнаны түрді. Қасына ерткісі келмей зекірерде қарайтын сұхб бейнесімен «кет» деп акырды Сәтжан. Мұндай зекуді Бөрбасар Сәтжаннан ете сирек естітін. Естілгенде кетты елең қорқып калатын. Сол әдетімен Сәтжанға ере түсін жеріне шөкесінсі түсіп кала берді.

Сәтжан жартастың басына қарай көтерілгенде, майдайлары жарқырап егектегі көгалда жусап жатқан бұзаулар аса әдемі болып көрінді. Жартастың орта белдеуіне барғанна секірмелі, оңай да еді. Нителгі балапандарының дауысы шыққан үя әлі жоғары. Сәтжан бір де тік жүріп, бірде тасқа жабыса өрмелеп жартастың кеудесіне таман келді. Бірак, үясы бар күйсқа бара алар емес. Қатарынан біткен аспан зәулім екі жартастың орта жерінде сәлғана жарықшак күнс бар. Үя таң сол күиста. Бағанағы екі ителгі де, сол жерден үшты. Үяға жете алмай қыяда дем алып, әрі балапандардың дыбысын аңдып Сәтжан бір-аз отырады. Жем іздел, енерлерін шақырып шарылдаған балапандардың үні тіпті анық естілді.

— Сәтжан-ау неғып отырсың. «Таушыл, сушыл, жүріскор едің ғой» деп Жапай етектен айқай салды.

— Е, оңай, болса келіп шыға ғой, — деп Сәтжан Жапайра жартастың тіп-тік жалтыр текішесін көрсетті.

Сәтжан үя іздеудің қызығына түсіп тіпті жан жатыни да қараған жоқты. Енді ол қыяда отырып жан жақда көз жіберді. Өрістен оралып қайтқан сыйырды сауып жатқан ауыл табан астынан ап-айқын болып көрінді. Екінші бір салада бойдақ сыйыр бағатын Ахметтердің ауылы тұр. Ол сыйырдың көбі былтырғана осы уақытта Сәтжанның өзі бағып жүрген қызыл қасқа бұзаулар.

Мына жатқан бұзаулар да ендігі жылы сол бойдақка қосылады. Мына бұзауларды жаздай аман есен өсіріп, күз Ахмет баққан сыйырға былтырғыдан жыйырма бұзау артық өсіріп берем. Анау бойдақтың ішіндегі күнажындар тегіс қашқан шығар. Оны да біздің ферма бұзаулатады. Сонда арғы жылы бұзаулы сыйырымыз неше есе өседі. Сыйыр бұдан да көбейіп өсе береді. Біз өсіре береміз» деп Сәтжан куанып кетті ішінен. «Осылай өсіргендеге бес жылда біз қанша бұзау өсіреді екеміз, соның бір есептейін» деп ол қалтасындағы кішкене ақ борын

өзі сүйеніп отырган кереге жартастың бетінде жаза та-  
тады.

Ойында басқа ешнорсे жок Сәтжайт інфирларда та-  
бастаганда, оның көзіне тас бетінен айрықша бір бейнел-  
лер көрінді. Ол жазуын қоя тұрып тастың бетіне үңілді.  
Анықтан қарай бастады. Тастың беті алуан сурет. Жыл-  
кы, түйе, сыйыр, қой, ешкі бәрінің де суреті бар. Тастың  
бетінде сау жері жок.

Апасының «Таңбалы тас» жайында айтатын аңызы  
осы жерде Сәтжаның есіне түсті. Әсіресе өзіне бір таяу  
тастың бетіндегі бүркіт ўстаған кісінің суретіне үңіліп  
көп отырды. Сәтжан суреттерді ойып салдымға екен, дег  
қолымен сипап көрді. Ешбір бедер жок. Қызылтым кел-  
ген тес-тегіс тастың бетіне, қара-қоңыр бояумен салған  
сыякты. Апасы айтқанда да солай дейтін.

«Ертеде елді қалмақ шауыпты» деп бастайтын апасы  
әңгімесін. Сонда ел үркіп көшкенде бір бала атынан  
жырылып жүргітта қалып қойынты. Жаудан кашқан ел  
жақын жерге қона ма, бала табалмай көштің сурлеуімен  
мына өзен бойына жетіп, сонан осы «Таңбалы тасқа» ке-  
ліп шыққан екен. Елден үміт үзгей бала бүлдірген, жуа  
теріп жеп, бауырындағы бір бастаудан су ішіп күнелтіп-  
ті. Бала аса бір сыршы ўстаның баласы екен. Әкесінің  
жазғы тұрым неше түрлі шөптің тамырын қазып, сонан  
бояу жасайтынын біледі екен. Сол өзі көрген шөптің  
түбірін жыйинап, бояу жасап; үлкен кереге жартастың  
бетіне сурет салған екен дейтін.

Апасы айтқан «Таңбалы тас» әңгімесінің үстінен түс-  
кениңе Сәтжан аса қуанды. Ол барлық суретті көргісі  
келді. Бірак, жалғыз өзі бара алатын емес. Жанайды  
шақырғанмен де қазір ол жерге бару қыйын. Және бұ-  
зау иесіз қалады. Балапанды алуға, суретті көруге әдей  
бір күні керек-жарақты алып сайланып келу керек, деді  
ішінен.

Сәтжан жартастан түсін көткенде: — «Не таптың, күсіңдің кайда!» деп Жаңай алдынғыныңды. Бұл кезде бұзаулардың нара оре бастап еді. Олардың «Коянқұлақ», «Денес», «Айназарындар» сонындағы шәдетін істеп жотаңы қабақтай қапташып женилді.

Бұзаудың алды қайда беттесе соның алдынғы жағында болып қарауылдан отыратын Бербасар да бұзаулардың алдындағы қабақтай көрініс берді. «Кең қарын» «Үлкен қасқалар» бастаған бұзауларды Сәтжан өзі өргізіп жіберді.

— Сен олай кекеме. Мен саған қазіргі көргенімді айтсам не бересің? — деп Сәтжан Жанаінға қарады. Әлде нeden ойланғандай Жанаі: «Не көрдің, ақсызы-ак айтшы, айтшы» — деп Сәтжанға таяна ынтыға түсті.

Сәтжан көрген суреттерін айтқанда: — «Қәні маған көрсет, әлгінде неге айтпадың?» — деп ренжи бастады. «Саспа досым, әдейі ариап келеміз, өзім көрслем. Бала-панды да аламыз» — деп Сәтжан сеніммен айтатын салмақты мінезімсен Жанаіды жұбатты.

Қыясына қыран үялатқан, қыналы бетіне ертедегі бір қыйын күндердің ізін сактаған зәулім жартас Сәтжанға — терец сыр, үлкен күпиясымен аса ыстық көрінді. Ол жартастан үзаган саймиң қайта-қайта тастың сонау қыясынан көз алмай қарап келеді. Сонау балапанды алып құмары тарқағанша Сәтжан одан қол үзер емес.

Түскі сүт тартылып, майы алынған сүттің салқындаған кезін бұзаулар да жақылар емсе. Бұзаулардың алды сүт күйін астаууларына қарап шұбыра бастады.

Сійыр формасының үлкен қорасы аса әдемі салынған болатын. Оны сійырға бір қора, он бұзау бір үйде асыралип, қашан жайлалаға шыққанша осылай күтіледі. Бұзауларды тұғанишын бастап күтстін Сәтжан өр үйдегі бұзауға ариап ат қойын алады. Оттығып жайлалаға шыққанда бір үйде болған бұзаулар тобын жазбайды. Сүг бергенде болсын, қайырын қамғанда болсын, Сәтжан бұ-

заудар тобын өзі қонған атымен шақырын, өзінен  
беседі. Себен итыққан бұзаулар Сәтжанның дүни  
шығында шоқтамын бөліне де бастайды.

Бұзаулар өрісеген келерде, орга түсіріп салқындағы  
қойған сүтін астауға күйіфызып Зейне қүндегі дайындығын  
істеді. Ауылға алдымен шұбырып тұскен «Қоянқұлақ»  
бастаған жүрдек топты астауға жіберіп тұрган Зейнеге  
Сәтжан қүндегіден де еркелеп куана келді. Жалғыз үлы  
Сәтжанның еркелігін емірене қарсы алған ана, баласы-  
ның бүгінгі қуанышында айрықша сыр барын сезді Ана-  
сының мейрімді ажарына актарыла айттар қуанышын  
Сәтжан ірке алмады.

Жартастан ителгі үясин көргенін, апасының өзі айт-  
тын тастағы суреттерді тапқанын асқан қуанышпен ай-  
та бастады.

— Қуатым, өмірлі бол, тірі болсаң талай тамашаны  
көресін, — деп Зейне баласын баурина қысып бетінен  
сүйді.

— Апа сол балапанды ўядан алып асыраймын, қоян-  
шыл алдырамын. Үрыспайсын ба, — деп Сәтжан шеше-  
сіне еркелей қарады.

Зейне «Ал қарағым. Бірак, әзір қозғама; әлі ерте. Ба-  
лапан осы күнде ақ үрпік, ерте алсаң жатақ болып өліп  
калады. Қарақанат болған кезде атаңды ертіп бар, өзі  
алып береді» деді.

Сәтжан бұған қуанып апасының айтқанын **Жанайға**  
жеткізуге шапқынап жүгіріп кетті.

## Балапан үясында

Апасының айтқан уәдесін күтіп, Сәтжан әлі балапан-  
ды алууды ойлаған жок. Зейне де әзір балапан жайынан  
баласына ешбір сөз айтқан жок. Сәтжан мен **Жанай**  
көбінесе бұзауды сол ўялы жартастың бауриидағы өзек-

жы орындаға. Екслу үңсіл балапанымың үйсіл айтыбада, Олар көбінесе балапан қынаптасып үңсіл кетеді, айтырмының каламыз, дег асырады.

— «Ей, Сәтжан сен екуіміз үстіп жүргендеге балапан үшіп кетеді де — айырылып қаламыз рой. Ол анадағы өзіміз барын шыққан Бұркіттің тасынан қыйын емес. Ешкімге айтпай алыш қояйық». — деді Жанай.

Жанайлдың мына сөзі Сәтжанға ой салып, балапанды тезірек алуды дұрыс көрді. Шынында балапан үйсі Бұркітті тасынан қыйын емес еді. Бірақ, онда бұлар көп бала еді. Экскурсияға апарып мұғалымдары өздері бастап, ақыл айтып отырып еді. Сәтжан осыларды ойласада, албырт бала мінезі бойын билеп асықтырып «Жанашкашан барамыз» — деді.

— Тезірек барғанымыз жақсы, — деді Жанай.

— Онда ешкімге айтпайық, жібермей қояды. Тек көркекті жабдықты әзірлейік, — деп Сәтжан Жанайлдың сөзін қостады.

Өзен бойынан көшердегі кесіп алған үзынтал құрыкшаларын, бір мықты арқан, жіңішке жіп, қайыс, пышақ сияқты жабдықтарды буып түйіп, алдын ала бір өзекке апарып қойды. Ел жатар кезде екеуі бұзауларын қарастырган болып жүрістерін де ақылдасты. Егер білін қойса шешелері жібермейді. Әсіресе Зейне тастан құлап жазым боласындар, деп аяғын бастырмайды. Ал, бұзауда жүріп балапан алам, деп алдану қауыпты. Бұзауларын иесіз тастауға болмайды. Не істеу керек? Неде болса ел түрмай, таң ата кетіп қалып алыш келу керек, көп болса тәңертеңгілікте бұзауды біреуі өргізіп жая түрар, — деп сөзді осыған байлады.

— Үй ыстық, далаға үйыктаймыз, — деп Сәтжан мен Жанай екеуі далаға жатты. Олардың басқа ойы барын елеген енікім болған жок.

Таңертең төсек орынды үйге кіргізіп қой, — деп Зейне Сәтжанға соныға таптачыды.

«іңу согар» түр, таң атын көледі. Ет ойындағы — деген Жанайтың дәбінен көздердің көзінде да да. Бөрбасардан басқа сабір жан естігеп жоқ. Азаттың да да те оянған екі бұзауның таңдағандай, Бөрбасар дәбін, көтеріп барып кайта жатты. Екеудің сыйбырдың шығармай күніп, керек — жарақтарын тығып қойған өзекке қарай жытып кетті. Екеудің аңдығандай арттарынан бұлапсай еркелене басып Бөрбасар да жүгіріп келеді.

Сәтжандар «Таңбалы тасқа» келгенде шығыс жакты алиқызыл нұрына бәлсеп күн де шығуға айналып қалған еді. Барлық нәрселерін арқаларына түйініп алған екі үяны таастардың жігімен үяның жоғарғы жагына қарай өрлеп келді. Бұлардан қалыспай Бөрбасар да із қуып қыядан қыяға секіріп барады, Бұрыннан белгілеп жүрген өздершің орамды деген жерімен тырмысып келіп, екеудің үяның үстіңгі жагына шықты. Бұлар келгенде жартастың қыясынан үшіп шыққан екі ителгі әлде қайда көрінбей кетті. Ол екі ителгінің үшқанын көргенде:

— Апырай, анау қанаттанып үшіп кеткен балапандар емес пе, — деп Жанай безек қақты.

— Жоқты айтады екенсін. Құстың балапаның арқардың ылағы дейсін бе, туда салып аяқтапып енесімен іле-зіп кететін. Әлі үшуға жараған жоқ. Өзіміз-ақ аламыз, деп едің. Қоні қалай аламыз? — деп Сәтжан Жанайға карады.

— Несі бар, ана күрықшаларды біріне бірін жалғап, осы арадан, үяға саламыз. Сүйтеміз де балапанды тұзактан тартып аламыз, — деді Жанай.

— Тұзактап аламыз деймісің, балапаның мойны жүлініп көтпей ме? Және осы жерден күрықина жете ме.

Сен де ойланбай сыйымсыз бір нәрсөні айта саласын-ау — деп Сәтжан Жанайдың ойланбай айтқанын дәлелдеді.

Сәтжан үстіндегі бар киімін шешіп, жалаңаш етіне тонды киді. Арқаның бір үшін үяның дәл үстіңгі жа-

Емндағы жартастың бір мұрыншакталған өркешіне мықтап байлады. Бір үшін өзінің өнен бойына шандып оран:

—Мен мына арқаимен саумалан тусем. Дәл үяның тұсында бір кемерленген бунақ бар, соған ілінсем, калғаны оқай. Ал, сен мына бос арқаның бір үшін үстап отыр. Егер жазым болып тас бойлаған аркан қыйылса, не үзілсе, онда сен үстаган арқанмен өрмелеп көрем. Бірақ, арқанды босатып жіберіп мені құлатып, не өзін тартып тұра алмай үшіп кетіп жүрме, — дег Жанайға өз білген әдісін үйретті.

Әнишейінде жай қыймылдан, сөзді сараң сөйлейтір Сәтжанның мына сыйқты әрі тез, әрі өте тапқыш қыймылына Жанай таңдағандай бетіне қарай берді. Сәтжан өзі дайындаған құрықшаны қолына алып, арқанан үстап жылжып түсе жөнелді. Бағанадан бері жартастың басында шокайып ацырып тұрған Бөрбасар да де неден мазасызданып қызылай бастады.

Үяның тұсындағы мұрыншак таска құрықшасын тіреп, Сәтжан мысықша тырмыскан ептілікпен дік стін түсе койды. Сол жерде тұрып, балапандардың үясына барудың әдісін ойлады. Үяға сол жерден біраз солға қарай жағалап қол созбаса, балапан алынбайды. Ал, жанжағында тыянақ етер бұдыр жок! Өзі тұрған тастың кемері тар. Әсіресе үя жақ шетінің кемері өте жіңішке. Осы жермен үяға бару, балапанды алу қыйынның қыйыны. Мына жерден қол да жетпейді, өрмелеп шығуға тыянантығы жок. Сәтжан азғана ойланып тұрды. Қылыщтың кыры сыйқты кенере, тез ойланып шешірлік қысылдыш жер. Құрықшаның жуантық басына байлан қойған кермек темірдің керек жері енді болды.

«Мұны не қыласын, балапанды осы кармакпен алдыбы?» деген Жанай сұрагына Сәтжан: — «Керегін кейін көресін, әзір айтқаимен үбымсыз» — деген болашын. Рас керек жері жаңа келді.

Сәтжан құрықшаның кармакты басын үяның көз-

ріндегі тастай қапсыра салып тарның көрді. Кейде тартып салмағын салып та байқады. Сенімді торізді. Енді де арқан, колда қармак. Тас үяға талишінгән жаңа көрініс рат қармақтаи тартып, үяға барура бола байлады. Қармактын қапсырта қадаған жерінсі алмай, содан үстап тұрып өрмеледі. Үяның кемеріне қолы ілінді. Тырмысын үяға жетті.

Сәтжанды көргендеге, бүйіркесіп жатқан екі ақ үршік балапан одан шошына қозғалып шырылдай бастады. Тіршілік дәрменімен ауыздарын анып, қаракаттай көздері мөлдірең жан қорғау ылажын істегендеге болады. Беліндегі балапанға алған орауын шешіп, Сәтжан екі балапанды етеп қана алып, мертікпейтін етіп орап мықтап байлады. Беліндегі арқаның осыған арнап тағылған бос үшіна байлақ, Жанайға «тарт» деп дыбыс берді. Бағанағыдай емес, балапанды алғашнан кейін Сәтжаннан корку, сескену каупы қалып, максат орындалғандай тұла бойын құапын биледі. Ол өзінің әлі де қыя жартастын бетіндегі жалғыз арқаның тілінде тұрғанын үмітқандай болды.

Сәтжаның дыбысымен балапанды тартып алған Жанай Сәтжанға қайта дыбыс берді:

— Енді өрлең, тырмыса бер, өзінді де мен тартам, — деген даусы бүкіл зәулім жартасты жаңғырықтырып жіберді. Жанаған екі балапанды аялап тұрған қыя жартастың күйин күйесіндеғы әдемі үя бар асыльнан айрырылып, күлазын қала берді. Арқаннан саумалай тартып Сәтжан жогары өрмелеп кетті.

Балапанды алып Сәжктандар ауылға келгенде күн көтеріліп қалды. Күндеңі уақытта өре қоймаған бұзаулардың дыбысын сезген Зейнө далаға шыққанда, балапан күшактап үйіне келе жатқан Сәтжаның көрді. Баласының күн ишкілай кеттіп алып қайткан өнсер олжасына Зейнө бұл жерде онша түсінбей койған жок. Ол бұзаулардың отындан қалып, өрүінен кепілкөйін көріп баласыңа кетті

ўрыспақ болды. Таң осы сотте обда жоктан жортып көліп қашған Серікбайдың баланан ўстаган Сәтжанды көріп дыбыстаған үні киіп екетті.

— «Қарағым Сәтжан күсың қыран болсын» — деп Серікбайдың дауысы саңқ етс түскенде Зейнә жалт қарады. Зейненің ашуын бұлтты ыдыратқан оң түстікел есекен желдегі Серікбай үні таратып жіберді. Құс құмар Серікбай атынан түсे қалып, Сәтжандардың әкелгеи балапандарын қолына алыш кезек-кезек көріп:

— «Қарағым мұны қайдап таңып алыш жүрсіндер. Мынау бір тәуір ителгінің тұқымы. Ителгінің тұқымы төртке бөлінеді, оның асыл тұқымын «жылаған ата», бұл қаражағал болады, мынау мен тапысам тап соның тұқымы. Түлей келе көрерміз, ак үрпік күнінің өзінде-ак мына түскең қаражағал соның ізі. «Таңбалы тастағы» үя қыйын еді ғой. Оған осал ителгі үя салмайды. Жазын болмай қалай барып алдындар» деп Серікбай тандана сөйлемеді. Ондай ойдан хабарсыз тұрган Зейнеге өзіне сөзілмеген қатердің бейнесі енді елеstedі. Ол құзар қыйын жартастың қыясынан алған баласының табысына енді түсінді. Бала да, алған балапаны да олжа дегендей ішінен ғана ризалық етті.

— «Әкелуін әкелді, баулауы атасының ғой» — деп Зейнә Сәтжаның еркелеп монтышып тұрган бестісен сүйні.

Зейнә тапсыруын тұспалдан үкқандай Серікбай Сәтжанға: — «балапаның астына тобылғы төсеп кой, тұғырга отыруға жарап, оған қонғанша жатақ болып қалмасын» — деп ақыл үйретіп құс күніне баулық бастады.

## Тырнақ алды

Қанат күйрығы жетіліп конектей болып толған кара ителгі тоятты түзден тілейді. Ол ауыл маңына қонып

Таргак, бұлдырық сыйкынға күсіарға караң, ғанаң-наңды, аспанға карап шашырып, аяқ бауын тартып, тұғырдан түсіп далилады, аспан олеміне канат қатуды тіршіл. Касынча көдін көткінә контырын «кіз-на» деп сыйнап жаң берген Сәтжанға дөп-дәңгелек қарақаттай көзін қалады, жүнін жығып, кейде айналға карап, үшіксыы келеді. Құсебегі атасының қыранын қолына алғаңдағы әдёттерін істеп Сәтжан да «кой, па-па, кой!» деп ителгісін сылап-сыйнап сергітеді. Құсын қолына алғанда, Сәтжан алуан хиялмен шалқыш, алдырмайтын аны аз болады. «Әттең, бұл жақта қара құйрық жок. Әйтпесе, соган салып үйретсем, мұнау деген киік алатын көнек қараның өзі» дес атасының айтқанын есінен шығармайды. Ішінен ителгісін ең қыраң деп сенеді.

Сыйыр фермасы күзге қарай Байқошқар бойына көшіп қонды. Бұзаулары марқайып сүт ішуді қойып, ірі малдың қатарына косылуға айналды. Жаңа конған соны өзеннің бойы мол су, кесі өрісімен сыйыр малға өленді жұмсақ шебі өте жұқты. Сәтжаның бұзаулары да торпақ деген есейген атқа не болып, мүйіздерінің түкшли көрініп, күн санап үлкейіп ессе берді.

Баққан бұзауы торпақ атына не болған кез Сәтжаның бір белеске шыққан кезі болады. Ол бұзауына торпақ аты берілісімен-ақ, кешікпей қыста бөлек бағылатып бойдақ сыйыр тобына өткізеді. Қоктемде туған жас бұзауды торпақ атын алғанша аман бағып, бойдаққа косу, оның жылдық еңбегінің есепті қортындысы. Ол осы кезді тіпті асығып күтіп жур.

Жана жүртта Сәтжан бірнеше елеулі табыстарға не болмак. Оның бірі бұзауларына торпақ деген атты беріп, асыл түкымды қасқа сыйырдың жаңа төлдерін қатарға косады. Сол бұзауында жайлай жартасынан алған ақ урпік балапаны жетілген көнектей ителгі болып тұғыр басты. Оны осы өзен бойында аяқтандырып күс алдырады, кояниға баулыйды. Жаздай бірі егісте, бірі

шөпте, бірі малда болған күрбыларымен бас қосып, жазғы көрген жағалықтарды айтысады. Енді аз күнде мектептерінде оку басталады, жаңа кітаптар, тың пәндер оқыйды, білім алады. Осы ойлар бірінен бірі қызықты болып алма-кезек көз алдына елестеген Сәтжан, торпактарын тұскі жусауына әкеліп, ауылға нірді.

— Сәтжан, сен итёлгіне кешеден бері жем бердің бе? Кәне, бері әкелші көрейін. Бұл антұрғанның тұқымы семіріп кетсе, күс қайтқан кездे қашқыш болады. Сен енді жемді бұған сиертіп бер. Бүгін бір шырга тартып қызылға шақырып байқаңык, — деп Серікбай Сәтжанның ителгісін қолынан алды. Атасының осы сөзін жаңа жүртка конғалы күтіп жүрген Сәтжан куанып кетті. Ол ителгісіне екі күннен бері жем берген жокты. Тоят тілеп шарылдаپ отырған балапан Серікбай қолына алғанда, қомағайлана жем дәметті. Ол қылқындаپ Серікбайдың қондырған қолының айналасынан жем іздең жымырылды.

— Е. өзі әбден ашыққан екен. Бұл иттің тұқымы қандай қомағай, қазір қызылды қасқырдың жонынан тартқызысаң да мынау таймайды. Ал мынаны мен ўстап отырайын, ана жемді біздің үйдегі қоянның терісіне бір шетін қызартып шығар да, өзін жілке тағып, ана қырқадан сүйретіп алыш қаш, — деді Серікбай.

Атасының айтканың бұлжытпастан орындаپ, Сәтжан жемді тыққан қоян терісін қолына алыш, ителгісін Серікбай нұсқаған қырқадан барып шақырды. Ашығып отырған қомағай қыран қызылды көріп етпетінен түсті. Ителгі сабалап ўшып жемге бет алғанда, Сәтжан арқаның ўшынан ўстап қоянның терісіне байланған қызылды сүйрете қашты. Түздегі ителгінің түйіп түсетін әдетін айнайтпай істеп жемнің үстіне келіп жеткенде, ителгі қайқан етіп аспанаға көтеріліп, жарық етіп келіп қоянның терісіне калишыллаған қыран мінезбен шүйліп келіп түсті. Ителгінің мына түсісіне аса разы болған Серікбай ситетідей бағып о да келді. Жемнен бір-екі тартқызының, көп

бермей сол жерге қондриан тастаң, еңі Сәтжан да — олардың  
үй жакка қайтты.

Жем басқан жерінде қойқаңдан біраң отырып шығып, кетеріліп үшін аспанға шықты. Серікбай қоғандың жемді қайта көрсетіп, ителгін енді өзіне шакырды. Қолдан жем алыш үйренген әдетті қыранша ителгі акқап берімен келіп, Серікбайдың қолындағы жемге қонды.

— Мұны бүгін аса тойғызыба, ертең бір мына жердегі қара судағы үйрекке салып көрелік. Үйрек үшікыр күс, алыстан көріп мына шабан шіркін жете алмай қалмаса, мынау алады, — деп Серікбай Сәтжанды қуантып қойчы.

Бүгінгі түн Сәтжанга жылдан кем болған жок. Ол ителгісінің шырганы басып жем алғанын, бүркітші атасының мактап үйрек алады дегенін апасына айттып, түн ортасы ауғанша көзін ілмейді. Таңың атып бұзаудың бұзау емес-ау торпактарын өрістегіп қайта ауылға әкеліп жеткізу сәтін өте үзак көріп, әрең дегендеге үйшіктады.

Сәтжаниң әрбір талабына тағаты қалмай қызықтап қарайтын Зейн де баласынан аз куанған жок. Ол тек баласын аса әуеілсеніп кетпесін дегендей сыр бермей, салмақты ақыл айттып, шаруа жағына, ойыстырып, ой сала берді. Бірақ та, үй күнік болмай түзшіл болуын, бүйірі болмай өршіл, ізденгіш болуын өте үнатады. Қебінесе баласына ой салып, өнерге талпындыратын да Зейнсің өзі. Ол баласына:

— Атасиан мылтық атуды да үйрен, өзім мылтық алғызып берем. «Кару алсаң — мылтық ал, қарның ашса тамағың, талыққанда таяғың» — деген халық мақалын айттып, өнер таңдағанда үйрен дейтіні осындаї нәрселер.

Сәтжан күндеңі әдеттімен уақытында тұрып, торпактарын өргізіп кетті. Ол атасы айткан қара су бойына қарай өрістегіп, үйрек карады. Салқындаій бастаған солтүстіктің ызырырық желінен жириеніп, жылы жаққа бет алыш, оңтүстікке қарай серпілген үйректер де қара су бойында жыныналып қалған кез болатын. Үйткып үшып,

коныстамай су бетінс иймай салып жүргөн топ-топ шүрегей салмақспен ұшып, қоғалы шөптесін, салынды бар жерді сагалай қонып, бұқпантайлап жүрген қос көкап мойындар да көрінді. Солардың бәрін бүгін ителгісіне қырғызатындағы қызығып, Сәтжан екі көзін үйректорден алмады. Өзім бүгін ителгімді неге ала шықпадым. Мүмкін өз қолымнаң-ақ алдырар едім, деп өкінгендей де болады.

Оты қанған торпактары түскі жусауына бой үрып, ауылға карай шалқыды. Әлденеше топ үйректің қара суга келіп қонғанын белгілеп, екі көзін су бойынан алмай. Сәтжан да ауылға жеткенше асығып келеді. Егер атасы алдынаң ителгіні алып шығып, қазір жүр десе, ол тамақ ішпей-ақ жүріп кетер еді. Бірақ, атасы оны істемеді. Малын жайғастырып, алды-артын тыянақтан барып, алаңсыз кезді ғана тауып, уйретер өнеріне сонда баулыйды.

Сәтжанның асығып келген сырын апасы, айтқызбай-ақ үкты. Атасының уәделі сәті жетіп, бала мақсаты орындалар кез болып қалған тәрізді Осыны түсінген Зейн:

—Атана бар, үйреккө апарам десе, бұзауды мен өзін оралтып қайтам. Құсынды аяқтнадыр, —деді.

—Апа, мына қара суға үйрек сыймайды. Атамды ертіп барам. Атам кеше өзі айтқан, барады,—деп Сәтжан куанып кетті. Сәтжанның қуанышын үғып отырғандай түғырда түрған ителгісі де, қолынан жем жеп үйренген иесін көріп, шарылдан шакырып-шакырып жіберді.

Ителгіні алып Серіkbай мен Сәтжан қара суға қарай жөнелгендегі:

«Кайырып салған көк құсы  
Каз ілгенді жарқылдап»

деген Абайдың өлеңін есіне алып, Зейнे торпактарды өргізіп, көпкө дейіп баласына куана қарап тұрды.

Жасынан күстүң нәштөүрлі салу әдісін жадына жаттаған Серікбай қара суға таянған кездे, ителгіні шақырапай, су жактан көлеңкелен, өзінің ығына ўстап, үйрек терден ителгіні жасыра бастады.

Түйсігі тұз күсына ариалған қолбала ителгі де, осы сырды үққандай, шарылдағанын қойып жымып келеді. Даңғайыр аңшы мен затты қыран күсының ілездे өзгеріп, басқа мінез тапқан құбылыстарына ойланған қара Сәтжан да ата ыңғайымен аңшылық әдіске көшіп, дөмін іштен алып, жан-жағына жымыйып қана қарайды.

Қара судың күнбатыс жағындағы қалың талдың даласына жеткен кезде Серікбай атын ентелете бастырып, қара судың жарлауыттанған қабағына сып етіп жете беріп, ителгіні көтере ўстал, ат үстіне үмтүліп көп қалды. Серікбай келіп тап берген жерде суда отырған бір тоң шүрегей жарық етіп үшіп ойнап аспанға шықты. Зу етіп көтерілген шүрегейдің тобына ителгі араласпады. Атам соған жіберді гой, деп күткен Сәтжан өзінің ителгісін аспаннан көре алмай, атасының қолында далыладап үмтүліп бара жатқанын көрді. Осы шакта оның лепірін келгсін көнілі басылғандай, не болды, деген күдік туып, өне бойы тітіркеніп кетті. Соңша болмады, шүрегей үшқан қара судың бас жағынан пыретін үшқан қос қекалана мойын судан көтерілгеше, атасының қолындағы ителгі де лып етіп үшіп аспанаға шықты.

Шүргейдей зулап үшіп, зырлап ақпай, шабандай үшіп тұзу жөнелген қос қекаланың үстінен ителгі сып етіп жетіп барып, жарық етіп жоғары көтерілді. Күсының осы сәттегі бар қыймылын бағып түрган Сәтжанның көзіне жас толып, бүлдышрап кеткендей болды. Үйректің дәл үстіне жетіп алып, жоғарылап қайта шүйіліп, ителгі үйректің біреуіне түйіліп кеткенде, бір үйрек сылқ етіп күлдышрап жерге акты. Ол үйректің қызығына қара, ителгісінің одан кейінгі не істегенмен Сәтжан көз жазын. Ителгісі үйректің бірін төуіп түсіріп екіншісіне шүйіліп

күшті жөнелді. Соңша болмады, сасқап үйрек бұлғ беріп бір шоқ талға барып жоқ болды. Талға кірген үйректі таба алмай, ағындаған бетімен барып, өзеннің қабағындағы бір жартасқа конып отырып қалды.

Ителгінің теуіп түсірген үйрекін іліп алып, Серіkbай да ителгінің қонған жартасына қарай жүгіртіп келді. Күнанымен шапқылап Сәтжан да жетті. Колындағы қызылды көрсетіп, Серіkbай ителгіні жемге шақырды. Дағдылы қыранша бөгелмestен ителгі Серіkbайдың қолына келіп қонғанда, Сәтжан шектен тыс қуанып кетті. Тұздің құсына дәндесе ителгісі қолға қайтып келмей қояр, деп те қорқатын еді. Ителгісі оны істемеді, лып етіп қызылға қайтып келді, Ителгі теуіп түсірген көнектей көкала үйректі Серіkbай бауыздан, Сәтжанның қанжығасына байлан берді.

— Құсың аяқтанды, мынау құсыңың тырнақалдысы — сенің де тырнақалдың. Зейне үлкен той істейгін болды, — деп күліп Серіkbай қоншынан қара шақшасын алып, қағып-қағып, насыбайын ерніне де тастап жіберді.

Атасының Сәтжанға жұмбақ болып түрган әрекетінің бірі ителгіні алғашқы бір топ шүрегей үйрекке жібермей, ўстап қалғаны еді. Ол өз ішінен көп үйрекке жіберсе, көп алар еді, мына жекеленген екі ғана үйрекке жіберіп, біреуін ғана алып қалдық, деп азырқанып та қойды. Сүйтті де осы сырды атасына сұрағысы келіп оқтанды. Бірақ батылы бармады. Сәтжанның осы сырын қабағынан ўққандай, атасы ауылға бет алғанда, әңгіме етіп ўшқыр шүрегейдің ителгіге жеткізбейтін, салған құсына жете алмаса, ителгі бетталды ўшып ўзан кететін ўғындырыды.

Тырнақалды үйрегін алып ауылға келгенде, Сәтжанды шашу шашып қарсы алған Зейне, төбесі кокке жеткендей қуанып, бар тілегін осы сәтте баласына арнан шүкірана ойын айтып жатты.

## Құс қуған бала

Сәтжанның ителгісі үйрек алғанин бері, озіне де бұрынғысынан өзгеше төрізді. Ерекше тұлғалы қыран сейнесінде үкесағандай. Тұғырға отырсы, күм қайрак қызының көзі жалын шашып, қызықты болып кетті. Апасы да «Сәтжан құсың әйтпесін бүйтпесін» деген секілді ой бәліп елеген мінез білдіреді. Аңшы атасы, күніне бір рет колына қондырып сылап-сыйнап, Сәтжанның берген жемін өз көзімен көріп, ол да қадағалап жүр. Үй ішінде де, ауыл арасында да Сәтжанның ителгісінде үйректі теуіп түсірген әжептәуір сөз болды. Осының барлығы Сәтжанның күс күмарлығын бұрынғыдан да өсіре тусти.

— Ертең торпақтарыңды бойдаққа откіз. Боріміз көріп аламыз, — деген колхоз бастырының сезін есіткендегі Сәтжан аса қуанды. Соны жерге қонғанин бері жетіле ержете түскен торпақтары, әсіресе, «Майғарын», «Коянқұлақ», «Сыйда қасқалар» іребдел көрініп тіпті қызықты еді. Сол қызықты малын өсіріп, өріс танытып колхоз дәүлетіне қосатын күн жетті,

Торпақтарды бойдаққа откізіп алған Ахмет:

— Бұзаулардың быйылғы күтімі ерекше болған тәрізді. Торпақтар бұрынғы екі жылғыдан анағұрлым ірі. Ерекше етті, — деп Серікбайға қарады.

— Оның рас, Ахмет, — деді, — Серікбай. — Малмен біте қайнаған адамсың ғой, абайлауың дұрыс. Сәтжан быйыл төлді өтс жақсы бақты, Бұзауларын қашан есейгенше күнсітпей, талдан шарбақ тоқып, көлецкеге жатқызды. Онан соң бұзауға беретін сүтті ор қазып, күн ыстықта соған қойып, сұтынып беріп отырды. Бұл бұзаулар ыстық өтпей, күнсіген жылы сут жұтпай, көлецкеде жусап, сүтті бабымен ішіп майекті есті.

— Бәсе, айттым ғой, әйтегір бір айрықша күтім болған. Бұл әдісті кімнен үйрептің, — деп Ахмет Сәтжанға қарады.

— Жанай екеуміз, өзіміз ақылдастың істедік, — дед Сәтжан кең танауын бір тартын Серікбай ақсакалға күрады.

— Бұларға ешкім де үйреткен жоқ. Осы екеуінің өзі өрінбей жалықпай-ақ істеді, — дед Сәрікбай екі бала-ның төл баққыш мінездерін көтермелеп қойды.

Сәтжанның бүгінгі бір асыға істеп отырған жұмысы, ферманың айлық есебі. Ол ай сайын фермадан тапсырылған сүттің, қаймақтың есебін және сауыншылардың еңбек күнінің есебін жазып жіберіп отыратын. Ал, Байғошқарға келгені жыныңқталып жазылған жоқ-ты. Ол таңертеңнен бері соны жазып, есеп дәптеріне қондырып жатыр.

— Сенің есеп қағазың келмегендіктен аудаңға беретін мәлімет бөгеліп қалды және май мен сүттің жоспарын орындағаны туралы жазылатын қабарлауда сенің есебіңе байланысты, — деп жазған колхоз есепшісінің қағазы, бар кінәны Сәтжанға аударып мойындалып койғандай болды. Осы есепті алғып баруға Жанай белгіленісімен-ақ Сәтжанды «бол-болдың» астына алғып, ол да асықтырып отыр.

Тез бітіруге Сәтжанның өзі де соңашылған асық. Кешкө кешкө Қанай сыйыршы аңызда көп қаздың жургенін айттып, Сәтжанды мүлде қызықтырып қойды. Кешкі шабытта ителгіні қазға бір жіберіп байқасам, деп іштеп соны ойланып, асығып та отыр,

Жанайға беретін қағазын бітіріп, Сәтжан далаға шыққанда, ауыл үстінен шулап үшқан бір топ қаз тұра егіндіктің орына тартты. Қаз дыбысынан елең алғандай ителгісі талпынып, тұғырынан жерге қонып, аяқ бауын тартқылады. Далада отта тұрган кер құнанын Сәтжан алғып келгенше, су бойынан кешкі жайылымға егіндік орына қарай қаздардың тағы бірнешеуі үшіп өтті.

Сәтжанның бір қарайлап тосканы қырман басындағы

ауылға кеткен Серікбай атасы еді. Ол кісі әлі көрінгенді. Баласының құнаның сарттеп қамданғанын көрген Зейне:

— Қарағым, күн кешкіргендеге қанда барасың, өзен бойына барма, — деп баласына әлде неден ой салды.

— Өзен бойына өзімде бармаймын, мына егіндік жак-ка барам. Құсымды қазға саламын, — деп Сәтжан не дер дегендегі шешесінің бетіне қарады. Баласының қанығы құсбегілерше қазға салам, деп шыйрап айтқан сөзінс разы болғандай, Зейне жаулығын қолымен ыйығына қарай бір серпіп:

— Тұғі торғайдай шіркінің қазды қайдан алсын. Ана жылғы бүркітін қасқыраға салып өлтіріп алған аңшы атаң құсап, құсынды қаз өлтіріп кетіп журмесіп, — деді.

— Апам кейде жоқты айтады, ителгінің қаз түгіл киік алатынын есіткен жоқ па едің. Өзің наңбасаң, аңшы атамнан сұрашы, — деп Сәтжан шынымен ренжіп қлады.

Сәтжан күнанына мініп, құсын алып егіндікке жөнелгенде, Шақпақ жақтан соғып тұрған жел екпіндегі түсті. Шабытына түсіп ашыққан ителгі салқын желге шыйрыққандай, алдыңан пыр еткен торғайларға да лап қойғандай, қолға тұрмай, қымындалп келеді. Өзіне ере шыққан Бөрбасарды Сәтжан ауылдан ўзаған соң ғана көрді. «Ерсең ер, серік боларсын» дегендегі Сәтжан оған зекіген жоқ.

Жаздай бўзау бағуға мінілген кер құнан қамшыға еті үйреніп қырсаулау жүретін әдетімен аяғын керенау басады. Егіндік бірсыныра жер, күн де еңкейіп барады. Сәтжан тез жеткісі келіп, кер құнанды тебініп те, қамшылап та қояды. Бірақ жүрісі өнбей, егіндікке әлі жете алмай келеді.

Ойдағы үлкен егіндікке иек артпа жерден бармак болып Сәтжан далда-далдамен жортты. Әлде неден сезік алып, алда тұрған айқасқа әзірленгендей ителгі де жүнін жығып, екі қанатын салбыратып жымып, келеді. Ителгісінің мына мінезіне соншалық разы болған Сәтжан абай-

мамай егіндікке қашаңдау бір белестен шыға келді. Еғін орында топ-тобымен бырдай болып жайылып жатқан қаздар кенеттен шыға келген Сәтжанды көре салып, топ-тобымен қаңқылдан көтеріле бастады. Қаздардың дұылдан үшкап қызырына таңдана қарал, келе жатканда Сәтжан құсының сып етіп қолынаи атып шыбып кеткенин бір-ақ білді.

Ителгі қыйкулап көтерілген бір топ қазға қарай зынтай жөнелді. Бірақ, қаздар жоғары көтеріліп кетті. Ителгіде шошынды ма, жоқ өздерінің үшуы солай ма, қаздар барған сайын аспандап көтеріле берді. Біріне-бірін тіркеген көштің түйсесіндей қаздар тізбектеліп Бақанаас бойын өрлей, оңтүстікке қарай тартты. Қаздардан әлде қайда төменде ителгі де кетіп барады. Барған сайын жел көтерді ме, ителгі қаздарға жақындаған тәрізденді. Бірақ қаз тобына айқасқан белгісі білінбейді. Екі көзі аспанда, ителгісінің қарасынаи көз алмай Сәтжан шауып келеді. Кер құнаны барлығын қалды ма, жоқ өзінің жалқаулығы ма, шабысы бәсендеп, қаздар тобы да, ителгі де үзап кетті.

Сәтжан ителгісін шақырып алатын әдістерінің бәрін істеді. Бірақ ителгісі оған ойысар емес. Барған сайын аспандап қазбен бірге бұлтқа кіріп қарасы әрец-әрец көрініп үзай берді.

Шығыс жақтан түннің қою қоңыр қараңғылығы да көтеріле бастады. Барған сайын айналған елсіз тартып туғыз сүр бұлт қалыңдай түсті, Кер құнаниң аяғы қоюлап, шоқырақтаудан да қалды. Ешиөрсені үқпаса да, Сәтжанның шашқан бетіне қарай даалақтап Бөрбасар бет-алды жүгіріп, о да қызыл танау.

Ителгісін шақыра-шақыра Сәтжанның даусы қарлықты; жел кеулем киімдерінің етегі далайып ашылып, құнаның қамшылаймын, деп қамшысының басы үшш кетті. Қамшы болмаған соң кер құнан мұлде басынып, жортақты да қойып, токтауға таянып келеді. Байғош-

Қардың Бақаңасқа құяр қосынайна таянғандай ымыр жабынып, каздар тобы да, ителгісі де көз үшінан мұлдеғайып болды.

Өзен бойының тал бұталары түн көлецкесін оранин, мұлде түйілген қара көлеңке болып кетті. Әлі де карлықан даусымен ителгісін шақырып Сәтжан ілгері тебінеді. Түн болса мынау, ителгіден көз жазды. Енді неге айқайлайды, неге ілгері қарай тебінеді, оны өзі де білмейді.

Солтүстіктің түсі сұық сұр бұлты қалындаپ, қараңғылық қоюланып кетті. Бір тоғ талдың түсына келгенде кер күнан мұлде аяғын баспай тұрып алды. Сәтжан күнанына түсті. Бірак, әлі де күсынан үміт үзбей аспанға, айналасына қарайды. Күнанына сүйеніп тұрган Сәтжанның аяғына тұмсығын сүйей Бөрбасар да ентігін баса алмай келіп шөкесінен жатты. Қою қара көлеңкеге шомылған шоқ тал әлде нелердің үясынданай оте жат көрінеді. Үзындаған кешкі жел сұылдатып үйірген тал бұталар, құрақ, шалғындар, әлденені күбірлегендей, алуан үн ырғалады. Мына тұнерген дүлей табиғаттың ортасында Сәтжан жалғыз болса қайтер еді, болдыреада кер күнаны, Бөрбасары қадуелгідей тыяңак.

Бағанадан аттың қызыұмен абыламаған Сәтжан енді байқады, оне бойы салқындаپ тоңып барады. Байпағымен сыймаған соң қоңылтайқ кие салған жұка етік және шолақ қамзол сишалықты пана болар емес, кешкі ызғар етін карый бастады. Біраз демігін басқаннан кейін отшаң кер күнан жайылғысы кеп жерге үмтүлді.

Бағанадан бері тек күсының жайын ойлап ешиэрсені елемеген Сәтжан бас қамына енді ойысты. Айнала тастай қараңғы. Ауыл алыста. Қер күнан болса болдырып жүргүре жарамай қалды. Үстінде жөнді кім жоқ. Құдің мынау ўзақ тацында, әсіресе, таңғы боз қырауға қалай шыдайды, өзен бойының елсіз жынысында қандай аңның мекендерін жүргеңін кім біледі?

Сәтжан енді аздаپ сескенейін деді. Оның ойына келген бір мedeу өзен бойы fой. Мұнда шабылған, үйлген шөп болса тауып алып, соны паналасам және құнанымды да сол шөпкес қойып тойдырып алсам, деді ішінен ол отыра қалып Жерді қолымен сыйпалап еді, тұрған жері шабындының орны екен. Сол куанып кетті. Күнаның қоясалып, жан жаққа жүгіріп, үйлген шөп іздеді, дес бергенде өзі тоқтаған шок талдың жоғарғы жағында үйлген шөптің бейнесіндегі бір шоғыр көрінді. Қайтадан құнанына келіп жеткітеп, сол шоғырға қарай журді. Әлденелер үстінен су-су етіп оте шығады. Ондайда Сәтжан шошып та қалады, үміттеніп те қалады. Үйткені кейбір сұыл ителгісінің қолына қонарда сұылдаپ келе жатқан екпіні тәрізденіп кетеді. Шынында ол Сәтжанның ителгісі смес, өзен бойын жобалап үшіп қайтып жатқан үйректер еді.

Сәтжанның келгені сол өзеннің бойынан шауып үйген үлкен мая шөп болды. Ол бұған аулын тапқандай қуанды. Шөптің ық жағына келіп, құнаның ауыздығын алып шопке койды. Өзі шөпті қуыстап жантайды. Сәтжанның аяқ жағына келіп Бөрбасар да бүйірга келіп жатты. Ол кейде әлденелерге құлағын тігіп, дыбыс сезгендей елецдел қояды. «Күзет менікі, қайрат сенікі» дегендегі Сәтжанға да қарап қояды. Сәтжанның ойына бұл түнде үры кездесіп, құнанымды іліп әкетер, деген қауып келген жоқ. Ол тек қасқырдан қауыптенді. Қасқырга Бөрбасар сенімді күзетші. Құнаны шөpte, өзі шөптің жылы ықтасыныда. Алғашқыдай смес, өзен бойының тунерген қараңғылығына бойы да үйрәнді. Біраздан кейін маужырап, үйқысы келіп, Сәтжан қалғын та кетті.

## Жанайдың жаңалықтары

Мезгілсіздеу уақытта күс сала кеткен баласы кешігін келмегенге Зейне түнімен көз ілмеді. Мұндайда жер

жобасын биліп іздерлік Серікбай құсбегі де үндеге жоқ, Қанай сыйырыны қарагеріне мініп біраз жерді қарғы табалмай келді. Зейне түнімен далаға отты жағып, таң атқанша отын сөндірмеді, Бірақ, ол оты Қаранай адырыңың Бақанасқа түскен мұрыншашк бінгінің тасасына ғүсіп кеткен Сәтжанға көрінген жоқ.

Зейне таң ата айналадағы қарауыл төбелерге шығып, жанжакты шолды. Бірақ, баласы бұл маңдан да көрінбеді. Ренжіп отырган Зейненің үйіне Бербасар кіріп келгенде — «Жаңеше, Сәтжаның келе жатыр» — деген Жанайдың шешесінің даусы саңқ ете түсті. Зейне баласының келуіне дәт қылмай алдынаи қарсы жүрді. Қолында күсы жоқ, болдырган кер құнанды тебініп келе жатқан Сәтжан маған үрысқалы келеді, деп аласынан қатты қорықты. Бірақ, апасы таяна бергенде:

—Куатым, Сәтжан-ау, қайда болдың, аман барсын ба? — деп ана лебізімен қарсы алды. Апасының мейір-бап жүргегіне еркелене, өзінің құсынан айрылған арманын шаққандай Сәтжан жуасып төмен қарады. Баласының мұңайып жасыған түрін көргенде Зейненің жаны ашып кеткендей болды.

—Куатым, құсың қайда, қайда болдың? — деген сұрағын Зейне еріксіз тағы да айтты.

—Кұсымды қашырып алдым, — деп Сәтжан ақырын гана үн қатты.

—Қарағым-ай, өзің де балалық істедің. Тап күн батарда құс салған құсбегін есіткен жоқ едім. Жарайды, өзің аман бол, құс табылар, — деп Зейне баласының көзлін аулай жылы сөз айтты.

— Біздің Жанай да әлі қайтқан жоқ. Соны колхоз есепшісі аудан басына жібермесе игі еді, деп отырмын. Элде балалық етіп жолда тайынан айырылып қалды маекен, — деп Жанайдың шешесі сөйлеп кетті.

— Ауданға жіберсе бара келсін, жаңа газеттер экспедіті және мектепке барып оқудың қашан басталатынын біліп қайтады,— деп Сәтжан Жанайдың ауданға бауын қайтуын үннен.

Жанай колхоз басқармасына келгенде, күн енкейіп батуға барып қалған болатын. Есепші қағазды алғын оқып:

— Атың қалай, жарапады ма? — деді Жанайдың басаяғына көз жүгіртіп.

— Өзімнің тайым, — деді Жанай жауапты лып еткізіп тез айтатын әдетімен.

— Тайың болса, атың мыңты екен, мына қағазды ауданға жеткізіп бер, — деп есепші Жанайдың үзілдікесілді бўйыра сөйлемді,

Тайын аяғанмен жұмыстың тығыздығын сезген Жанай «жарайды» деді.

Жанай бірсыныра жердегі ауданға баруға тайын да аяды. Және күн кешкіріп қалды, күн батқанша жете ала ма, жетпей ме. Одан да корқады. Бірақ, тапсырылған жұмыс өте жауапты. Жанайдың осы ойын есепші біле койды да:

— Сен бұл тунде ауданға жете алмайсың. Және барғаныңмен кеңседен ешкімді таптайсың. Бүгін жолдағы қой фермасына барып қон. Таңертең ерте апарып бер. Жаңа газеттер экел, қолыңа берген почтаны қалдырма, — деп есепші журіс жайын үйнедырып берді.

Жанай қой фермасындағы ауылдан шығып өзен бойын өрлей жүріп келеді. Кеше кештен бері түнерген сүр бұлт таң аса серпілді, күннің көзі алыштан жүден жететін әлсіз жылуын жерге сараң ғана жіберіп тұрган тәрізді. Аудан орталығына таянған жердегі өзеннің қалың талдарын жиектей жүретін жолмен келе жатқан Жанай, өзен бойынан көз алмайды. Сәтжанның ителгісі үйрек алғанинан бері Жанай қайда жүрсе де үйрек, казыяқты су күстарын көргісі келіп, оны өзінің құсы ала-

тындаі қыялдан ойлай беретін. Бүгін де оған жол бермек болып келе жатқан сол ой еді. Өзен бойынан ирім қара суларына топ-тобымен тұнеген шүрегей аралас сүксүр үйректер ерсілі-қарсылы ұшып қонып дуылды жүр.

Жанай кейде ән шырқап қояды. Ол ауданга жетуғасық. Үйткені көптен көрмеген Нариманға жолығады. Одан жаңа кітап, журнал алады. Жаздайғы көрген білгеннің айтады. Осы ойлармен келе жатқан Жанай аудан орталығының шет жағындағы Нариман үйінің қасына да келіп қалыпты. Қораның сырғқы жағы өзеннің күргак аринасы. Ариада жайылып жүрген бір топ тауық қырқындағап кораға қарай зытты. Сол кезде аяқ баулы бір кішірек күс Жанайдың алдынан зу ете түсті. Күс тауықтарға түйіліп келсе де Жанайдан қорғанғандай серпіліп барып қораның кемеріне қонды.

Көз алдында ойда жоктан пайда болған, қыран қыймылына Жанай таңырқана қызығып атының басын бұрып тұра үмтүлды, күс ұшып барып басқа бір кораның төбесіне қонды. Жанайдың көзіне құстың аяғында жүрген аяқбауы жылы ұшырады. Ол құсташ онан сайын көз жазғысы келмей, оның барып қорған жеріне таяна жүрді. Күс Жанай таянғанда сескенін тағы ұшып қайтадан Нариман үйінің сыртындағы биік талға барып қонды.

Бүл құстың колға үйренгені аяқбауынан да, айнала ұшуынан да белгілі. Әлде осы арадағы біреудің күсы шығар, деп Жанай бір ойланды да, жоқ, осының аяқбаум таныс тәрізді. Біздің Сәтжанның күсы болмасын, деп атынан түсіп Нариманиң үйіне құсташ тасаланып келді. Сол қораның ығынаң құсты басбағып қарапты. Күс синқайда кетер емес. Ол тайын сол жерге байлап, құсты қолын созып шақырды. Бірак күр көл шақырғанға күс келмеді. Осы кезде үйінен шыға келген Нариман Жанайды көріп қуашып тұра жүгірді.

— Колынды шошайтып бүркіт шақырып жүргің бе? Ол не, — деп әзілқой міnezімен Жанайды келе нығынан тартып ойнай бастады.

— Нариман, кішкене тұра-тұр, мына күсты үсталик. Көрдің бе, аяқбауы бар, — деп Жанай Нариманға күсты көрсетті. Екеуі күсты үстамақ болып шақырды.

— Сіздің үйде кішкене ет бар ма? Көрсетіп шақырасқ үстаймыз, — деп Жанай Нариманға күс тілін біле-тін кісіше сөйлемді.

— Ет табылады, — деп Нариман үйіне жүгіріп кіріп кеттіңде, бір кішкене ет алып шыкты. Екеуі күс конған кораның қасына барып, күсқа қызылды көрсетіп шақырды. Ашыққан ителгі қызыл көрісімен үшып келіп Жанайдың колына қонды. Аяқбауынан мықтап үстап, Жанай күсты айналдыра қарады. Алдымен аяқбауын таныды. Сәтжан осы жаңада ғана құсына аяқбауға Жанайдың, ескі былғары белбеуін сүрап алып таққан, Жанай сол белбеуін анық таныды.

— Сен өзің күсбегі болыпсың гой. Мына күсты таныдың ба. Бұл кімнің құсы? — өзі күйкентай ма, немене, — деп Нариман әзілдей бастады.

— Бұл Сәтжанның құсы. А나у күні үйрек алған. — деді Жанай.

— Оның құсы бұл жерге қайдан келеді? Сен шин танып тұрсың ба, жоқ әншейін беталды күсшылымын тұрсың ба, — деп Нариман Жанайдың өзін келеке ете тусти. Бірақ бұрын күс үстап көрмеген Нариман жем із-деп қылқындаған ителгіден жасқанып қалды. Нариманың онысын сезе қойған Жанай:

— Ал бәлем, сені алады. Сәтжанды жамандағаннан-да біліп тұр, — деп Нариманға өзі бір күс тілін біле-тінсіді.

Нариман қалжақтап айтқанымен, сонау Байғонікар койнауынан Сәтжан құсының келе қоюы көлденең қара-

Ғанда қыйсынсыз еді. Бірак, кеше кешкі Сөтжаниң атының сабакасы. Баканас өзенін өрлей онтустікке тартқан қалың таңдағы соңынан көп үшты. Еті арықтау, кол бала ишкілгі қаздардың сыртына шығып одан жоғары көтеріле алмады. Бірак қаз қыйқуымен аспандап алған ителгі жеммен көтеріліп сырғып үша берді. Әлден уақытта, қаздар карасынан көз жазып төмендеп қалың талға келіп келді. Ол осы талды бірнеше рет айналған үшінен су зіп өзіне жем қарап өтті. Бірак, жем де, жем боларда кіші-гірім күс я басқа қоян сыйқты ан да кездеспелі.

Жер бетін тұншықтыра басқандай өркештенген қара бұлт төмендеп, туи қоюлана берді. Осы туи қарангырында тал бұтасын тұғыр еткен қол бала ителгі де таң атқанша дем алды. Таң лебімен оянған табигат сыйбыры қанат қактыргандай, мойнын ішіне алып бұтакта тұнеген ителгі де дүр-дүр сілкінді. Әлден уақытта үшінші шарыққа шықты, бойын жазып аяқ астынан өзі үйренген ауыл бейнесін көрді. Өзін үстап жем беріп желліндірген жандардың карасы елестеді. Содан айналып шықтай, ашыққан қыран, асыраған колдан қызыл дәметіп, сол айналадан көп үзамады. Осы айналсоқта ол Жанайга кездесті.

Жанай ителгіні Нариманның үйіне байлап қойып почта конторына барды. Қөптен көрмеген құрбысынан калмай Нариман еріп жүрді. Почта беретін жерде Нариманың тәтесі қызмет істейтін, бауырымен бірге келген Жанайды көріп, жылы үшырай амандасты, қолындағы почталарды алып, колхозға жіберілетін қағаздарды берді.

— «Мына қағазды ауылдағы мұғалімге өз колынмен тапсыр. Мұндағы орта мектепте оқыттын балалардың тізімін де тез берсін және өздерін де тез жіберсін» — деп қадағалап тапсырды.

Жанай мен Нариман бір кап хат-хабарлар мен газеттерді алып Наримандікіне келді. Жанай тайланған срібнен

қымын жөндеп, тартпасын қайта байлады. Нариман екеуі қаптағы почтаны тендендердің артына таңды. Содан соң Наримандікінен бір ескі тері қолғап тауыш алып, ителгіні байсалды анышыларша қолына отырғызып байқады. Нариман Жанайды үлкен жолдың бойына дейін шығарып салып, Сәтжанға сәлем айтып үйіне қайтты.

Сәтжан Жанайды асығып күтті. Ол құсымды Жанай үстап әкелер деп тіпті ойлаған да жок. Ол оны жана газет-журнал әкеледі және оқудың жайын біліп келеді деп күтулі. Құсынан айрылған, бұзауын малға өткізген, жолдасы жолаушы жүрген Сәтжанға осы бір күн өте үзак тәрізді болып көрінді.

Жанайды асығып күткен Сәтжан үйге кіргеніне аз-ақ уақыт болған. Әлде неге жүрек дүрсілдегендегі ол үйде де отыра алмай, тағы тысқа шықты. Осы шығуында ол Жанайды көрді. Жанай да ителгіні көтере үстап Сәтжанға қарсы масаттана жортты.

— Менің құсым, менің құсым, — деп Сәтжан тұра жүгірді.

— Я, сенің құсың емес, өзім үстап алдым. Құс өзімдікі, — деп Жанай біле тұрса да Сәтжанға құсты үстапты келмеді.

Ия саған аяқбаулап үстатқан шығар. Онаң да қалаған жүрек жарлының ал. Қәні, ителгімді берші өзіме, — деп Сәтжан Жанайға жабыса түсті.

Қалаған шүйіншінді ал, деп өзіне жалынышты пішінмен сөйлеген Сәтжанның сөзі жүйесін босатып, Жанай кенеттен жайдарыланып кетті.

— Шүйіншімді өзің біліп бер. Мына құсың ауданға менен бұрын барған екен, сол жерде үстадым. Оқу басталғалы жатыр. Екеуімізге де мектепке тез келіндер, деп жатыр — деп барлық жаңа хабарын айттып салды.

## Алғашқы сонарда

Сабак басталғалы біраз уақыт болды. Колхоз фермерлары да жайлай өрістерінен оралып, өз орталықтарына келді. Сәтжандардың аулы да ауданға иек артпа жердегі қысқы кораларына қоңды, жылды үйге кірді. Содан бері Сәтжан құсын қолына алған жок. Бір нәрсесін құнттагзыңда соған біржолата құмартға істейтін әдетімен сабагына алданып, құсына көціл бөлмеді. Оған оның қолы да ти меді. Мектеп ішіндегі пионер үйіміндең жұмысын басқарады. Оқумен қабат үйім жұмысын дұрыстап алғаш-ша тыным таппады.

Ауыл сонау Бақанасқа конғаннан бастап құсының етін қайырып Серікбай құсбегі анға шығуға ерте-ақ дайындалған. Ол алғашқы сонарды асығып күтеді, күн жылуы ерте қайтып үздікесін жауған жаңбыр, кара сұық, құсын ерте арықтатып аңға салар күйіне келгеніне бір-сызыра болды. Бірақ, қабатынан келген шаруа қамыт-шылығы Серікбайдың қарадай аңға шығуға мүршасын да келтірмеді.

Октябрь мерекесі қарсацында бірнеше күнге демалысқа босап Сәтжан да үйіне қайтты.

Сәтжан мен Жанай үйге келгенде шешелері жок еді. Өздері күтетін сауын сыйырлар корасына үйілетін шөлті тасып, кораны жылымалап, сыйыр қыстату қамына ферма әйелдері де тегіс жұмыла кіріскең. Мүндай кезде бег шешшпей, аса зейілденіп Зейне үйде отырмай, үнемі шаруа басында болды. Ол колхоздың шөп тасуға босатып берген көлігін үздікесін жүргізіп, кар жауып қалмай жұмысын бітіріп алу қамында еді. Сәтжан келісімен кағаз, кітаптарын үйге қоя салып, сыйыр қораға барды. Шөп тасуға баратын көліктерді алғып Зейне жүргелі жатыр еді. Шешесіне еркелей касына келіп Сәтжан:

— «Апа, кайда барғалы жатырсын дегі!»

— Шөпке барам, — деп Зейне жүргө камданы.

— Апа шөпке мен барамын, сіз үйдегі шаруаңызды істеңіз.

— Шаршайсың ғой қарағым, өзім-ақ барамын, — дегенше болмай:

— Жас мен шаршаганда, ал, өзіңізше, — деді Сәтжан.

Баласының бұл сөзіне Зейне өткел айтқан жоқ. Жанайды ертіп Сәтжан шөп тартуға кетті. Шаруа қамына күйгелектеңіп жүрген Зейнені Сәтжаның орамдылығы сергітіп жіберді.

Мысық тоғанының ойынан шауып үйілген шөпті тегіс әкеліп үйіп Сәтжан күн бата үйіне келді. Дәл сол күні жылқыдан атын әкеліп Серікбай сонар күтіп отырғанды. Інір арасында Сәтжан Серікбай үйіне барып біраз отырды. Құсының етін көріп:

— Пәлі-ай, ертең бір қан сонар бола қалса, — деп тоқталды Серікбай.

— Сәтжан даалаға шығып келиші, қазір қар жауып түрғой деймін. Онда күн тез ашылады. Сәті болса ертең аңға кетем, сен де жүр, аң қағып үйрен, — деп Серікбай Сәтжанды жұмысады. Сәтжан үйге келіп қардың хабарын айтқанда Серікбай күлімдеп, — Зейнеге айт, атыңды камда — деді.

Сәтжан өз үйіне келгенде куана, шешесінсө еркелей келді.

— Апа, аңны атам ертең сонар болады, түлкіге ертіп шығам, деп отыр. Сіз жіберсеңіз атаммен бірге аңға барам, — деп Сәтжан шешесінсө жауап күтті.

— Қарағым, атаң апарса бар, жолың оңдалсын. Бірак, сабағыңдан кешігіп қалушы болма, — деді.

Осы сәттегі ана мейрімінің аргы өзегін сезгендей Сәтжан жымыйып күлімсіреді. Ол анасының рұхсатын алысымен аниылыш қамын істеп, жүгіріп атасына кетті.

Тұн оргасы ауа күн сұыттын, жапалақтап кар жауын.

ашылды. Серікбай күткендей ақ-қансаңар болып, күр жердің бетіне көпірген ақ көрпес кар төседі. Таң да да сонаршылар атқа мінуге қамдаанды. Ителгісін ала жармек болып Сәтжан оны далаға алып шықты.

— Сәтжан, ителгіні апарып тұғырына қондырып байладап кел. Сәті болса екеумізге мына саршегірдің де қызығы жетеді. Ителгің бүркітке бөгет болады, есінді болсын, ителгіні көрсө бүркіт аңға үшпайды. Бүркіттің бар қорқатын күсы ителгі ғой, — деп Серікбай ақыл айтты.

Атасының айтқанын істеп, ителгіні тұғырына қондырған, Сәтжан да күнанына мінді. Жаңа түскен ақша кардың ызғары шымыратқан таң салқыны өтімді еді. Күйінс іеліп аңсырап отырған қанығы қыран ақша кардың ызғарына шымырап бойын жыйнағандай дүр-дүр сілкінді. Қыранның қанат-күйірғы жел үйірген шоқ күрактай судыр-судыр етті. Аңға шыққанда күсім шакырып дыбыс бермесін, деп үндемей жортатын өдетімен Серікбай Ақшатау биігін бетіне алып жорта жөнелді. Кер күнанын тебініп жіберіп Сәтжан да атасына ілеشتі.

Жауын тынып жалтырап ашылған айлы түн, жаңа түскен ақша кар, ақ торғын жамылған сүлудай алыстан бўрандап ҳөрінген Ақшатау. Қабақ түйген қарашы түн кўшағы смес, жер әлемін нўрга бөлегендей үлпілдеп түскен тўциғыш қарға малынған Ақшатаудың қара жартасты зор қыялары еді. Таң белгісінен сұры кашып өлусірәй бастаган жўлдыздар көк торғын шатырга шашылған бриллианттай алыста жылтылдайды.

«Кара жерге кар жауып,  
Карды көрген бір мұрат,  
Кара жерден кар кетіп  
Жерді көрген бір мұрат»

деген ел ойшылдығын Серікбай есіне алды. Жыл мерзімдерінің кўбыныстарына қўмарлаана сүйсінетін карт күсбет-

Ін түрлін сонарға соңшының тонымсыз комағалықпен көрайды. Ол бала күнінен күмартын құған жап серілігінің серпініндегі қыранын қыйдан үстап, алпыс екі айла-лы түлкіге жібереді. Жан-тәнімен аң күмарлығына беріл-ген көрі аңшы көңіл шөліп қандырады. Ол «Әнер еріне шығу өз мерейін, табысың халқың үшін» деген халық нақылын да есінде үстап келеді. Қыран күсты баптап қыр тағысын қырғызып, еліне асыл аңдан табыс береді. Ол Сталиндік жаңа бесжылдықтың табыс қорына осы қыста қосатын табысын осы бүгінгі сонардан бастайды. Айтылған серт, алынған міндет бар. Соны актаудың алғашкы адымы осы жортуды.

Сүңғыла ішіл күсбегі Ақшатау түлкісінің түнде жортар өрістерін бўрын да сан шарлаған. Қайда жортады. Қай қорымға шығып жатады, ізін қайдағы шыйырға гастандай, оған бәрі тайға таңба басқандай мәлім.

Күн шықпай қыяға шығып үлкен қорымның басынан бўркітті үстаяу керек. Қағушы баланы етекке қалдырып қай жермен барады, қалай қағады, әлде із бар ма, оны қалай қыйып алады, міне соны ўғындыру керек. Ептіліктің де, тапқырлықтың барыниша сынға түсер сағаты келді. Қағушысы болса,—бўрын аң куу әдісіне жаттықлаған жас бала, мылт кету, қалы қалу да ғажап емес. Серікбай соны ойларды қорытып келеді.

Тау алкымына келген жерде бір озектен өте бере Серікбай атының басын тартып тұра қалды. Дыбыс шығармай, ата қыймылын аңдып келе жатқан жас аңшы да құнаның басын іркіп тартып алды. Серікбай аттан түсіп, жердегі бір ізді қарал жіберіп, құсын жерге қоидырып Сэтжанға ым қакты. Құсынан біраз жерге барып, Сэтжанға Ақшатау бнігінің бір терец сайын көрсетті.

—Мына жатқан із осы өлкенің бойына жортып қайтқан түлкінің ізі, қазір ол сонай шатқалдың өріндегі қорымға барып жатқан болар. Ана ағарған таң белгісі. Мен қазір Ақшаның ана бнігінің жолын қыялаң, сонай

қорымның басына шығам. Сол жерден барын құстап  
томағасын тартамын. Мен сол тұрғыға таянғандай күн-  
ның мін. Осы ізбен жүріп отырып анау сайды өрле.  
Қорымға таяна бере дабыл қак. Сол кезде құстап қозін-  
ді алма, мен құсты жіберісімен дабылды қойып, құс қай  
жерге түседі соны аңды. Егер құс етекке келіп тұлкіге  
түссе, мен келгение қасына таянба, — деп Серікбай  
Сәтжанға құсбегі әдісінің осындай бір алуан тосын сы-  
рын үғындырды.

Желе жортып тұрғыға таңна бўрын шығуға жөнел-  
ген Серікбай Сәтжанға бўрынгысынан әлде қайды өзге-  
ріп кеткен сыйкты болып көрінді. «Белім, тізем» деп  
ауыр қозғалып, атқа әрец мінетін атасының жүріс-тұрысы  
жас жігіттей жымырылып көз ілеспейді. Аң қызығы жел  
бергендей кол-аяғы жерге тиер емес.

Сәтжан қозін алмай Серікбайдың қарасын қыядан  
күтеді. Шығыс жақты қылаңдатып таң да көтеріліп  
қалды. Тау қойнына тығылған тұн қараңғылығы да  
біртінде ыдырап, Ақшатау қойнаулары әсем көріністері-  
мен айқындала түсті. Ал атыца мін, мен де тұрғыға  
таяндым дегендей Серікбай бір қыядан көрініс берді.  
Сәтжан да атасы айтқан жобамен ізді қуалай, қорымда  
сайға қарай өрлеп келеді. Біраздан кейін тұлкі ізі бұлта-  
рып басқа бір қолат сайға жалт берді.

Сәтжан ізді қойып қалың қорымның етегіне іліне да-  
был қакты. Үнсіз тұнып тұрған терес шаткал селт ег-  
кендей күціреніп кетті. Сәтжан дабылына үшқандай  
шыңың құзар басынан құйыла саршегір де ойнап ас-  
панға шыға келді. Дабыл қағуын қоя салып, Сәтжан  
құйқылжай үшқан қыранның қанат қағу қыймылын ба-  
бып көзі аспанда.

Қыядан оқтай ойнап үшып шыққан қыран зыптай ақ-  
кан бетімен қалың қорымның дәл үстіне келді. Түнеріп  
тұрған бұталы қойнауына қарай үзіле құйылып келіп,  
жарық етіп қайта аспанға шықты. Құстың түйілген же-

рінен бір сөзік алғандай Сәтжан да көзімен қалың қойнауды тінгті.

Күйышып келген қыраншан қаймықиастаң жалтыр қыяга кере тұра қалған айлашыл ал-қызыл тағы шұбатылып жөнеле берді. Қайта серпіліп аспанға ұшқан қыранға жекпе-жекке келсөң кел дегендей қызыл күрең тағы қөленедеп қыя бетке қараң құлаш үрді. Қеріп жайған ақ жібекке маржан домалатқандай тұлкі сырғын барады. Қорымның қыр жағындағы кер қайқацның будырап түскен көбік қарына ойындағы қөлеңкөлі қорымның күн тигізбей жетілткен асыл мұлкін бұландаатты. Жарқ етіп аспанға шыққан қанды көз қайта түйіліп, қанат күйрығын қомдап алып, тұлкіге шашыла келіп күйышылды. Қашып құтылмасын білген әдіской тұлкі қайқаңда тағы кере тұра қалды.

Күйрығын қоқайтып, ыржалақтаң айбат шегіп керін тұрған тұлкі көзін қан жауып, тоятын көріп түйілген қыранға қаймығып қалар қайрат болып еленген жок. Қалышылдаған қанішер батылдықпен жарқ етіп тащиан бір сыпрыып, қас қаққанша тұлкімен ўмар-жұмар болды да қалды. Атасы айткан ақылдың осы минутте қалай есінен шыққанын кім білсін, Сәтжан алдындағы қыя құзға қарамастан тұра шапты.

«Қар аппак, тұлкі қызыл, бүркіт қара  
Және үқсар қаса сұлу шомылғанға»

деген Абай өлеңі тап осы сөтте Сәтжанның көз алында аққарға, алтын сыймен жазылып, мені оқы, деп тұрғандай еді.

Әрден ылдыйға қараң шапқан Серіkbай күсымен тұлкінің майдандасқан жеріне Сәтжаннан бұрын жетті. Құнанын тастап Сәтжан келгенде — алкүрең тұлкіні сұлатып салып, атасы сол тұлкінің бір санын шығарып алып, қыранына қызыл тартқызып отырды. Бір қаққан қабағы-

Нан барлық атранты сүзіп көріп алғандай саршетір де несле мақтанғандай алыс тәңірекке тәкаббар ерлікен көз салып күйкүлжып қарайды.

## Жорға тауына жорық

Қар бекіп, сұық түскелі, Сәтжандар сан рет шаңғы жорығын жасады. Демалыс сайын жақын жердегі мал фермаларына барып, газет оқып беріп, пошта тасып, малдың жәйі-күйін де біліп отырды.

Сәтжан әлі күсын қоянға салып аяқтандырған жоқ. Серікбай атасы сонау күнгі сонардан бастап: Қаранай, Шақпак, Шұбар айғыр, Жорға, Қауыр тағы тауларына кетіп күсын салып, ауылда болған емес. Ал, жалғыз өзі алып шығуға күсының етіне де жетік емес және күсын тағы да қашырып алам ба, деп қорғанады.

Көптен үйінде болмаған атасы, бір күні атын тынықтырып, өзінің кір-қоңын жудырып бір-екі күн дем алды. Және күзден бері алған жыйырмаға тарта тұлқісін, қақианымен алған бір-екі қасқырын дайындау орнына өткізді. Атасының осы бір көnlді кеші Сәтжанның қысқы демалысымен қатар келді. Ол ителгісін қолына алып атасының үйінде келгенде, күсбегі қарт бүркітінің бөтегесін тазалауға кіріспін жатыр еді. Қесек-кесек екі шақпақ қантты күсына жұтқызып жіберіп, жем бермей, күсын тұғырына қондырып байладап қойды. Күсқа қант берген дегенді Сәтжан көрмек түгілі естіген де емес еді. Бұл Сәтжанға өте бір өзгеше жаңалық болып көрінді.

Атасы Сәтжанның ителгісін қолына алып, етін көріп біраз отырды. Етейіп қалыпты, мынау ертең алып шыққанмен қоянға түсер ме екен?, сүйтсе де байқалық, — деп ителгіге кішірек-кішірек екі бөлек мұз жұтқызды. Енді апарып кілет үйге салқын жерге байладап қой, мынау

етімен сұықты елемейді -- деп Серікбай Сәтжанның ителгінің қолына берді.

Таңертең Серікбай құсебегі Сәтжанның үйіне өзі келіп ителгінің қолына алып етіп көрді. «Байқал көруге болады, сүйтсе де» деги ителгіге тағы бір бөлек мұз жұмызып жіберді. «Түске дейні мына жердең коян көрсетіп кайтайық», дес Серікбай атын ерттеді. Сәтжан қуанын, ителгінің атасының қолына беріп, өзі шаңғысын киіп алды. Сәтжан үйден шыруын андың тұрган Жанай да шаңғысын жылмаң еткізіп сырғытып жетіп келді.

— Балалар көп ўзамалық, мұнау талдың ішінде бірлі-жарым қоян болу керек, сендер сол талға қарай барындар. Мен ана «Борша тастың» мұрыншағына шығып ителгіні үстап отыраймы. Сендер қоянды айдал шығындар, — деді Серікбай. Екеуі мұна сөз құлағына тиісімен айдал жарыса жөнелді. Жортып барып Серікбай да мұрыншақ тасқа шықты. Атын тасаға қоя салып, ителгіні алып тастың басына шыққанда, Сәтжандар да талдың ішінен лақтай бір ақ қоянды үркітпіл айдал шықты.

Қөптен аң көрмеген ўрыншақ ителгі етбетінен түсті. Серікбай да қолын көтере сілтеп, ителгінің карсы алдынан көлденеңдеп өте берген қоянға жаба салды. Ителгі, әдеттегі теуіп түсетіп дағдысын істеп, қоянның дәл үскінен келе беріп жарқ етіп аспанаға көтерілді. Коргалан, тығылар талдың ішінде жаңағы өзін қуған шаңғышылар жур, мұна сырты өзіне құс жіберіп тұрган аңшы, су жүрек, сасқан қоян бой жасыра алмады, ителгінің көктен түйіп түсер темірдей тегеурішіне қара күсын тосқандай артқы екі аяғымен шоқая қалды. Дәл осы сэтте, жоғарыдан шанышла құйылған ителгі көктен түскен жайдай жарқ етіп қоянды жолкеден түйіп отті. Түсे бергенде атып кетіп, ителгіні жер соқтырам, деген әдісінен қоян үлгіре алмады. Етбетінен түскен қоян тыптырлап орнынан тұра алған жок. Тал інінен ағызын Сәтжандар да келіп жетті. Келе қоянды үстап аталарына алып келді.

— Осы ителгі өте бір күйсіз қыран. Мынау етімен айнамай қоянға тұсуі тұсу-ақ, — деп Серікбай тымғынан басынан алғып бір сілкіп киді.

— Бұл қоян Жапайдікі, тағы қағындар, — деп итегінің қызылға шакырып алғып Серікбай қайтадан тастың басынан ишкіты. Талдан әлгіден басқа қоян табылмады. Ырназ әлемнің ар жақ кабағынан бір топ ишіл үшін көзін төбейің күнгей бетіндегі бір кішкене кара сынға қонды.

Шылды көре салып ителгі тағы етбетіне түсті. Серікбайдың колынан шығысымен ителгі ойнап аспанға шығын алғып шылдардың дәл үстінс түйілді. Итегінің көрген соң бірде бір шыл қонған жерден көтеріле алмай, жағындағы жер бауырлап сайдарғы көпсік қарға сүңгіл кеп кетті. Шылдардың қарға кіргенін көріл түрған Сәтжан мен Жанай ағызып келіп, қарға кірген шылдардың бірнешеуін үстап алды.

Қысқы каникулға босар алдында шаңғышылар үйірмесінде Сәтжан шаңғы жорығына шығуды үсынды. «Жорға тауындағы қой фермасына барып қайталық. Малды кореңік, малшыларға газет апаралық» — деді. Оның сөзіне Нариман косылды. Оныншы кластың окушысы Капан: — онда біз Сәтжанның ителгісіне қайракты өзенінің күры мен қоянын алдырамыз. Бұл бір тамаша серуен-дем алыс болады, — деді.

Созді осыған байлап, жүріс әзірлігіне жұмыла қам істеді. Шашғышылардың бұл жүрісін аудандық комсомол үйымы да үннэтты. Комсомол үйымы бұларға ариналы тапсырма берді. Бұлардың бұл жүрісі «Жорға тауына жорық» деп жарияланды.

Шашғышылар алдымен ауданда, Жорға тауы мен Шубар айғыр тауларының картасын жасап алды. Кісі басы бір-бірден құбылаңнама (компас) алды. Бұл жолдағы кездесестің үлкен хауыптың бірі топтанған касқыр. Екіншісі, — түтей соғатын боран. Осылардан сактау

камы ёскеріліп, керекті күралдар да алды, Сәтжан өзінің ішінде атталған шығарып салды. Ителгісіне талдан ніп жіберіп бөлеу ағаш жасады. Дәл жүрерде соған жатқызып орап бөледі де, арқасына іліп алды.

Шаңғышыларды аудан орталығынан аттаңдыраған үйімдастырушылар ең шеткі «Еңбек» колхозына дейін шығарып салды. Сол жерден шаңғышылар таң аға тұнжыраған сырттың тұман басқан бүйраратын бетке алдысызып берді.

Белес-белес бүктестілген Жайлау тауларының сілемдерін көктей өтіп, шаңғышылар ағызып келеді. Тенізге жүзген балықтай, жүйрік шаңғыларымен кар тенізіне жер бауырлаған тұманға сұңғип кетіп әлде қайдан барып ишнегады. Жүрген сайын балының денеслерінен күш қызуы бүркүрып, жастық жалыны аспанға атады. Бірақ тұман жер бауырлап серпілер емес. Қапан тұра қалып сагатына қарады. Біз шыққалы уш сафаттан асып кетті. Бір қыдыру жерге келіп те қалдық. Аз дем алайық, дем шаңғышылар иріле қалды.

Қалталарындағы картаны алып жайып, құбылана-маны қойып, жүріс бағыттарын қарастырды. Әзір бетіміз дұрыс тәрізді, дең аз дем алыштан кейін тағы жүрді. Барған сайын тұман белдеуленіп қоюланғандай. Құн көзінің бедері тұман пердесіне малтығып ешбір сыват бермейді. Жүрістің алдын бастап келе жатқан Қапан:

— Егер бетіміз дұрыс болса, осы алдымызда бір күрғақ арна кездесседі. Сол арнамен құлдыйлап отырып Жауыр тағы саласына барамыз. Егер ол арна кездеспесе, онда біз бір жағына бүйрек шығып кеттік, — деді. Шаңғышылар тағы біраз жүрді. Қапан айтқан арна кездеспеді. Бір калың мыйқы адырдың ішіне түсіп жуырда содан шыға алмады. Осы адырдың бір үлкен сайына келгенде, алдарынаң жаңа ғана жорытқан бір топ қасқырдың ізі кездесті. Шаңғышылар үлкенді-жішілі жеті қасқырдың ізін санап шықты,

— Аңы атамның айтуына қарағанда қасқырдың тоналатын айы бола қойған жок. Бұл бір үялас қасқырдың ізі. Егер үялас тобың болса, олар көзіне көрінген қараға үрынғыш болады деуші еді. Енді бірімізден біріміз аса үзамалық. Және жан-жағымызды байқап отыралық, — деп Сәтжан тұз тағыларының сырынан жолдастарына хабар білдіріп қойды. Біраздан кейін мыңжыл адырдан шығып құлаш үрган жазыққа түсті. Осы жазықта шаңғышылар бойларын жаза шаңғыларын жұлдыздай ағызды. Бірақ слі де мөлшерлі жерден белгі тапқан жок.

Біраздан кейін солтүстіктен жел лебі шығып тұманды сырып көтере бастады. Тым алыс атырап болмаса да біраз жердің бүйрарат шоқылары көрінді. Бұлыққан дала, түншықтырған тұманинан серпілгендей болды.

— Біз жаңылыс жүрмелпіз, мынау Жауыр тағы озениңің Шұбар тау жақ қабағындағы кең жазық. Қазір Жорға, Шұбар айғыр тауларының төбесі де көрінеді. Ал, басындар жолдастар! — деп Қапан бойы жазылғын құлаш үрган жүйріктей оза жонелді.

Алғашқыда сонша құнақы болғанымен Жанайдың балғындаң қатаймаған әлсіз денесі шаршауға айналды. Ол осы сыйдыруда бірсыныра жер кейіндең қалды. Қішкене белестен асқан жолдастары алыстап бара жатқан тәрізді. Қапанмен тізе қағыса сілтеген Сәтжан да қалыспай ағызып берді. Ерегісін жүйріктей екеуі жүріс қызығына түсіп жолдастарынан үзап кетті.

Барған сайын жел көтеріліп, жақында жауған қырық қарды айдалап, жаяу борасын басталды. Екі қара саны сырқырап шаңғыны сілтей сырғытуға келмей, Жанайдың денесі ауыр тартты. Айқайлады жолдастарын шакыруға намыстынып, ол әлі де болса күшіп жыйнап қуып жетпек болды. Әсіресе оның қысыллатыны Нариманның қылжағы. Егер Нариман Жанайдың болдырғанын білсе, өмірі мазактан ишінан түспейді. Барған сайын дене-

сі ауырлап, Жанайдың жүрісі өнбейді. Әлде жолдастарының бәрі күшейіп котеріліп кетті ме, әйтеуір өз жүрісіне көзілі тоймайды.

Сүр қардың үстінде көбіктеніп жатқан көбік карды қақпалап мініп жорғалатқан ерке жел ақ жорға жишу борасынды үдетіп барады. Алыстан андағайлаш Шұбар айғыр тауының наїза шыны көрінді. Шаршап кесе жетқан Жанай қуанып кетті. Ол шаңғысын тұқыра бастап сырғытып зулата жөнелмек болды. Сонша болмады әлде қайда жел лебінде бір жат дыбыс талықсып келіп естілді. Дыбыс әлде ышқынып соққан жел дыбысы, сілде үлыған қасқырдың дыбысы. Осы дыбыс күлағашта шалынғанда Жанайдың шаршаган салмақты деңесі түршігіп әлде неден шошынғандай жесілденіп кетті. Оның кез алдына бағана кездескен көп қасқырдың ізі елестеді. Дауыс барған сайни молайып аныктала түсті.

Ағызып барып-барып арттарына қараған Сәтжан мен Қапан жолдастарынан әлде қайда үзап кетіпті. Жел серпіп, тұман сырылуы, алыстағы таулардың басы көрінуі, бұлардың ойын сергітіп көңілдендіріп жіберді. Бірінің артынан бірі ілесе ағызып Нариман тагы басқа жолдастары көрінді. Бірак, бәрі түгел смес, ім кейіндең қалды, қалай қалды? Олар осыны скыратып алғашнан кейінгі жолдастары келіп қалды. Жанайдан басқасы түгел. Тек арттарында қалған кішкене белең шымылдық болып Жанайды сол жасыргаңдай, бәрі соның жотын көздеді. Жанай тез шыға қоймады. Аз тосты, дыбыс күтті, Жанай жоқ.

— Ол жай бөгелген жоқ, ие жазым болып шаңғысы сынды, ие өзі бір бөгетке үйнірады. Бармаса болмайды, көні менимен кім жүрелді? — деді Сәтжан.

Сотжаниның сезін Қапан қостады. — Ексуміз барабан, жүр, — деп Қапан шаңғысын кейін карай бұрып алды. Бағанағыдан көрі жел көтеріліп, бораи үдсій бастаган. Желге қарсы қасқая сырғытқан екі шаңғышы омырауын

желгे төсөп, түкыра шапқан жүйріктей тізе қарыса күлаш үрді.

Ұлыған дауыс барған сайын молайын, Жанайдың арт жағынан өзіне әлдесілер лап қойғандай оны бойын елес биледі. Оның қорку сезімі билеген денесі ілең шырап, кенеттен дұылдаған бір қайрат қанат қактырғандай шаңғысын зулатып келеді. Дыбыс ошті. Жел екпіншің әлдекімнің шуылдаған серпіні естіледі. Бүктеңіліп күлаштаған жүйріктей Жанай алдына қарай сермелеп келеді. Жанамалап өзіне келіп қалған қокжал қасқырдың арандай ашылған аузы олі көзіне түскен жоқ. Бірақ өзімен жарыса өрекпіген қар құйыны, әлде иені қоршап алып үшқандай, көзі жайнаған сабалак құйрық бір ап-пак денесі алдынан көлденеңдеге берді.

Көзі жайнап, тілі салақтаған тайыншадай қокжал қар топанын үшірғандай алдын орай Жанайға тал бере өңмейдеп таяна түскендей болды. Сол сыйқты бір екпін сол жағынан да зуылдаған келіп қалды. Жүргі аузына тығылған, тек жан үшыра шаңғысын қысыла сырғытты. Арутинан қуалай соққан жел көбік қарды үйріп әкеліп лап еткізіп атын жібергендей бүрк еткізіп лақтырады. Кірпігіне қырау тұрып, жасаураған көзіне жан жағының бөрі қасқыр болып қамап кеткендей болды. Сол сэтте қарсы алдынан ағараңдаған екі тұлға елең етті. Жүргі қысылды, аузына тығылды, ол бірақ іле сергіп есін жыйып алды. Неге сонша корқады? Жолдастары қайда? Қасқырға алғызбайтын қайла жоқ па? Ол осы обайларға келгенде сергіп кетті. Қалтасында жүрген жаңаадаған Нариманин алған «күміс» оттыры бар. Қасқыр отқа жоламайды. Қазір орамалын тұтатып алып, қасқырды шошытады.

Сүйтеді де сырғып кетеді. Мүмкін сол сэтте жолдастарына да жетер.

Бес бөлтірігін ертіп алған, Жанайдың алды-артынан орай қаптаған бір арлан, бір қашық қасқыр, ендіған

бата қыймылдауға бет қойып, жас етке сілекей шұбын  
рып, -ақ еді, бірақ, ол үміттері орындалмады. Емін-еңбек  
енді ортаға ала бергенде Сәтжандар келіп қалды. Жаңай  
тарған қасқырды көре салып Қапан қолындағы оқта  
берденкемен алдынан көлденеңдей басып салды. Ішкі  
қыр қаңқ етті. Сүйтті де жел үйіріп айдаған қар тесін  
нына кіріп жоқ болды. Елсіз жайлалауда азық ізден атты  
ған ашқарақ қанды ауыз қасқырларын Арқаның сұр  
пылы қақпалап шаңғышыларға көрсетпей түтей жөнелді.

Сәтжан жүгіріп келіп Жанайды құшақтай алды. «Да  
зым бола жаздадың ғой, неғып кейінде қалдың»  
Жанайдан жай сұрай бастады. Жанайдың алқын жаңай  
журегі сонда барып орынқты. Қапан үшеуі азғана  
алып алдағы шаңғышылар тобына келіп қосылды.

Шаңғышылар ызытып келеді. Құн сілкейіп қалды.  
Төбесі ашық белдеулене соққан боран, кей жерде түзетін  
болып түк көрсетпей, кей жерде алаң-бұлаң ашынын  
кетеді. Осындай бір алаң-бұлаңда шаңғышылар жағынан  
жобасын анықтаپ бетін түзетіп алды. Жорға тауып  
қой фермасы қыстаған кең саласына көз байланбаған  
ілінді. Бірақ, үлкен аңғардан ағыза соққан боран бұл  
өлкеде ерекше түтеп кетті. Құн бата боран қоюлаған  
жел де сұыта бастады.

Жер жобасын, қой қыстауын бұрын көрген Қалған  
күбыланамасына қарап алып желге қырындаї тарған  
Әлі ауыл белгісі жоқ. Алдан жүріп келе жатқан Қалған  
бір дыбысқа құлағын тосып тұра қалды. Қалған жаңай  
да дыбыс шығармай бүркыраған боран ішінен үн күнін  
Бұлардың күткені ферма қораларынан шығатын дыбыс.  
Бірақ, бұл дыбыс оған ўқсамайды. Қарлыққан, шаңғышылар  
әлсіз дыбыс. Біраз жерге келгенде, үйліға ғана  
келе жатқан қалың қой кездесті. Койды көргенде шаңғышылар  
хауытпеніп те қалды. Қалай несіз, неғын  
тырып алды? Әлдеқандай бір уақытғаға кездесін

белінді ме? Міні, осы сұрактар шаңғышылардың ойында андал тұрғандай болды.

Әлгі естілген дыбыс талу жерден тағы шықты. Шаңғышылар койдың алдын тоқтатып, ықтырмауға кіресті. Койдың алды аздал бергенде тағы бір тоң қой келіп қосылды. Осы тоң койдың ішінде дауысы барлығын, әбден қалжаураған қойны да, көнді. Ойда жоктан қойының алдын тоқтатып езін көрсі алған жастарға қойны қуанып та, таңданып та қарады. Жорға тепсениңдің сұрапылдана сөкқан дүләй боранына қойыны ықтырмаймын, деп күні бойы алысып әбден қалжыраған карт қойшы қайта шығрагандай сергіл кетті.

— Караптарым, жолдарың болсын? Мал да өздеріндікі, шал да өздеріндікі. Ықтырмаймын, деп алыса-алыса әбден қалжырадым. Ауыл мына тұсымында алыс емес. Қырындата-қырындата бетін түзей алмай, жеткен жерім осы еді. Әзір қойым түгел, енді айрылам ғой, деп коркыл ем, — деп қойшы шаңғышыларға барлық салмақты да, сенімді де тастай берді.

— Койға енді біз ие, ал, ата, бетті езің түзе! — деп Қапан жолдастарымен койдың бас-аяғын ықшамдаң менгеріп алды.

— Алда қарақтарым-ай, есімті енді жыйдым. Есіл майдан айрыламын ба, әлде касқыр киіп ксте ме, деп шошып ем. Жолым болды, — деп қуанғанинан көзіне жас алғандай болды. Әрі қойның-қонышың қар кернел, әрі шарашап әлсіреген қойшы тек жобалаң ауыл жөнін ғана айтып нұскап отырды. Шаңғышылар койды топтап бытыратпай, қойшы айтқан жобага беттетіп алыш журді.

Койшы айтқандай ауыл да синша алыс емес еді. Аздан соң барлық койды түгендеп ферманың қорасына снгізді. Шопандар аудан орталығынан өкелгеген жаңалық хабарга қанық болды.

Сөтжандар ферманың си шеткі ауды Қайрактының қыстаған Ниязбай корасына кілді. Жорға саласынан

шығатын Кайракты бұзаты жағынұрым тасын, жаз ортасына жетпей аяқсын тартылып қалады. Сол тасуында жайылған судың орнына тал аралас қалың бұта есепді. Қазір ол түйе корінбейтін тогай болып кеткен. Сол тогайдың іші толған қоян, күр, қыргауыл ишеле түрлі үсак аңдар болады. Ең аларға Ниязбай шопанның қызыл тазысынан басқа сибір жондік аяқ басын көрген емес. Ниязбай қызыл тазыны іттүде болмаса бұл тогайға әкелмейді. Қоғамесе қырдағы тұлкіге қосады. Аны мән құсын тел есірген Кайракты бойын аңқұмар Ниязбай, жас талап Сәтжан бастаған жастардың аңсарын аударды.

Әзілқой Нариман — ал Сәтжан сенің қыраныңын қызырын қашан көреміз, — деді Кайрактыдағы ауылға келгек күні.

— Аңға шығып қыраи сынайтын жерге жаңа келдің. Тәңертең шығамыз, — деп Сәтжан Ниязбай ақсақалға қарады.

— Ондай ойларың болса тінгі жақсы. Өзім алып шығам, — деді ол.

Ниязбай өзінің атына мініп, тазысын ертін шыққанда ылғый жарапу қылацнан мінген жорықтың жігіттеріндей жас шаңғышылар сип етіп олар да шықты. Бөлеуімен алған ителгісін арқасына салып Сәтжан тенты бастап сырғып берді. Құс пен қоянның көп жүрестін жерін сырттан бағатын Ниязбай алдан түсіп жортып отырды. Ниязбай өзеннің өр басына келе бергенде тоқтай тұрып:

— Сәтжан екеуміз ана қабакша тасқа шығамыз. Сендер осы арада қалын, мына тогайдан бізге қарай қози қағып қашырыңдар! Мүмкін, күр да бар шығар, — деді.

Сәтжан мен Ниязбай барып қабакшага шыққан кезде, шаңғышылар түс-түсінан тогайға кірді. Бөлеуінчи шешіп алған ителгісін қолына алып Сәтжан да Ниязбайнен кетарласа отира қалды. Жан-жарынан асыр салып кірген серткөк жүрестен санғандай тогай іші үнкөт

ты. Әлде не бір аңдар орғып ойнап үркө жөнелді. Сәтжан мен Ниязбайдың тап алдынан көлденеңдей жоғарғы қыяға тартқан бір тои тагы ешкі, таңы жарқыллан жөнеліп берді. Бұрын ешкіні көріп ит қосып көрмеген Ниязбай не дерін білмей сасып қалды. Сәтжанның қолынаи лып етіп атып шыққан ителгісі жер бауырлап барын көтеріліп жосыған ешкі тобының үстіне шыкты. Ниязбайдың айтағын күтпей-ақ ешкіге қосыла жөнелген қызыл тазы о да тақымдаپ барады.

Көрмеген аңдары алдынан өрген, күтпеген жерден итін қосып, құсын жіберген екі аңшы не қыларын білмей аңырып қалғандай болды. Ниязбай атына мінгенше шаңғысын сырғыта Сәтжан сыйып берді. Ешкі тобының үстіне шыға көтеріліп алған ителгісі, құйқылжып келіп шашыла бір ешкінің басына түйліп қоюп қалды. Соңша болмады, монки секірген ешкі өзге тобынан болініп айнала орғып бөгеле берді. Ителгі ешкінің басынан айырылмады.

Шаңғысымен сырғытып келе жатқан Сәтжан да осы сәтте ителгі үстаган ешкінің қасына зулатып жетті. Тойғай ішінен көре салып аңыратқан Қапан да бір жағынан келіп қалды. Бұлар келгенде екі көзінен қан ағып сорғалаған тағы теке ешқайда жүре алмай, басына қонған ителгіден босай алмай, айнала орғып журді. Естиярлау Қапан келе тағы ешкінің аяғынан алыш ымқырулы қарымды шапшаңдықпен жығып бас салды. Ешкінің басынан айырылмай далбырлаған ителгісін әрең босатып алыш Сәтжан қолына қондырыды.

Қыяға қарай орғый жөнелген ешкілер тобының артынан қуған Ниязбайдың қызыл тазысы ешкілерге жете алмай үркітіп қайтқандай бір қыядан көрініс беріп шыға келді. Өрге қарсы атын тебініп әрең жеткен Ниязбай: «Балалар майлансын,» --- деп таңданған нішінмен екі көзін ешкіден алмай, атынан домалай түсіп, ешкіні бауыздап тастаган Қапанның қасына келді.

— Көлтөн бері жок болып кеткен жануар еді. Қайдаи келді екен? Анық ақ бекинің өзі. Жер шала келген-ау, сіро. Қырда кар қалың, тоғайдың қары бос, шебі қалың, соған келді ғой. Әйтпесе киік тоғайға кірмсұші еді, — деп Ниязбай ителгі өнерінен көрі киік жайына түсіп кетті.

— Ата, сіз киікті айтасыз, мына Сәтжан балаңыздың құсбегілігіне не айтасыз, — деді Қапаи, жолдасының өнерін мақтаң етіп.

— Қарақтарым, өнер сендерден шығады ғой, соған таласымыз жоқ. Замандарың өнер заманы, орлей беріңдер. Сәтжандікі өнер-ақ. Бірақ бұл ителгіні баулыған, аяктаңырған әллі «Саудайы сары ғой» — деп Серіkbай құрдасын Ниязбай да әзілдей отырып көтермеледі.

Онысы рас. Соңау бір кездे Сәтжанның ителгісіне қоян терісінен шырға тартқызып, үйрек алғызғаның артынан Серіkbай тағы бір саятшылық істеген. Ол егіншілерге азыққа әкелген көк серкенің басына өкпе байлап, ителгіні соған үшірып қызыл таттырған. Бір емес, бірнеше рет жіберіп, ителгіні обден жаттықтырып: «Шіркін-ай, бұл жақта киік жок, егер киік болса, мынау киікті тобымен ііріп тұрып алар еді,» — деп қызыға сөйтіген еді.

## Есөю жолына

Нариман ойнап айтса да Сәтжан саятшылық талабында аз табысқа не болған жоқ. Оның асырап, баулыған ителгісі қыран атағына не болды. Кішкене қырандардың шама шарқынан артықтау есептelerлік асқан қырандықпен киік те алды. Бірақ ескелен өнерге талпынған ершіл жастың талап орсі алысқа қанат қағады. Құс салу, ит жүгірту дегендер, ауыл арасында, кейбіреу серілік үшін, кейбіреу өнер арттыру үшін көп құнтталған,

көнергөн өнер. Сәтжан басында қаша құмарлықтар  
қызықса да, ойлана көле оны қомсына бастады.

Сәтжаның осы талпынуына, совет ғылымының құлаш  
жайған бір шарпуды дәл келді. Сәтжан демалыста үйде  
болып, ертемен оқуыша көле жатты. Мектенке бүрзаш-  
тып жоага жақындағанда, оны бір шатырлар манишы нұ-  
ып жетті. Құйындарын көле жатқан машинниң жүрісін ба-  
латыңқырап, шофері Сәтжанин аудандық атқару  
миттестің үйін сұрады. Сәтжан аудан орталығындағы  
қызыл жалау байлаған үлкен ак үйді нұсқап жөн сілтеді.  
Жүрісін жеделдетіп озып бара жатқан машинаның ішінде  
фотоаппарат, дүрбі асынған бірнеше жолаушы отырганын  
ол кейінгі жағынан байқады. Сілтеген жерге барын ток-  
тағаша Сәтжан машинадан кез айырмады. Машинадан  
түскен адамдар күмдерін қағынып, атқару комитеттің  
үйіне кіре бастады.

Бұл кезде Сәтжан да мектенке кірді. Қүндегі әзілқой  
әдетімен Нариман, оған Жанай қосылып, жарқылдай  
куйін карсы алды.

— Қалай саятшы, ителгінді кешегі демалыста құска  
салдың ба? Өзің немене, мұрның қоңқайын ойлана ка-  
лыпсың гой, — деп әзілдесе бастады.

— Құс салғанин көрі сабак қыйындал кетті. Экза-  
мен басталғалы жатыр. Мұғалімдер мені құс салдың,  
деп арқамнан сипай ма, сабағымды қарадым, — деп  
Сәтжан.

Одан әрі олар сөйлескен жок. Коңырау согылыш борі  
класқа кірді.

Сәтжандар скыйтын класта табиғат тану сабагы  
жүріп жатты. Мұғалім «Таңбалы тастың» җайын баян-  
дауға Сәтжанға сөз берді. Сол кезде біреу есікті анып,  
кіруге рұқсат сұрады. Мұғалім рұқсаг етті. Сабак үстін-  
де класқа кірген орта бойлы, ашаң жұзді, әнтек қой  
көздеу, жақсы нійрген ақсары жігіт, онунныларға да,  
оқытушыға да таныс емес еді. Олар ізетпен сөлемдесіп

жақсы қарсы алды. Келген кісі «Маған алаң болмаңыздар» дегарт жақпаратады бір бос орынға барып отырды.

Сәтикан өзінің «Таңбалы тас» атырашын ақ қағазға қолымен түсіріп алған картасын тақтаға іліп, оның таастарының түсін, сила сессін шоптер, бұталар жайын барышша толық бейнеслей, жайып айтын шықты. Сәтжаниның бұл әңгімесі мұғалімге де, келген кісіге де ете үнады. Жан-жас баланың жаратылған өзгешеліктеріне соңша зэр салып, ғылыми адамша қарастыруы сезімтал сергек ойдаң барлығын, әрнәрсеге ойланған құнттай қарастындық белгісін айқындай тусты.

Сабак аяқталған кезде келген кісі оқытушыга ен жөнін түсіндіріп, Сәтжанмен танысқысы келетініп айтты. Жасөспірім баланың үялшаш, әдепті болатын мінезін жақсы білетін Петр, оны жасқандырмай, алдымен Сәтжаниның Алматыдағы Тау-кен зерттеу институтында жазған қағазын көрсетті. Өзінің жазған қағазын көргелде Сәтжан әлде неден қысылғандай қызыарып кетті. Элде бір нәрсені қателесіп төріс жаздым ба, деп те ойлады. Бірақ, кішіпейіл Петр жылы үшыраған пішімен Сәтжанға:

— Сенің мына жазған қағазыңа, және тастың түріне қарағанда «Таңбалы тас» қарастыруды керек ететін жер тәрізді. Жоңе біздің Қазақ ғылым Академиясының Тау-кен зерттеу жөніндегі институты быйылғы жоспарында осы ауданың кейбір жерлерін алдыңғы қатарда зерттемек болатын. Біріне-бірі дәл келген хабарлау бізді осында тұра бастап әкелді. Мүмкін озің сол «Таңбалы тасқа» бізді бастап баруга қарсы болмассын? — деді.

— Оқудаң қалмасам, — деген Сәтжаниның үнінде көңілі орнығып, жазған қағазының дүрыс болғанына көзі жеткендік бар еді.

— Ол жөнінде оқытушымен сойлесіп келісеміз ғой. Элгі тақтаға жайып көрсеткен картан қайда? Маған берे түр, — дес Петр Сәтжанды мұлде баурай бастады.

Жаңа ғана танысқан жігітінің соншалық икемді мінезине сүйсіне Сәтжан да іркілместен, уқаланып сырты кірмен кіреген карта-қағазды алыш берді.

Бұл карта емес, әншейін жай долбарлау ғой. Мұнда бәрі анық та көрсетілмеген. Өзім барсам тауып беремің, — деді Сәтжан жадыраңы пішінемен.

Аудан орталығынаң шыққан машина зырлан жүріл келеді. Бақанас бойының ғұлдеген талы жеңек жомылған жас сұлудай жел лебінең ақырын ғана ыргалады. Өзен суының күміс сиңғырына жел екпішеп сыйдырлаған ағаш жапырактары үн қосады. Ерсілі-қарсының үшқан үйрек, қаз, өзен бойында өрістеген қора-қора кой, калың жылқы. Өзеннің екі қабагы — желбірең жаңа көктеп келе жатқан жалпақ егіндік. Жасыл дала жайната кергей көк жасыл кілемдей құлпырады.

Осы сұлу өңірдің — түгін тартса майы шыққан балқыған өзен алқабын қак жарып зыраган машинаның екінінде үлкен сыр бар тәрізді. Ол сыр Сталиндік тұнғыш бесжылдықтың түйдей күрдасы Сәтжан жайында. «Байғошқар» колхозы дөл Сәтжан туған жылы үйымдасты. Колхоздың үйымдасына басшылық істеп, алдымен кірген Сәтжаниң экесі еді. Таңдаған жерді алғып, тәртіпте орталық орнатып, мол егіндікке тұқым шашқан жаңа жүртшылық, социалистік келешекке сәт тіледі. Сонаң барып жаңа туған баланың атын Сәтжан қойды. Басында оннан аса ғана үйден құралған колхоз қазір шалқыған бір тайпа ел болды. Мынау шалқып жатқан мал сол колхоздың малы. Егін даласы көк жайқын теніз болып Бақанас алабын алыш ол жатыр. Мініп келе жатқан машинаның өзі де осы колхоздың жаңада гана алған мүлкі.

Екі өзеннің түйіскен жерін қыйып алыш жолаушылар үлкен жолмен сырғытып келеді. Әлдекайдан бұлдыраң «Таңбалы тастың» сораңы көрінді. «Мергениң теке атқан жері өзіне ыстық» дегендей «Таңбалы тас-

тың» төбесі көрінгенде Сәтжан желпініп қуанып кетіп:

— Біздің баратын «Таңбалы тасымыз» анау көрінген сорал. Оған мына жол тұра бармайды. Біраздан соң көш жолға түсіп сонымен барамыз, — деп Сәтжан Петрга «Таңбалы тасты» таныстырды. Зырлаған машина лездс-ақ, бұлдырап көрінген «Таңбалы тас» сораңының денгейіне жетіп келді.

«Таңбалы тастың» етегіне келісімен Сәтжан бастап Петрды тағы басқа жолдастарын тастағы таңба бар жерге қыялады. Таңтың етегін ілінсімен-ақ барлық көрініске, әрбір бояудың өзгешелігіне көз салған Петр Сәтжаннан сәл кейіндеп қалды. Өрге тырысқанда, қыяға журуге жez қармактай оралымды жасөспірім ба-ла жігіт лезде өрлең қыяның сурет бар жеріне алыш келді. Тастағы суреттерге Петрден де көрі қасындағы үзын бойлы инженер күмарлана қарады. Әрбір суреттің көлемін, накысын қарап қағазға түсірді. Анда-саңда: — «Шығыс шеберлігінің жүрнагы, тіпті ерте кездегі» деп қояды. Бұл жігітті Сәтжан кейіннен білді. Бұл археолог Николай еді. Тас бетіндегі салынған шебер суреттердің бәрін көріп таңдана қарап, көп ойланып ойын қорытып аяқтамаған Петрга:

— Менің балапан алған үям анау жерде, оған арқамен тәбесінен түспесе болмайды, — деп Сәтжан Петрга өзінің күсбегі өнерінен де хабар берді.

— Ол неғылған балапан? Оны алғанда не істедің? Бектергінің балапаны ма, оны қайтесін? — деген Петргаң құс жайына түсінбейтін сұрағы. Сәтжанды таңдандырыды. Үп-улкен оқымысты кісі осы күнге дейін ителгі сыйқты қыраң құстың жайып білмеуі қызық екен дегендей, ақырын ғана жымыйды. Бірақ, ол Петргаң сұрағына асықпай жайлап қана жауап берді.

«Таңбалы тас» сораңының айналасын тегіс аралап Петрлар оның алуан өсімдіктерінен де, көптеген тастарынан да белгі алды. Элденеше жерден топырак та ал-

ды. «Таңбалы тастың» білгіне дүрбімен қаралған оған атырапты көріп көн отырды.

Сәтжан кітаптан оқығаны болмаса, дүрбіні өзі үстеп көрген жоқты. Дүрбіні алып оның да жан-жақтың даражысы келді. Бірақ сұрауға өзеп етіп, аз отырды. Эді жан-жақты қарап болды да Петр:

— Сәтжан, мына дүрбіні көріп пе си, корғің келе? — дей қолына берді.

Сәтжаның жанары өткір жас көзінің мөлшеріне келтіріп бұрап қолына үстактанды, дүрбі бүкіл атырапты Сәтжаның көз алдына тартып алғандай жап-жақтың көрсетті. Осы арада отырып ол көз үшінде бұлдыран мұнартқан «Ақшатау» білгіне де кез жіберді. Қатбар жартасты зор қызығарымен көк меңзеген асқар бік қақ қасына келіп қалғандай омырауын ашып түрді. Сәтжан «Ақшатау» қойнауларынан өзінің қыскы тұлқі алған жерін қарады. О да бір Сәтжан есіндө сақталатын әдемі көрініс еді. Бірақ қары кетіп, баурайы көкжасыл бұлдармен бесенген тау алабы қыстың ізі түгіл, өзі келсе де гүліне орап жасырып әкететіндей жетіліп, нуланып кеткен екен.

Жолаушылар ауылға қарай қайта жүргендеге Петр құлімсіреп:

— Қалай, Сәтжан, сен қандай оқуды сүйесің? Мұнау жатқан бай даланың «Таңбалы тастаң» да талдауы үлкен талай сыры бар-ау. Оны білгің келе мे? — дей көп ойра кетіп келешекті шарлаған жүйрік қыялының үшін әкеліп жас талап Сәтжанға үстітты. Алғашқыдай емес, бойы үйрекіл, өзімсініп Петрды жылы көретін Сәтжан қорғаңbastan:

— Мәйін ғылымның бәріне де құмармын, жер мен көктегі жаратылыс тілінің бәрін білгім келеді. Әсіресе жаратылыс ғылымын сүйемін. Әрбір тастың, әрбір шоштің сырын білім келеді, деді.

— Сенің мына сыйкты көнс таңбаға көзіл бәліп,

оның топырағын, тасын алыш қараптыруың жақсы талан. Бұл ойлану, іздену жолының бет ашарың тәрізді. Сен біз-дің мекемені қайдан білдің? Өзің жаздың ба? — деген Петрдың сұрағы Сәтжанның айта алмай жүрген бір сырын қозғап кетті.

— Қағазды мен өз қолыммен жаздым, бірақ маған айтып жаздырган бізге жаратылыс ғылымынан сабак беретін оқытушымыз. Тіпті менің осы «Таңбалы тас» жөніндегі өзгешелікті абаілап есіме алуыма себеп болған да сол кісі. Біздің оқытушымыз өзі жер кеңін зерттеп жүрген инженер болмағанымен, өте ізденгіш адам — деп Сәтжан өзіне ой салған үстазын ерекше қадыр тұта Петрге таныстырып қойды.

«Таңбалы тас» айналасында көп жерлер ертеде қазылып орланғаң сияқты жыра, шұңқырлар болатын. Бірақ шөп шығып, аса бір зерттей қараған кісі болмаса, байқалмастай тегістеліп, теңеліп те кеткенді. Петр да осы жағына ерекше көңіл бөліп, картаға түсіріп алды. Тастанарының, топырағының кейбір өзгеше белгілеріне және жерінің қазылып, тастанарына айрықша белгілер жазылуына қарағанда бұл жerde бір сыр бар екениң, күманданған жоқ. Оның Сәтжанға оқу жайында, ой салғын сұрастырып келе жатқаны да, осы ойдың өрісінен шығып еді. Петрды қызықтырып келе жатқан Сәтжанның әр нәрсеге өте ойшылдықпен сергек қарауы. Өзі айтқандай жаратылыстың тілін білуге аса ынтықтығы еді.

Ел орынға отыра Петр бастаған қонақтарын алыш Сәтжан үйіне келді. Зейне де қонақтарды тосып отырғандай әзірлікпен қарсы алды. Құн жылынысымен көгалға шығарып тігіп алған кигіз үйіне кіргізіп, көрпесін жайды. Бір бұл емес, қазақ ауылдарында сан рет болып қазақ әдетіне әбден түсінген Петр өз үйіндей жайлана отырып, жайдары мінезімен әңгімеге кірісті.

Қонақтардың іздең жерден тауып қайтқан жаңалы-

ғын білуге Серікбай, колхоз бастығы бар біраз күндерде келді. Өзіңің бала күнінен бауырына басқандай бір жасасқап тамаша сырлы «Таңбалы тасынан», туып-өсken жеріне өзгеше асыл кен шыға қалса қандай ғажап болар еді. Мүмкін көп кен шыға қалса мынау өлкеге қала салынып, шоғыны жол да түсер еді. Онда мынау өзінен мулде шаһар болып, шар тараңқа аты кетеді. Серік бай кейінгі кездерде осы ойларды ойлап сол кенді өзі егіп өсіргендегі болатын. Әсіресе Алматыдан кісі келіп, «Таңбалы тастаң» кен қарайды екен, деген сөз шыққаннан бері-ақ ол өзі туып-өсken жеріне ерекше дәмелі көзбен қарайтын. Бұл кіслер Сәтжанның жазғаш қағазымен келіпті дегенде: «Біздің Сәтжан бұл жерде бір нәрсенің барын окумен біліп жүр-ау» деп ойлады.

Ол осы асығып ойланған жорамалдарын білгісі келіп отырысымен сөз бастады.

— Қалай қонақтар, жолдарың болды ма? Біздің Сәтжанның жазғаны тұра ма екен? — деген қысқа сұраударын айтып әдеттегі мінезімен бөркін бір қозғап шекесінде тамаша киді.

Серікбайдың сұрағына Петр ойлана отырып женірек түрде жауап берді:

— Әзір пәлен деп айту қыйын. Бірак, жеріндің бір құпия қазынасы бар тәрізді. Оны қарастырып кеңеске саламыз. Сәтжаның тіпті бет-алды жазбаған. Сәтжанға осы жердің бар байлығын білетін болып оку керек. Көп окуы керек, деді Петр.

Көзінің қарашығында жалғыз Сәтжаның көзінше мақтаудан да, кеміте үрсып жамандаудан да қызғанатын Зейнене, әлденеден түйсінгендей үнсіз күйде баласына қарап отырды. Оку, білім алу дегенді ерекше қасиеттейтін колхоз бастығы Қанағат бір қозғалып:

— Сәтжан дені сау болса оқыйды ғой. Ол қайдан білім алам десе де жол ашық, толық мүмкіндік бар, — деп

Сәтжан талабына қанат байлағандай жақсы лебізін шығарды.

— Жастардың оқығаны жақсы, — деп Серікбай да бір қозғалып қойды.

Сабырлы, кең ойлы Зейне бүл жерде сөз қыстырып ешиэрсе айтқаң жоқ. Бірақ, ол баласының қанаттанған жалыңды талабына тартпақ салармын, деп ойлаған да жоқ.

Келесі күні арқа жотасының өлде неше жерінен сыріздеген зерттеушілер, Қаранай, Шакпак, Қоксөңгір, Мейзек, Сегізауыз, Қекшетаулатып кезіп қайтатын жүрістепіне аттанды. Жалындай жақсы лебізімен өзіне икемден бауырына тартып алған Петрдан Сәтжан қалғысы келмегендей көп елегізді. Сәтжанның осы ойын сезе қойғандай Петр дәл аттанарда:

— Біз қарастыратын жерлерімізге барып, жұмысынызды аяқтағанда осында келеміз. Оған дейін өзің әбден әзірлен. Мен сені Алматыға апарып тау-кен зерттейтін окуфа орналастырам, — деп Петр Сәтжанды колынан қысты.

— Мен оғак қашан да болса әзірмін, — деп Сәтжан масаттанып өте риза болып қоштасты,

1947

---

# Қ А Л И М А Н

Н ырауытқан қыста, қызара бөртіп жылқы баққан қызық та, қыйын да. Үскірген аяз, тутеген боран, әлсізді алып жеп, әлуеңтіні әлсіретіп, тізесін бүктіреді. Табиғаттың тілсіз жауы қамсыз кездессе айлалы ақыл, алып, қайраттың да қырын сындырады. Мұндағы сұрапыл Арқа қысының арнаулы сыбағасы. Жайнаған күннің көзін бүркеп, үрейді үшыра соғатын Арқа бораны азаптың азанын жырлағандай кейде кенеттен соғып әлемнің астан-кестенін шығарады.

Бірде тұман басып, бірде желі тұрып, бораны мен тұманы алма кезек орын ауыстырғандай, ерте түскең қысташ түйсінгендей «Еңбек» колхозы жылқы қосын Қоян-соққанның қолатына ерте қондырды. Айдарбек ағасы майданға аттанысымен жылқы бағуды өз міндетіне алған Қалиман Арқа қысымен арпалыса өсіп те, жылқысын өсіріп те келеді. Оның мектепте оқып жүргендегі дене шынықтыру өнеріне қалыптанған балғын денесі, батыр сүйекті тұлғасы бүрынғыдан да тола түскең. Кейде бір қалың киініп жылқыға аттанарда шешесі қызының нығыздай кесек басатын жүрісін, қарымды қолын, қалың топшылы нығын көріп жас күніндегі Қашаганиң тұлға-

сына мецзейтін. Қалиманның қызылкүрең тартып дөнгеленген бет көлемі, маңдайынан тік түскен қырлы мұрины, күлімдеп тұрган қой көзі де әкесінен айнымайтын еді.

Кашаған «Еңбек» колхозының жылкысына қос көтергенде екі айғырдың үйіріндегі ғана биे, аздаған бейдәк болды. Сол жылқының бір тайын үрыға алдырмай, үрага жықпай өсірді. Жылқының қысқы күзетінен оның қалғанына аз-ақ жыл болды. «Еіз ер жеттік, енді дем ал», деген Айдарбек пен Қалиманның сөзі ғана оған тоңтау салды. Жасы алпыстан асып, аяқ қолға түскен өңбек ақауы еңкейткен Кашаған әлі де «аттан түстім, әлім бітті» демейтін. Ол үлкен баласы Айдарбектің де, батырсыған қызы Қалиманның да қайраттарын мінеп кемейнін отыратын. Қыстың басталысын ерте топшыладап, мат өрісін жобалап отыратын Кашаған «быйылғы боранды Қоянсокқан, Қекшетау саласы ғана жылқыға қоныс болады» деп қонысты құні бүрши белгіледі. Жылқының қысқы өрісіне ариап салынған Қоянсокқандағы қорага шепті көптеп үйгізіп, бірнеше ат, айғырды ертеден шашке байлады.

Біраздан бері жауа борап, бүркеулеңіп тұрган күн таң атқалы үдей түскен тәрізді. Ертемен жылқыға кеткен Ермек әлі қайтқан жоқ. Әлде жылқы жалтаңға шығып бой бермей ығысталды ма, болмаса несіз тастай алмай Қалиманның келуін күтті ме, әйтеір, косқа қайтқан жоқ. Тұс ауа боран үдей түскен соң Қалиман күнде, гісінен ертерек аттанбақшы болды. Сол екі арада күнрайы бұрынғысынан да бұзылышп, боран тіпті көтеріле соқты.

— Сұтып кетсе бар малдан айрыламыз, мүндейді әлді ат керек. Кер атты мін, — деп Қалиманды әкесі әз аттаандырды.

Семізден жарап жүрген кер ат ауыздығымен әз асып, жер қабады. Бөрліні сырттай тобылғылы шұбары жатқан жылқыға қарай Қалиман аныратып келеді.

ғанағы — бағаңағы ма, қар жауа борап түтеуге айналды. Жылқыны бытыратпай тауып алуға Қалиман Бөрлінің сыртындағы ўсақ адырға кеп шыққанда жылқының шоғашкынде кездесті. Әлі де бораннан онша ықтамай желге жоншии бере жайылып жатқан боз айғырдың гана үйірі еді. Жылқының көбі жоқ. Қалиман көн жылқыны іздел жүгіртеп жөнелді. Ермектен дыбыс бола ма? деп тұра қалып тыңдады. Бір-екі рет айқайлады да. Ешбір дыбыс естілмейді. Айнала сілсіз, азырап соққан боран, күн де батып барады. Боран ат күлағын көрсетпей түтеп барады. Жер мен көктің арасы тұтасып кеткендей. Бұрқырап үшқан қар, бұлқына сокқан жел ғана суылдайды.

Екі күлағын алдына қарай тігіп алып кер ат аудығымен алысады. Алдына қарай «шүү!» — деп кеткен Қалиман бір топ жылқыға кездесті. Алды желе жортып, шұрқырап, жылқы ыруға бет алған. Қалиман ықтай шұбырған жылқының алдыңғы жағына қарай салды. Өзек бұтасына кесе-кесе болып тіреліп қалған қарға кейде кер ат омырауына дейін батып, омбылап та қалады. Әлден уақытта айқайлаған, жылқыны қайырған бір дыбыс Қалиманның күлағына шалынды. Қалиман қуанып кетті, жүгіртіп дыбыс шықкан жаққа қарай бетtedі.

Жаңа ғана естілген дыбыс тағы да жоқ болып кетті. Ол тұра қалып тыңдады, түк білінбеді. Енді өзі айқайлады. Даусының қанша жерге жеткенін өзі аңғарған жоқ. Тек шырылдаған бір дауыс күлағына тағы шалынды. Дыбыс осы тұстан шықты-ау деген тұспалмен Қалиман кер аттың басын жіберіп-жіберіп алды. Сонша болмады, тағы да бір топ жылқыға кез болды. Алдынан жылқы қайырған дыбыс та ап-айқын естілді. «Қайда-сын!» деп жауап күте дауыстағанда:

—Мен мүнда, — деген Ермектің даусы Қалиманың қақ қасына естілді. Қалиман қасына келгендес:

— Апырай, қалай таптың! Мына жылқы кетуге айналды. Атым да қалжырады, — деп күні бойы денесін

сүүқ сорып, бораннан қажып қалған Ермек аттың на әрең ие болып, зорға жауап қатты.

— Жылқы бөлінді ме, жок сің алды осы ма? сүүқ жеңіп қайсысына ие болып қалғаныңды абылай май қалдың ба? — деп Қалиман Ермекті ілестіріп жылқының алдың қайырын, тоңтай бастады.

— Байқамай қалмасам, алды осы болар. Әзір ген жок.

— Онда жарадың, — деп Қалиман жылқыны бірін қосып, желге қыйыстата Қоянсокқана карай дұрыды. Боз айғырдың үйірі артта бөлініп қалды. Ол берілген ығысып Бәрілі қақтың жылымына килігеді. Оның қосып алады? Онаң кейінде де бөлектенген жылқының үстап келеді. Әсіресе, аты әлсірең калыпты. Қалыптың ойы — қалайда мына жылқыны Қоянсокқан бүйірткына іліндіру. Оған жетсе жолы болғаны. Әрі ықтама эрі ол жерде тасылмаған маялар да бар.

Жылқының алды бөлініңкіреп, бір тобы озекке болымсыз ықтасынға тоқтап қар тебе бастады. Ермекке жетіп келіп, аттан түсे қалып, Ермектің туңірді. Усті-басын қағып, қойын-қоңышашаң карды дүйнеді. Киімі де жеңілдеу Ермек таңертесін жылқының болып ықтырмаймын, деп алыса-алыса жүргенде бойын билеп алыпты. Қалиман Ермектің осы күйінде көрінісін аялғарып, үсіндірмеуге өзі билетін әдістерін істеді. Жылқының жүгіртіп, қарға көміп жіберіп үстіне қар үйді. Әрлік жылқыны айналып келіп, Ермекті түрғызып алды. Ермектің бойына жылу кіріп, сіресін тоңып қалған жылқының икемге келе бастады.

— Әлі де жаяу жүріп, атыңды жіберме, мен үшін тағы бір айналып, ықтасынға тоңтаймын, — деп Қалиман тағы да атына мінді. Сәл тоқталғанына еті шыйрыққан кер ала жөнелді. Жылқының аттың

жағын айналып, шанжаулат журе шалып кетуге айналған бір-екі үйір жылқыны кайырып әкеліп топка тыкты.

Қалиман мына көп жылқымен және сұық женгеги Ермекпен алданып қалды. Жылқының арт жағында қалған боз айғырдың үйірі, тағы да бірсыныра жылқы бұл тенқа әлі қосылған жок. Боранға жонын тосеп, кейіндегі қалған саңлақтар, желден жөңкіліп, ықтайды жөнелсе, алдындағы Бәріліндең жылымына түсіп, апатқа үшінрайды. Қалиманның ойына осы бір елес келгенде, оның денесі қалтырап кеткендегі болды. Түтеп сокқан боран, сакылдаған үскірік тоңдырмаған тұла бойын әлгі қатерлі ой қалтыратты. Ол атының басын кейін бүрді. Жел сорабынан топшыладап кейінгі жылқыға баруға ыңғайланды. Оның ойына осы сөтте жаңа ғана аттан өзі түсіріп қолаяғын әрең икемге келтірген Ермек пөн сұықбас көп жылқы елестеді. Ол әлі де Ермек пөн мына қалың жылқыны тыянақтап барып кейінгі топты іздеуді жөн көрді. Тұра жылқының алды-артын шолып алып, Ермекке қарай келгенде, атын жаяу жетелеп, жүгіріп қол-аяғын жылтып жүрген Ермек, жылқының ішін аралады жеткен еді. Айқайдың күшімен әрең табылды.

— Енді мін атка. Мына ықтасын жақ алдында шығын, жылқыға не болып көр. Мен кейінгі бөлек жылқыны жыйнастырып келейін. Сен мінерлік ат та сол топта, — деп Қалиман Ермекті атына мінгізіп алдыңғы жағын айналды.

Қасқая тебер қайраттан айрылып, ығыстай бастаған жылқы сұрапыл екпініне шыдай алмай тағы да жылыстаң бастап еді. Қалиман сойыл үстіне сойыл салын, жылқыны ықтасынға топтап алды.

— Ал, Ермек, мен қазір кейінгі қалғаи жылқыны іздейп, арт жакты бір шолып келейін мына жылқыны мен келгеше бытыратпа, — деп Қалиман жөнелгенде, тіршілік дүниесін боран көтеріп әкеткендей Ермек тоған үс-

тіне тоңып, қалтырап кетті. Бораннан жеңіліп бөлдүруға айналған жириен айғырды төбініп, жылқының алдың қайырмалап, тіршілік етуге кірісті. Бірак, қайрат қарқыны өте куырылып, сұық жеңіп әкетіп бара жаткан тәрізді.

Жел екпінінен жер жобасын мәшіерлеп алыш, боз айғырдың үйірі қалған шұбарға қарай көлденеңдең. Қалиман кер аттың басын жіберіп келеді. Кейде қалың бұталы өзек, кейде жарлауыт омбыға килігіп, аты әрен алыш шығады. Қырынан жалап тұрган сұрапыл, бет аузын да, қолын да, шыдатиай шымырлата қарып барады. Бір әредіктө кер ат алдына құлағын тігіп, кісінеп жіберді, Қалиман да сыр мінез атының кісінеуін ес тұтып, қуанып, төбініп те қалды. Боранмен ығысталп бара жатқан біраз жылқыга да кездесіп, соны алдына салып қақыра боз айғырдың үйірін іздеді. Аз жүргеннен кейін сыр мінез кер ат тағы тұра қалып, алдыңа құлағын тігі, әлде неден секкене қарағандай болды. Кер аттың бұл қарасы жылқы көргендегі үйір тапқан қарас емес, әлде неден секем ала, әсіресе, ит-күс көргендегі қарас төрізді. Қасқырды көргенде урке қарап, үмтыта шабатын кер ат такыммен ойнап, ала жөнелді. Мына боранда топташып жүрген қасқыр болып, қамап калеа қайтем деген ой оған келген жок. Ол тек «жаку жағадан алғанда, бөрі етектен алады дегендей» сұрапылмен араласып, қанды ауыз сұмырай қалысын таппаса жарап еді. Әлде он бағандар бораннан есі шығып бытыраган жылқыны шанжаулаған бірдемесіне килігіп, тұмсығы қанға тилі ме — деген алуан қауыппен, кер аттың бұл көргені қасқыр-ақ шығар, — деген ойға түсті.

«Алғашқы сокқан боранда «Енбек» колхозының косы сыр білдірді, жылқысына не бола алмай ықтырын, қасқырға жегізді» — деген жаман ат қандай маскара. Осы жылқыға қос көтергөлі тағалы тайнаған қасқырдың қанды аузынан таңба түсіріп көрметен «жылқышы ата-

атанған Қашаған сүрінгені ме? Адам дег маған сөнді, әйтпесе, аттан түссерме еді? Ол сенім акталмай, оқсағын сыңдырды ба?.. Жаңа бесжылдықта мактан етім, деген колхоз табысын табан астына басқаным ба? — дед Қалиман ой толқынышан бой жазып алғанша, кер ат оқыс кісінеп боз айғырдың үйіріне жетіп келді. Өнгө бойын қар басқан, ак боранда ылғый қылаң жылқы тобымен түйдек ақ көшкін құсап қозғалғанда, кірпігіне қырау тұрып буалдырланған кер ат бірден айыра алмай, шошына қарап қалғаны сол еді. Енді танып кісінеді.

Боз айғырдың жалы жерге тие үйірінін артын ала жортып бара жатқан бейнесін аңғарғанда Қалиман сұрапыл күшін сонда сезгендей болды. «Өмірі мал болып желден ығыстай жайылып көрмеген боз айғырдың үйірі ызығарына шыдамай ыққаны, шын-ак бір апат соққан екен,» — деді ішінен.

Ойнақы ақ бестілері алдына шырып желіге жортқан саңлақы айғырдың үйірі әрең қайыру берді. Кер аттың омырауына салып, өзі белгілеп алған жобага тықсырып келеді. Кейбір ышқынып соққанында жел үшырып та, карып үсітіп те жіберердей долданады. Екі танауынан шыққан будан таяктай болып қатқан мұздак қырауды, кер ат басын екі жағына қайырып, Қалиманиң аяғына үйкеп түсіріп, кірпігінің қырауын да кетіріп алады.

Жүйткіп соққан ақ боранның аңғар қуып, көтеріп айдаған қар құйынындаі боз айғырдың үйірі тобымен жүйіткіп Қалиманиң алдына түсті. Жолдаи табылған жылқыларды қосып айдал, жылқының қалың тобына қарай жобалап келеді. Жылқысының басын қосып, ықтасыны бар адырға жеткізуге асыққан Қалиманиң алысқан жауы тілеіз, өмір урейін алардай азынағаң апат боран арындаі келіп соққанда, үміт қылын бытырлатып үзердей долданады. Қажу қайрат смес, қарсыласу қайрат, қапысын таптырмай қарысуға арашаны болатынның әлдекашан салмақтап алған Қалиман қатерді ойлау-

дан көрі, қайыспауға тырысады. Қалың топқа қараң түзу беттеді ме, жоқ қырындаш жүріп, қыйыс кетіп бара ма, сұрапыл аңғартпады.

Қалиманың алған беті дүрыс еді, малтыға, ығыстай келіп әлден уақытта көп жылқыға жетті. Біріне бірі қосылған жылқылар да шүркырасып дыбыс берді. Ал Ермек көзге түсе қоймады. Қалиманың ендігі іздегені Ермек болды. Бірақ ешбір дыбыс біліпбеді. Әлденеше рет айқайлады, жылқының алдыңғы жағын шолып шетке шыға сырғый бастаған шашауларды қайта куып тығын ол тагы дыбыстады. Соңда ғана бір бұтапы паналап жатқан Ермектің «мен мүндамын» деген әлсіз даусын естіді.

Жылқысын топтап алған Қалиман сиді Ермек жазым болмасын деген кауіпке шырмалды. Ол тағы да алғашкы әдісін істеп, Ермекті шыйратпақ болды. Бірақ, Ермек тез шыйрамады. Ендірі бар амал оны тагы да қарға кому, сүйтіп жылқыны осы жердің өзінен козғамау. Өзекті мал емес пе, кер ат та алғашкыдай смес, босаңсығандай қырсаулану белгісін бергендей болды. Қалиман сиді қызылайын деді. Сөнегер ат болдырса, серік қылар жігіг сұыққа алдырып қарға көмілссе, қайрат кеткен қалың жылқы ығыстап, сұрапылдың сүргініне үшырағалы тұрса, қажытпай қояр ма? Бірақ ол қажымады. Саңлақ топты апattан аман алғып қалуға қайраты жеткенше жеңілдім, деп жемірілмеуге белін бекем байлады. Ендірі ойы ат жаңалау. Ат жаңалағанда боз айғырдың өзін үстап мінбесе, басқасына сенуге болмайды. Қалың топқа өкелін қосқанда тұрақтамай, ықтап сырғыған жылқының артында ықтамай тұрып қалып, тыянақ болған боз айғырдың үйірінс келе Қалиман шоктығы шығып тұрган жануарға күрікты салып жіберді. Сыр мінез сақа айғыр, күрік мойнына түскен соң козғалған жоқ. Кер аттың еле бойының қарын түсіріп, қырауын жеңілтіп қоя берін де. Қалиман боз айғырға мініп алды. Боз айғырға өзі мінүй

мінсе де, тер катып кер ат сұыққа үшіп кеге ме, деп оны да ойлады. Бірақ, істер лаж жок. Тек оны жылқының қалың жеріне әкеліп кіргізді. Құн бата көтерілген бораи таң ата ашылар, деген үмітпен Қалиман сімдерден атар таң сәүлесін күтті. Бірақ, әзір таң белгісі білінбейді. Қалиманның өзі де тоңазып, барған сайни сұыктан қажыйин деген секілді, ыктағандай болады. «Шынымен мына тілсіз шіркін женгені ме, мынау көзі жаудыраған өңкей саңлақ бетімен кетіп қырыла ма. Ал ~~жас~~ жаска келгеншісі кемімей, халықтың сеніміне ие болған әке абройы не болмақ? Жас өмірімнің жалынын басып, сұрапыл шын ала ма, не болып барады»—дегендей Қалиман боз айғырдан түсे қалып жүгірді. Аздап қолы аяғы икемге келіп, шығрагандай болды.

Әлде қайдан өлусірекен бір дыбыс келіп Қалиманның құлағына шалынды. Ненің дыбысы, қай жақтан шығады, ол жуырда аңгара алмады, демін ішіне тартып дыбысты қайта тыңдады. Әлден уақытта әлгі айқай анық естілгендей болды. Ермектің айқайы деуге оның өзі жана гана қарға бастырып кеуекке жатқызған болатын. Жылқыны іздел келе қоюға колхоз орталығы жақын емес. Жән-жылқы ығады, жылқышылар ие бола алмайды, деп колхоз жұртшылығы қауіптенбейді. Қандай сұрапыл болсын ондай уақыйға болып көрген емес. Жыл мезгіліне қарай қоныс, күн райына қарай өріс табатын Қашаған жылқыны ықтырмайды деседі. Енді бұл неткен дауыс? Қайдан шықты? деп Қалиман қайтадан атына мінді.

Кейінгі дыбыс желдің екпінен қырындау келіп естілді. Онда Қояисоккан жақтан шықты-ау, деп Қалиман тыянактатқанша, боз айғыр да құлағын сол дыбыска қарай тіге қойды. О да демін ішіне тартқандай біраз тыңдаи тұрды. Айқай қайтадан шықлады. Бұл ие болды, деп Қалиман жылқымың алдына қарай жортып, шашау шыққаның қайтарып Ермекке бет алды. Алдынан кездескен бір омбылау қардан отс бергенде ләл касынан

«Қалиман! Қалиман!» деген зор дауыс саңқ етті. Ә де-  
гендे не дерін білмей бөгеліп, атының басын тартып тұ-  
ра қалды. Сонша болмады, жылқының алдын кесе өзіне  
қарай айнала жортып келе жатқан біреу қарама-қарсы  
кездесе кетті.

— Қарағым, Қалиман, аман бармысың? Сенбісің, шы-  
ғаршы үйінді! — деп өзіне қарай тебіне ентелеп келеді.  
Мына сұрапылда «қарағым» деген жылы сөз түгіл қара-  
сын көрсетер серікке зар болып, жаңа ғана аяз бер ажал-  
дың қыспағына түсіп бойын әрең жыйнаң алған Қалиман,  
жалғыз-ақ «Әке!» деді. Суық билеген икемі кетіңкірекен  
денесі қайта женіллейгендей аттан түссе әкесіне қарай  
журді.

— Апырай, мына сұрапылда қалай таптың, нектен  
жан себілдік? — деп әкесінің қарттығын есінө алғандай  
аяу лебізін шығарды.

— Қашағанның бар көрген сұрапылы осы ма! Бұл  
жонның боранына бой үйренген ғой. Ел орынға отырған-  
ша Ермекті тосып едім, келең қоймады. Оның үстіне, не-  
шең «жылқыдан да, баладан да айырылдық» деп үйде  
отыра алмады. Не де болса тәуекел етейін, деп атқа мін-  
дім. Жас та болса мына теңбіл айғыр жарады. Жапуар  
өте қажырлы екен. Белі де соңдай қатты. Мен үлден  
шыққалы қашан, көп жерді шарладым, әлі қажыған  
жок. Ермек қайда, малың аман ба, түгел ме? — деп Қа-  
шаған атынан түсті. Жайшылықта «тізем, аяғым» дег-  
ауыр қозғалатын қарт жылқышы, аязben шираганлай  
аяқ басуы тым-ақ жыйнақы. Суыққа билетер емес.

— Мал аман, әзір түгел, Ермек те аман. Мен келген-  
ше тоңазып, әлсіреп қалыпты. Қуні бойы үздіксіз соққан  
боран ондырысын ба. Қиімі де қоңылтактау ёкен. Барын-  
ша қайрат істепті. Жылқыны аса бытыратпаған екен,  
сонысы тамаша болды. Өзін үсініп кетер, деп қар кеүекке  
жатқыздым, — деп Қалиман барлық жайды айтып Қаша-  
ғанның көnlін орнықтырды.

—Жарайсыңдар, илайым аман болындар. Мына сұра-  
пыш сактанбаса састыратың, әрі сұық, әрі толассыз тіл-  
сіз жау ғой. Енді ешнэрсе етпейді. Тәусекел етіп көреміз,  
—деп Қашаған қызына қайрат берді.

Алғашқы көргенде әкесін аяп қайраты қайтқан нағы-  
лігін есіне алса да, қазір оның сұықты елемегендегі ер-  
лене сөйлеуі Қалиманды таңданырғандай болды. Ыстық  
пен сұыққа пістім, әдіс пен қайрatty қатар бойыма сізді-  
дім, деп ойлайтын өр кеуде қыз өзінің карт әкесінің  
алдында сұықтан сұзы кеткендей болып түрғапына  
үялайын деді. Тондым деген сырды әкесіне білдіргісі  
келмеді. Икемді, сұыққа билетпеген кісішеле қыймылдан,  
әкесін қолтықтап атына мінгізді. Екеуі жылқының алдын  
орап Ермекті іздеді. Сарғайып күткен таң сәулесі ме,  
жоқ, үміт сәулесі ме, ептеген жарықтану белгісі бар тә-  
різді. Қашағанның келуі қайрат бергендей, Қалиман ши-  
рап кетті. Әкесінен оза жортып жылқының алды-артын  
шолды. Біртіндеп боран да солғындағандай, бәсекси бас-  
тады.

Таң ата жел де баяулады, сұрапылдан үйлыққан саң-  
лақтар біртіндеп орнынан қозғалып, желге карсы жайы-  
луға айналды. Үстінен басқан қарын сойылмен серліп,  
Қалиман мен Қашаған Ермекті кеуегінен түрғызыды.  
Ермек қол-аяғы аман, ширап қалыпты. Орнынан тұрып,  
ойда жоқта қасында түрған Қашағанды көріп қуанып  
кетті. Ушеуі атқа мініп, жылқыны қосқа қарай беттетті.

\* \* \*

\*

Ақ боран ашылған. Ер салынбай маяға қойған кер ат-  
тағы да бабына келіп ойнақ салып түрған.

—Жылқыға түнде екі рет қасқыр шауып, аман алып  
қалдық. Әсіресе, бір көкжал бой салып қашпай, қырыс-  
тап үзамай көп айналдырды. Біз кейінгі қуғанд? Қоян-

сокқанға қарай шығардық. Аса үзап кетпеген болар, — деді Ермек жылқыдан келгенде.

—Оның артына кер атпен бір түсейін,—деді Қашаған насыбайын ерніне тастап жіберіп.

—Әке кер атпен мен қуамың, сіз құндіз жылқы ішіне барыңыз,—деді Қалиман. Өзің билей айтқан баласының бетін қайтара алмай, Қашаған кер атты ертеп Қалиманға берді де, өзі жылқыға баруға ыңғайланды.

Жылқышылар айтқан жобамен келе қасқырдың ізін кыйып алып, Қоянсокқанға қарай соғып келе жатқан Қалиманның алдынан ар жағынан жытып келе жатқан жалғыз қасқыр кездесе кетті. Қасқыр көргенде қанат біткендей қарыштайтын кер ат, ә дегенше-ақ қасқыраға жетіп, бауырап алды. «Артымнан төрт аяқты жетеді, алдымнан қуғаным кетеді» деп ойланбайтын түздің көкжалау олай-бұлай бұлтакқа салып көріп еді, кер ат бойын жаздырмады. Еркін жеткен аттан бойын жаза алмай, қасқырдың адымы қыскарып, тілі үзара бастады.

Қалиман кер аттын тебініп жіберіп, сойылын қос қолдап көтеріп алды. Биікке жібермей, еркін жетіп қайырған жүйріктің омырауына түскен қасқыр, құйрығы үзарып, сүмелендей, жытып келеді. Түнде ғана жауып ашылған қырбақ қар қасқыр мен аттың тұяғынан көтеріліп будырап аспанға үшады. Еркіндей жеткен жүйріктің алдына түскен көкжалаудың бауырына қар еріп әбден көк балак болды. Артына қарай жалтақтап, бойын ірке қашудан айрылған қасқыр бетті Бөрілі қақтың өзіне қарай түзеді. «Бадырайтып ізімді үстап, бауырыма жабысып балағымнан тартып сенен-ақ өлдім ғой» дегендей қасқыр қарды қауып-қауып қалады.

— Бөріліге жіберме, қамысқа кірсе шықпайды, — деп жирен атты біреу арт жағынан айқайладап келеді. Кер атты бір тебініп алып Қалиман қасқырдың Бөрілі жағына тағы шықты. Қасқыр енді Қөксенгір биігіне қарай

қайта беттей сермеді. Адыр жақты бермей, қабиғаталан үлкен торы атты біреу көлденеңдей аңыратты.

Салақтаған тілін жыя алмай, қасқырдың ағы быттырап үш жүйріктің ортасына ғүсті. Қасқырдың қойна қайырып жеңіп алған Қалиман оған сойылын мына екі кісіден бұрын тигізуге сайланып келеді. Қамниның ператқа басып жіберіп, сойылды сермен кеп қалғанда, соныл қасқырдың жонынан асып өте шықты. Әбден есі шыққан қасқыр табандап жата калды. Қалиман атының басын бұрып алғанша, жириен атты қасқырга жетіп сойылын сермей бергенде:

— Үрма, тірі үстаймыз, — деп гүрілдеді торы атты. Қек балақ болып, ат тізесінен әбден жеңілген көкжал енді қозғалмады. Табаңдан ырылдағаны болмаса, қайрат ететін, тұра шабатын құштен айрылған еді.

Жолдасының даусын естісімен жириен атты кісі сойылын үрмай көтеріп алды. Қайта оралып қапысыз мықтап үрамың, деп кіжінгей Қалиман да үрмай өте шықты.

Жанжағынан қамалап тенген актабан сойылдылардың астында жалы тікірейіп ырылдаған қасқыр жатыр.

— Мұның сілесі әбден қатты. Енді қару істей алмайды. Мен мұны тірі үстап нокталаймын — деп торы атты кісі қасқырдың ту сыртына келіп қарғып түсті. Өзі же тіп, қайырып, айдал келген қасқырын өзіне соктырмай мыналардың киіп әкесткенине Қалиман бірсессе ыза болыш түр. Бір есе таяқтай азу тістерін сақылдатып жатқан түздің көкжалын тірі үстаймын, деп қарғып түскен торы аттының қайратына таңданып га түр. Екі көзі алдындағы Қалиманда, ырылдаған жатқан көкжал арт жағынан қымсынған да жоқ. Оның екі көзі өзінің құлақ шекесінен төніп түрган ақ табан сойылдарда. Катар жатқан екі қостың мазасын алған кекжалды үрандақсандаі қатар қуған үш жылқышы соныл үшымен бас қосты. Бірін-бірі танығаны болмаса, амандық айтып тіл қатқан жоқ. Абықай мен Жанұзақтың күтпеген жерінен Қали-

ман кездесті. Олардың қосынан түнде бір жабағысын жеп, сонау ізіне түсіп келе жатқан қасқырын Қалиман бүйірден қосылып киіп әкетті.

Жанұзак келіп қасқырдың екі құлағына қолы тиғен кезде, Абықай да қасқырдың белдемесіне аттай мініп, артқы екі аяғына жер тіретпей колымен де, аяғымен де қасқырды баса берді.

— Кел, мынаған ана қыл шылбырдың ілмек басын тұмсығынан кигізіп жібер, — деді Жанұзак Қалиманға. Қыл шылбырдың курмеулі басын тұмсығына апара бергенде бағанадан бері қырыстанып жатқан кекжал ақырғы күшін жыйнап, бұлқынып кеп қалды. Кекжалдың арандай ашылған аузындағы таяқтай азулар, оттай жанған ашулы көздері Қалиманға лап коғандай болды. Қос құлағын қамтый үстап қарыстыра басты. Жанұзактың қарымды қолы қасқырды босатпады. Қалиман да батырланып шылбырдың курмеулі басын кекжалдың тұмсығына кигізіп жіберіп, жымыра тартып, қара құсының сыртынан орап алып, аузын қалсыра таға бір шалып жіберді. Кекжалдың арандай ашылған аузы қыл шылбырдың қысуымен жымдасып, таяқтай азулар бірінсі бірі айқасып кетті. Тек, канталаған көзі ғана өтпенділікпен Қалиманның бетіне қадалып жатты.

Артқы екі аяғын да қыл шылбырдың бір үшымен қағыстыра шалып жіберіп, кекжалды домалатып тастан берді де, Жанұзак:

— Батыр қыздың қайратын енді көреміз, — деді.

Үшеуі де аттарына жайласып мініп алды.

— Мына қасқырды ала жөнеліп қосқа барғанша тарылса саламыз, қайсымыз бұрын апарсақ қасқырды да сонымыз аламыз — деді Жанұзак.

Кебентайның оң жак жеңін шешіп белсенді де, Қалиман:

Жол менікі ғой, маған беріңдер, — деді.

— Ал, ал жол сенің, қарындасым, — деді Абықай.

Кер атпен ағызып келіп домаланып жатқан қасқырды. Қалиман жерден тымақша жұлдып алғанда, Жанұзақ та атына қамшыны басып жіберіп тұра үмтыйды. Оның ойы Қалиманға бой жаздырмай қасқырды өзі жүргізді алды кету еді. Ол басында Қалиман ат үстісін жерде, қасқырды өңгеріп кестеді, деп ойламаған да еді.

Ә дегендеге біраз кібіртіктеңкіреп қалса да, Қалиман тебінің қалғанда, кер аты бауырын жазып жүлдіздай аға жөнелді. Өз тобының таңдаулы ақ атының бірі жоңе өзі осы жылқыны баққалы тақымыма жакты, деп жанына балаған сұлу торыға Жанұзақ та қамшыны басты. Бірақ, Қалиманың кер аты сыйылым шыға берді.

Жанұзақ пен Қалиманды сыйассын, деп жекпе-жек жібергендегі жанаса шауып келе жатқан Абықай срекек намысына қызды ма, жок өзінің қосының намысына қызды ма, жиренге о да қамшыны салды. Жерден іліп алған бетінде артқы екі аяғын косақталған буулы күйінде үзенғі баулықпен бастыра қысып жіберіп, кокжады кер аттың шоқтығына көлденең салып алды, Қалиман Қашаған қосына қарай Шөладыр бүйраратына ойнаста тартты. Қыздың ойын Абықай да сезе қойып, жириңің басын о да жіберді.

Жаным-ау, мынау ит жеткізер емес кой — деп Жанұзақ та торы атын төбелеп келеді. Екі жігіттің намысына шапқанын Қалиман да біле қойды. Осы бетімен жеткізбей өздерінің қосына алдып бір барса, қандай тамаша болар еді. Алыппын деп өздері мактаптарын, тұллар, деп аттарын мактап жүрген мықтылар бір масқара болар еді. Кер ат Қалиманың осы сырын үққандай жытып келеді күдірге талай шабылып жер алған Абықайдың жирені, бауыры жазылып, жақындай түсті. Шөладырдың тепсөніне іліне бергенде өртартып кер ат ауырлағандай да болды. Жетіп үстаса, екеулеп қасқырды алды қояды, деп Қалиман атын тебініп те, қамшылап та жіберді.

— Қарындастым, әзірейлідей жириңен құтылуың ен-

ді күйін болар, — деп Абықай таянған сайын сеніммен үстем сөйлей бастады.

Абықай мен Жанұзактың куып келе жаткан қаскынына көлденеңнен Қалиман қосылғанда, Қашаған деңгээ Әміржан қостан шығып, жылқыға бет алыш келе жаткан болатын. Бірақ, оларды қасқыр қуғандар абаілелегіт жоқ-ты. Қашағандар Шөләдірдың бір қарауыл төбетіне шығып, бұлардың қасқыр қуғанын, болдырып жеткөн қызығының бәрін көріп отырған-ды. Қасқырды аның Абықай мен Жанұзакқа жеткізбей келе жаткан қызыны танып:

Үзакқа шапса жирен қоймас, біз де иек артпа жерге барып жетейік, — деп Қашаған, Қалиман өздеріне қарал бет алған кезде-ак, жылға-жылғамен көлденендең жеткен еді.

Бұл екі қос сан жүйрікті өсіріп, тұлпар сынды сан саңлақты майданға бәсекемен берген қостар болатын. Екі қостың ат бәсекесі өмірі арылмайтын. Қекпарға шапсын, қасқыр қусын іштей сынasa кететін. Бұл жосыл екі қостың арасында тек аттың шабыс бәсекесі емес, қайрат бәсекесі де бар. Жәй қекпар емес, тірі үстапған, қекжалдың қекпаратысы! Ер жігіттің алдынан асқақтаган күшінен, аршиндап шапқан жүйрікпен қыздың женіп океле жаткан қекпаратысы.

— Қарындастан, енді құтылуың оцай тимес, — деп. Абықай еркін жетуге айналған жирен аттың күшіне сене де, мақтана да келіп айқаса бергенде:

— Бас кер атқа қамшыны! — деп иек артпадағы Қашаған мен Әміржан да лап қойды.

Қашаған тақымына бір салса пәндеге бермейтінін жақсы білетін Абықай, жиренге қамшыны басып жіберіп, Қалиманның алдындағы қасқырдың алдыңғы екі аяғын қабаттап үстап, қайқая тартты. Оның ойы Қашағанның қолы тимей түрғанда, қекжалды қыздың қолы-

наи жұлып алып, Қашағанмен жекпе-жек сілкілесіп төрү еді.

— Іліктірме Қашағанның қолына, жиренің еті жаңа қызды, енді жеткізбейді, қайқая тарт, — деп, Жаңғаз та торыны тебініп өзөуреп келеді.

Бұл екі жігіттің екеуі де Қалиман кайрат көрестіп ат үстінен қасқырға таласады, деп ойламаган еді. Абықай келіп қасқырдың алдыңғы аяғына жармасқанда, Қалиман мінер жақ үзенгі баудың астындағы қасқырдың екі аяғын бұрынғыдан да қамтый басып, өзі шалқая беріп Абықаймен алдыңғы аяққа тартыса кетті, Төтеден келіп тың атпен қосылған Қашаған да қызына жанаса беріп:

— Ендігісін маган жібер, — деді.

— Әке, екеулемесе, біреуін өзіме әқ жібер. Тіпті Абен алып кетсе, оз қолымнан берейін, — деп Қалимаң әкесіне бермеді. Аузы қыл күрсаудың қыспағында, аяқ-қолы балуан қолдардың қыйрата сығымдаған шеңгелінде, тартыска түскен көкжалдың айырдай азулары ашылмай, айбатты қаракөк жалы жығылып үйпаланып келеді. Бұлқынуға шама жок, тек ырсылдап асау долялықтың лебін булығып кана білдірерлік шамасы бар.

Аты басымдал жеткен әлуётті жігіт қасқырдың алдыңғы екі аяғын үстап, жиренің омырауыша салып жұла жөнелмек болды. Ол «шүү!» деп жиренді тебіне беріп, суырыла тартқанмен, батыр қыздың алдындағы көкжак қарысып қалған сияқты, тіпті мыйзыры емес, кер ат тақызыңында ынғайымен үршықтай айшалып, шоқтығына бар күшін жыйнап алғандай, тіпті сіреспін кетті. Бірде сілке тартып, бірде жұла тартып, Абықай, бірден жұлып әкететін алуан әдістерін істеп көрді. Оған Қалиман онай олжа болатын көрінбеді. Бұрынғыдан ла көрі қамтый үстап, қапысыз бір тартып көрсійін, деп Абықай оқысынан жұла жөнелем дегенде жирен омақаса үшып кетті. Атының ағынымен Қалиман заулап қосына қарай

тарта жөнелді. Жығылған Абықай мен жиренге қара-  
мастан Жанұзак тор атын төбелеп қуың келеді.

Оқысына жығылған ат пен Абықайды жазым болды  
ма, деп Қашаған тоқтап қалып еді екеуді де аман екен.  
Орындарынан атып түрегелді. Аттың аяғы саяздау жа-  
ғызы аяқ інгे сүрінген екен. Аман-есен жүріп кетті. Абы-  
қай атын тоқтатып, жолдасына айқай салды.

— Енді тоқта, Қашекеңнің қосына келіп қалдык. Қа-  
лиман ол қасқырды енді саған алғызбайды, — деп күс-  
қайратына сүйсінген Абықай Жанұзакты тоқтатты. Ат-  
тарының ентігін баса аяңдал, Абықайлар келгенде, аузы  
буулы көкжал ўйпа-түйпа болып қостың алдында жатты.

1946

---

# Ж А С Ж Ы Л Қ Ы Ш ы

**Н** олхоз бастыры Исатай кей кездерде шаруа жайланып, көнілі орнықса әдейі келіп жылқыны араппайтын. Күнімен жылқы ішінде болып дем алатын. Қар кеткелі Исатайдың жылқыға келгені осы. Ол алдымен көк айғырдың үйіріне келіп, оның саңдақтанған дәнен бестілерін төлжіген мама биелерін көріп, аттан түсіп біраз отырды. Бірақ, осы жылқының іші Исатайдың онша қызықты тәрізді емес. Әлденені қоңылтаксығандай ойы самарқау. Оған самарқау ой салған осы жылқыны жаз ыстыққа күйіп, қыс қызылға тоқып бағым өсірген інілері Үскак пен Мұқаш жок. Олар жаумен алысып сонау қан майданда жүр. Жанындай жақсы көрстін тұла бойы түңғышы Тұрсынғали еді, оны да кеше әскер катарына аттандырды. Ауылдағы шаруадан онашаланып ен далаға шыққанда оны осы ойлар әлденеше кыйырга жетектеді. Таңат тауының көк бурыл саласы, бұрқырап ақкан қар суының мөлдір бұлактары да оның көнілін сергітпеді, жалғыз-ақ оның ойын бөліп көнілін сергіткен бір нэрсе көк айғырдың малдан бөлек ерекше акылды қылышы болды.

Исатай жылқы ішіне келгенде көк айғыр үйірінен

шеттей жүре жайылып, кісінеп жүр еді, бір мезгілде арқырап Таңат тауын бауырлап жорта жөнелді. Қайрақайра кісінеп алды да, жоқ болып кетті. Исатай таңтамаша. Ол көк айғырдың көп сырын білетін, әсіресе, үйірінен мінілген бір тайын іздел таптай коймайтын, тал паса өлденеше күн арқырап іздеумен болатын. Оидей кездे көк айғыр жылқының барлық өрлеін шолып шығалын. Мұқаш мініп кеткен қара жорға ат, мұның үйірінегі ат смес. Ал Ыскак мінген көк бесті қыстай коралда шөпте мінуде болған. Оны кек айғыр үмытыныраған... Исатай осыны ойлац, кек айғырдың үйірін тағы бір шолып түгендеді. Таңертеңгі соқашылар жегуге әкеткен екі торы бие Исатайдың ойына жаца түсті. Көк айғыр екі биені жетектеген кісіге бірсыптыра жерге шейін срі барып, үйріне қайтып келген-ді. Үйткені, туңде күнандаған көк биенің құлышы аса шырамаған болатын. Нек айғырдың үзамағаны да осыдан болған-ды. Жаца тұған күлінинан ширағаиша үзамау кек айғырдың дағдысы еді.

Жылқыга келген Исатайды ес көріп, кек айғыр түшін сол биелерді іздел жөнелді. Көк айғырдың бұл көтіс Исатайға бір ой салды. Мал жайын сез қылғанда Ыскак кек айғырдың кейбір осындай мінезін айтып мактай жөнелетін. Онда Исатай оз інісіне «Кой, беталды бөсө, ол кісі ғой деймісін» деп токтатып тастантын. Шынында, ол бұрын көк айғырдың кейбір есті мінезіне онша көріл боле коймайтын. Көк айғырдың мына мінезі Ыскактың айтқандарына айғақ болғандай өз алдынан келіп шыкты. Бұған «Енді жылқыны кім бағады?» деген ой келіп кабатасты. Ауылдың бәрі Мұқаш пен Ыскакқа сеніп жылқының маңына бармайтын. Ал Исатайдың өзі басса, колхоз шаруасын жалпы басқарып, мал бағудан ерінисип кеткен. Исатай осылай ойға шомып тұрганда артынан келіп сәлем берген Рабдымалды байқамай да қалды.

— Аман ба, қарағым? Окудан қашан келдің? Мына көр құнанды қашан міндің? — деп Исатай Ақбұлак мек-

тебіндегі Ғабдылдың ойда жоқта келгеніне таныр; дай болды.

— Ата, мен оқудан көктем каникулына босанды көрдім. Кер құнанды Жексембі атамны сұрап міндеңдің жас күлкіні, буаз биесі бар жылқының ішінде көз мен шығар, окуыца қайтқаша күндіз жылқыда бол, деп жіберді. Сіздің мұнда жүргенізді білгенім жоқ, — дед жауап берді.

Әкесі Мұқаштың майданға кетіп, оның орнына козахоздың жылқыға белсеніп шыға қояр ер азаматтың бәрі де сокада және басқа жұмыста жүретін түсінген Ғабдылға Исадай ішінен қуанды. Оны үйніндірып, маңға жіберіп отырған Файни келініне де ете риза болды. Ғабдылды сынағысы келіп:

— Жылқыда жалғыз жүргенде қорықпайсың ба? Та-цаттың қасқыры қатты ғой, — деді Исадай. — Ал, анау Бөрлісайда қасқырдың үясы тағы бар. Биелер әлі қүлкін-дап болған жоқ. Ол сайға күшіктеген қасқыр алысқа үзамайды, осы жылқыны торыйды, — деп Исадай жылқының шетін қайыра аяңдал келеді. Исекенің бедеу көк биесінің аяғына бұлкектеп желіп ерген Ғабдыл:

— Мен қасқырдан қорықпаймын ата. Қек айыр қасқырды өзі де жылқыға жолатпайды. Оны Саябай бар, Ысқак ағам бар, былтыр қасқырдың бөлтірігін сокқанда көрғем. Бөлтіріктердің енесі Шағыр атамның тап көк қанышығы сыйқты екен. Саябай қек бестімен жетіп қайырып келгенде, Борлы қақтың қамысына кіріп қана күтылып кеткен, — деп қасқырға бойы үйренгенін айтып бір-аз сөйлем кетті. Исадай оны сүйсініп тыңдады:

Ғабдыл быйылғана 14 ке шыққанымен жылқыға үйір, атқа берік болатын. Ол өткен жазда да күндіз бойдақ жылқыны бағып, кейде жылқышыға қосылып тұнғузетке де барған-ды...

Еіраздан кейін жаңа шыққан соқашылардың жұмысын көре кетугө Исадай Танат сыртына асты. Исадай-

алдынан жүре шалып, кісінеп койып, жылқыға қайтын көз жатқан көк айғыр келдесті. «Жылқы өсерде алғыр үйрасси, ес өсерде жігіт бауырмал» деген қазақ тәңі мақалын еске алып, Исатай көк айғырга бұрынғыдан да кattы риза бол кетті.

Тағат тауының білігі Зорбас шоқысы аскактап, ұшарбасын асмандаға, қарынсау икемсіз тұлғасын кең тастап Исатайдың көз алдынан көлденеңдей берді. Қoптам басына шықпаған Исатай қызықты білем, көк биенік басын Зорбастың қыясына қарай бұрып, қыркалай аттады. Сырттың самаладай тау-салалы коньстары, бірнеше соң бірі тізіліп, жылы үшырап сала берді. Алдымен бұлдырап шыға келген Мейзек білігі, Тұлпар шоқысы, Сөгізауыз, Қекшетау, айнадай жарқыраған «Борлы как» түймедей қылтыйып көрінген Тұлкібасы, Қекеңгір, алыстан бұлдырап көрінген «Шұбар айғыр», «Жоргадан» бергі балапан таулар бірінен соң бірі Исатайдың көз алдына табиғаттың талай қызығылықты көріністерін тізіп әкелді.

Исатай жайлаудың жалпақ алабын көзімен тегіс шоқылып өтті. Оның көз алдынан Борлы қақтың айдынның шомылып, қамысынан қоға тартқаң, балапан күни, балдыры сузген күндері, жайлау бәйігілерінің қаракышы болған анау Мейзекке қарап, бәйігі күнайға мінін әздесін көрет шапқаны, онан жігіт болғаң көзде, мына тұрған Көксенгірдің бауырындағы бір тойда балтыры жарқыраған балуанға түскені тізбектеліп өтіп жатыр. Жер шіркін қандай әңгімеші! Мынау жайлаудың қай деңі, қай есебі әңгімесіз! Әрқайсысының ертегідей ерөн қызық сыраларъ бар. Бірақ ол сырдың бәріне Исатай ортак емес. Оның өзі ортак бір сыр өци тотықпаған жап-жаңа күйінде сөне түсті. Ол сырдың желісін үстап жатқан анау Елікташ қары. Ол қак Исатайға быйыл көп жылдан бері суды көп үстаған жылы болып көрінді. Үйткені су аз жағдай ол үш болініп қалатын, ал быйыл бәрі тұтасын, айдан

көл болынты. Ол қак көктемде судын мол устаралыңың  
ны қалып, шебі шүйгін болады. Эсіресе, жаңа күн  
кызыкты жайлай. Мал камын өте ерте ойын, жоғары  
күні бұрын сайлайтын Истатай, жылкы ферманын  
айниан бастап-ақ Елікпайға көшіруді есіне алды. Иса-  
тай Зорбасқа тіпті текке шықкан жок еді. Ол ионисе  
болжау оймен шыкты. Енді жылкының жазғы жайлай-  
туын осы арадан белгілеп қойды. Ойна түскен әдесі  
сырын Истатай кейін шегергендей, мал камының тоғтуу-  
лы шыйырына салып, егіндікке карай жеделдете жүріп  
хетті.

\* \* \*

\*

Жылкының ішін құнанын шалдыра аралап жүрген  
Фабдыл, арқырап шыға келген көк айғырды көргендө  
куанып қалды. Ол, қашан да болсын, жылкыға келгенде  
көк айғырды, оның үйіріп ыстық көріп көбірек ара-  
лайтын. Эсіресе көк айғырдың жерге тиген ўзын қалып  
жалын, нардың өркешіндегі биік шоктырын, ўялы қалын  
құйрырын тамаша көрстін. Сондықтан да ол жылкы  
ішінде көк айғыр барда корыкпай, мықты серіктің ка-  
сынданын деп білуші еді.

Қыстан алатаң болып шыккан құр айғыр, бар жүнін  
гастав, — жүнттайды тап-такыр еді. Оның үстінен жаз шыға  
үйірге баса қарап, өзінен өзі білектей болып жұмырланып  
алған екен. Көк айғырдың бүгінгі сыйпаты Фабдылды  
оцан сайин қызықтырыды. Көк айғыр келе өзінің қалып  
үйіріп ірмектеп қайтарып бір баурап алды. Жаңада кү-  
лының даған жүйрік кер бие үйқтаған күлінінан ўзай ал-  
май жылкыдан кейіндеу түр еді, көк айғыр оны да барып  
мойнын салып айдал қелді. Оның кішкене қара төбелжү-  
лыны енесінің алды-артын орап шапқылан, жүйткіп-  
жүйткіп алады.

· Кара тәбел күлкіншің күлдірап шашқан түріне Габылт тіпті қызықты. Күлкін туралы жаттан алған бір өлеңдің өндөтіп те қойды:

«Күлақ қадап құрактан,  
Тұяқ киіп болаттан.  
Кекіл тағып үкіден,  
Түгін алып құндыздан,  
Қөзін алып жұлдыздан,  
Томағадан сауыр сап,  
Туды ма екен күлкіншак?»

Ол ссы өлеңді айта жүріп, жылқының шетірек жаралған саяктарын, әсіресе, ер қашты, тізгін қашаған көріторы ат пен жиренді жыйнастырып келді. Өзінің күлкін жөніндегі айтқан өлеңі қүлкіншактарды көрген сәйлем аузына орала береді. Бірақ, ол сол өлеңнің кейінгі більміндегі күлкінның сондай әдемі болып иеден жаратылған, қайдан туғанын айту жөнін аяқсыз қалдырмай, шаудаң айтқысы келіп бір сөз іздеді. Оның аузына Ақтам балы батырдың жырындағы Бозтарланиң суреттері түсі. Ол оған бір-екі ауыз сөз қости да өз өзінен тақпақтаған сыйып көрді.

Малдың қызығына алданып жүріп Габдыл күнің әңгімас тағиғанын сезбей де қалды. Ол кер кунанды жүрді, қыға жіберіп, Жексембі атасы айтқан күзеттің күшін ғырын ўстап мінгісі келді. Бірақ, үйірге қаралғандасты жүрген жеслқын жарау айғыр балаға ўстата қойынды. Шұу дегенде ымқыра күркін салып жібермеген соң, боран екенін сезіп күла айғыр басынып маңайлатнады. Габдыл айғырты ўстаймын деп жүргенде күн батты. Ымырт жаңбылың, қас қарада бастады. Жылқы мен аумыл арасы бір-сызыра жер. Исадай қайтып бармаса, ауылда жылқының міне қояр ат та жоқ. Батыс жақтан көтерілген қою қара бұлт үлғайып, қалыңдал келеді. Анда-сонда жаңбылдан, алыстан күннің күркіреген даусы да естіледі.

Габдыл үйге қайтпақ елі, бірақ жылқының күн бат-

қанда несіз қалуын үнатпады. Оның үстінде жаңа күндерге өзіне үлкен міншілдегі түркістандың тінен жалғыз барып көрмеген корқыныш таптаған болды. Найзағай ойнап жарқындаған қара бұлдыр жаңылығынан сайын өлде иеден секем алыш қысылады. Еір күнде алыстан үціреппіл, Бөрлісай да күшіктеген аш қатырларын кеш бата жортулыға оргізіп шатқан сыйқтағаны Айбынды айғыры, қызықты құлышын, сүйкіті жыныснан барі оған қазір қатер қушағына кіргендей болған көрінді. Ол жылқының шеттеп жыйылғанларын ірмекшінде айғырдың үйіріне қарай қайырды. Ширамаған жас күліндарының жайына қарай үйірін топтап, түнгі күзетіне әзірленгендей, көк айғыр да жылқының жел жағын ала жайылып жүр.

Ауыл жақтан ат дүбірін, қараңдаған кісіні күткен Фабдыл жалығуға да айналды. Кешеден ер алышбаған кер құнанға да жаны ашып барады. «Көк жалап қара тіл болмаған Қараөзек шақта құнанды әлі жібермей мүниша 'неге ашыктырдың» деп Жексембі атасы үрысса не дейді?

Бұлт бұрынғыдан да тұнжырап, жел екпіні түрді. Найзағайдың жарқылы да жиілешіп, Таңат тауын бүркей берді. Оның үстінде жүрдек кер айғырдың үйірі желе беттей бір мұрттан, Бөрлісайға қарай тартып барады. Өзіне ес көрген көк айғырдың үйірінен ұзағысы келмесе де Фабдыл жылқыны бытыратып алушдан қорқып, үзаңқыраған кер айғырдың үйірін барып тағы да қайырды. Оның елегзіген күлағына желдін суылынан аши қасқырдың үлыған шуылы естілгендей болды. Қөзіне былғыры өзі көрген желіні салактаған күшікті қасқыр елеstedі. Әсіресе, Бөрлісайдан сескенейін леді. Сүйтіл жылқыны қайырып келе жатқанда, көзіне Истатай атасының жуас қара жорға аты түсе кетті. Қыстай колда болып, өзі сан мінген әрі жуас, әрі күйлі атты үстап мінсем, деп қызық-

ті. Бірақ, кар сұымен сөміртуғе жіберген атты үстап мінуді қолайсыз көрді. Ал, ол атты мінбесе, мына қараңы түнде қасқыр келіп қалса арық күнәнменің ңа бірінде? Ғабдыл осының бөрін ой таразысына салып қарады...

Ақырында, шауып қыйнамаймын ғой, Исатай аттың құнанды жіберіп мінгеніме ренжи коймас, дегенін бірге жендіріп, Ғабдыл қара аттың күркінін салып үстады. Күркінмен жетектеп көк айғырдың үйіріне қарай алды жүрді. Ондағы ойы, қасқыр-масқыр жағаласа, көк айғыр түрде күнпен кетеді, деген ой еді. Бірақ, көк айғырдың түрінде таяғанда, қара аттың қараңыда қалт тұра қалуында — құнадынын алдына тігіп корықкан белгі бар еді. Содан қынанған Ғабдыл айналасына жалт-жалт қарады. Ешқаша көрінбейді. Тек үйірінде Ғабдыл жак шетіне шығып, құлағын тіге қарап тұрған көк айғырды көзі шалды. Қара аттың көк айғырдан корқып шегінгенін ол енді сезді. Бірақ үйіріндегі ерек жылқыны құмағанмен, көк айғыр түрде ерек жылқы үйірін мацайласа жер түбіне жыттыраңыз да Ғабдылдың есіне жаңа түсті. Сол жерде құнанған түсіп, ерін алды, жүгенін жаңа сипыра бергінде күн қатты күркіреп наїзагай жарқ сте түсті. Бірақ үріккен қара аттың күркіткіші ала жөнелді. Әрі наїзагай жылқынан шошыңған, әрі мойныңдағы күркіткіш болған алған ат жылқыны шошытты. Құнанған да, аттың күнде қолдағы күркіткішінде айрылған Газдыл айқайлайын дәре, үні шықлады. Жүгірейін деп еді, буның күркін, бір түп тобылғыға сүрініп мұрттай үшты. Күркін зерттейді, қара аттан шошыңған жылқы шұркырап, о да үзап барады.

Орнынан тұра жылқының дабысына қарай жүгірған Ғабдылдың құлағына жылқы жактан бір дауыс естілгендей болды. Қалт тұра қалып тындалп еді, адамның даусы екен. Ол құлағына жылы тиғенмен, өзі үрбейленіп

туралда кімнің үні екенін аңғара алмады. Ат жылқының кісінегені басылып, тыймынталаптадай да, «Габдыл!» деп айқайлаған дауыс алғанык. Габдыл каншама үн берейін десе де дауысын түркес. Өзінің куаныш тұрғанын да, қорқып тұрғанын да ажырта алмады. Үн өзіне қарай бір таңып келіп, тағы тұрғай ойысқандай болды. Габдыл алғашқыдай емес жылқыны тоқтатып қайырған кісінің дыбысын естіп, жүргегі орына түсейін деді. Жылқының қарасы да шоғырланған көріне бастады. Енді тұра қалып айқайлап еді, көлем даған даусы өте әлсіз шығып, өзіне де әрец естілді. Вір-ак бұл жолы даусы шықты. Дем алып тағы айқайлады. Айқайы басыла бергенде наизарай тағы жарқ ете түспі. Бұл жарқ еткенде Габдыл бағанағыдай емес, бойы үйренген екен, көзін жұма қалмады, алдында тап-таяу жерде өзіне қарай келе жатқан бір аттыны көрді. Габдыл куаныш кетіп тағы айқайлады. Атты кісі қасына дыбыс берді. Қасына келіп қалған екен:

— Габдыл! деді Исадай атасы. Бұл Исекешің бағана егінге кеткеннен оралған беті еді. Исадай сокала жегуге апарған биенің бірі шәлкестеніп журмегенін көріп, соның жылқыға қоса, кетуге бұрылып еді. Ол, Габдылды жылқыдан қайтқан шығар деп келсе де, жылқыны үркіттіп күрық алып жүрген кара атты көріп, Габдылдың қайта 'алмағанын' аңғарған-ды.

Бағана ғана қасқырдан қорықпаймын деп, жылқы бағуға дайын екенін айтқан Габдыл. Исадай атасынан жаман үялды. Қойдан қоңыр қара атқа құрық жіберіп, жылқыны үркітіп, түн ішінде жаяу қалған жас жылқышы атасына не айтарын білмеді. Осының бәрін айтнай сезген Исадай, Габдылды артына мінгізіп, қара атты жетектеп ер-тоқымды іздеді.

Сен мына құла айғырмен ауылға бар, Жексембіні жылқыға тез жібер. Сен кешіккенге қорқып отырған

шығар, барып Ғайнин көлінді қуандыра гой! — деги Несай Ғабдылды үйге жіберді.

Өзіне үстәтинаң ыза қылған, соның кеселісін осыннан да үятика қалған Габдыл күла айғырмен ауылға қарай құйындаш шапты. Жел қуық қуйлі айғыр жүлдүзіні ағып, Габдылдың тақымынан шығып кете жаздайтын Бағанағыдай емес, күн күркіреуі бәсек, сирек жарылтадайды. Бұлттар да бозалаң тартып, қалың жауын Абдрағылдың тауына қарай ойысты. Осы кешіліктің бәрі бішін сергіткен Габдыл күла айғырдың құлағында сінап ачып да демде келді.

\* \* \*

\*

Соқаның арты жығылмай-ақ, Исадай жылқыны Елікбай қағына көшірді. Габдыл окуын аяқтап ауылға жазғы демалысқа келді. Биенің саууын, қымыздың би-бын білетін Ғайниды Исекең жылдағы әдетінше жылжының басына жіберді. Габдыл көктемгі түнді әлі үмытқас жоқ. Ол малға икемсіз, әсіресе, әлі күнге ат үстап мінші алмайды, деген атақтан қайтсем құтылам дейді. Ғайнинде оған кезінде қатты шамыстанып, Габдылға үрысын түт алған...

Ай самаладай жарық, жібектей есілген арқа жалғызың әдемі түндері басталды. Қар суымен тойынған жылқының бәрі семіз. Жабағы жүнін түлеген тайлар тіпті әдемі. Габдыл күндіз тай үйретіп, асаумен алысады. Бисбайлағанда құлын қуатын жүйрік жириен айғырды Жекесембі атасынан сұрап мініп, бислерді желіге қуып тығады. Кейде мінілеттің тізгін қашаған бойдақ жылқыларды да жириен айғырмен үстап алып үйретіп жүр. Қашаған қуғанда қактықпай қабырғасынан жалтаратын жириен айғыр асау тай құнарның адымын ашырмайды.

Жылқы суын ішіп өріске қарай бет алып барады.

Желіден босаңған асау құлыштар, желі басын  
алдаңып шыйрықкан биелер жүре женинде  
гә беттей өріске тартты. Жексембі де күсіп  
алып, түргі күзетке қамданып жатыр еді.

— Ата! — деді Габдыл қасына келіп, — ай жарық  
көй, бүгін жылқыға мен барайын, сіз тынышыныз.

Қактың суы жылып кетті, деп Жексембі күрдіз кү-  
дық аршып, үйктаған жок-ты. Аз ойланып тұрып  
Жексембі:

— Бара ғой, қарағым. Бірақ жылқыны Мейзекке қа-  
рай қайырып ал, күзетке осы құла қасқа аттың өмір мін,  
— деп атын берді.

Жылқыны айналғанда аяңдалап, Мейзекке қарай қаптата  
жайып келе жаткан Габдылдың алдынан көк айғырдың  
үйірі кездесе кетті. Кұлық сары биенің желіні жетіп жур-  
леніп білсе де, құлыштарды деген оның ойында жок-  
ты. Сары бие бір жатып, бір тұрып тыптыриши жүр екен.  
Басында ауырып жүр ме, деп Габдыл шонып та қалды.  
Бірақ, артынан оның бошалап жургенін білді. Қоқтем-  
дегіден гөрі карнын салып, семіруге бет алған көк айғыр-  
да үзын жалын төгілте, үйірің арт жагын ала тоқтап  
жайылып келеді.

Жексембі атам «Кейбір биё құлыштарда қызғашшак  
болады» деуші еді, деп сары биеден каниқтай Габдыл  
жылқының алдына келді, бір дөңесте аттаң тусти де, ки-  
мін шешініп, жылқы шетінде самалдал отырды. Бырыл-  
далап жайыла қаптаған жылқының көбі Габдылдың жа-  
нынан өтіп, алды үзап та барады. Бірақ, жылқының ба-  
ғана өзі айналған арт жағында шоғырланған тобы бір  
орыннан қозғалмаған сыйкты. Шетке шынсан бірлі-жа-  
рым жылқыны біреу қайырып тобына косып журген тә-  
різді көрінді. Қиініп алып, атына мініп Габдыл да сол  
жылқыға келді. Ол шоқтай иірілген көк айғырдың үйірі  
екен. Мойнын салып бәрін иіріп тығып тұрган көк айғыр-  
дың өзі екен. Габдыл келе сары биені қарап еді, күлыштар-

кайынты. Өлі аяқтаңбаған қоңыр құлынына оқыранып, қасына таянған тай-құнанды құлағын жымыштып күштеп тастап тұр. Ғабдыл жаңа үкты: көк айғыр үйірінен бие құлындағанда қашан құлын аяқтанғанша үйірін тырып еткізбей іріп тұрады дейтін еді. Көк айғыр сол әдеттің істеп, жас құлынды өртаға алып үйірін шоқтай іріп алыпты.

Ғабдыл көк айғырдың үйірін қозғамай, жылқының алдын сол айғырдың үйіріне карай қайырды. Бұл кезде шілденің қыска таңы да сзызылып атып қалып еді. Құлық биелердің құлынын тарпып тастайтыны болады, деген әкесі Мұкаштың бір сөзі есіне түсті де, Ғабдыл асқын көк айғырдың үйіріне келді. Ол келгенде сары биенің құлыны гаяқтанып, еннесінің бауырына тығызып тәтірделтеп жүр еді. Көк айғырдың үйірі де канатын жазып жайыла бастапты. Түнгі күзетті ойдағыдай өткізгендіне қоңлі толыч, Ғабдыл аттан түсіп дем алғалы жерге көріліп жатып еді, сол екі арада көзі ілініп кетті...

Ғабдыл оянса күн сәскелікке көтеріліп қалынты. Жылқының алды ауылға карай ойысып, тек көк айғырдың үйірі ғана аса үзамай жатыр екен. Атына мініл, жылқыны жыйнастырып, Елікбайдың ық жағына карай беттетті. Оңтайлы жириәт айғырдың үйіріне карай келді. Түннен аш шыйырыккан күла каска атты жіберіп, басқа жылқы үстап мінуді ойлады да, алдымен жириәт айғырда үмтүлды. Аз жалтақтап барып тұра калатын жириәт айғырды оп-опай үстап алды. Үстіне күрүк алып мінгенде, жылқы қуатынын сезе-қоятын оңтайлы айғыр ауыздық пен алышты. Ғабдылдың көк күнанды үстап мінгісі келді. Көк күнан тай күнінде аз ғана мініліп жіберілген, тайпаңдау және қашаган болатын. Оидары ойы, сочар ғана темде жүп-жуас айғырды үстап мінеле алмады, дегенде таңылған үйттән күтилу еді. Оның үстіне күрүк ти-меген күнанды үстап мініп бас білдіргендін жүртқа көрсетіп мактану сезімі де бір еді.

Көк күнан көк айғырдың үйіріндегі ылғый күр дөнен, бестілердің тобында жүретін. Оларға құрық көтерді болды, құйрықтарын тіге безеді. Ғабдыл құрығын сездірмей, қырындан келіп көк күнанға тұра үмтылғанда, жириен айғыр айқаса түсті. Айғырдың екпінінен сасып қалған Ғабдыл, құрығын серпіп салам дегенде бауы оралып қүнанға ілінбей қалды. Э дегенде сасып қалған қүнан бұлтара қашты. Қабырғасынан жалтаратын жириен айғыр бұлтартастан тағы жетіп айқасты. Айғырдың бұлтарған екпінен толқып барып әрең оңалған Ғабдыл, бұл жолы да құрықты баурап сала алмады. Бұлталақтағанына қоймайтын болған соң көк күнан жылқының жириек жеріне қарай тығылды. Бір жылқыға қактықпастан жириен айғыр көк күнанды қабырғалап босатпады. Бағанағыдай емес, айғырға тақымы үйренген, құрық қолына қалыптанған Ғабдыл бұл жолы құрықты қүнаның жіңішке мойнына тастан жіберіп, күлақ шекесінің тубінен бұрап тартып қалды. Шынашақпен бірге айналып қүнанды қабырғалап алған жириен айғыр қүнанға құрық бойлатқан жок. Ғабдыл да қүнанды икемдеп құрығымен билеп алды, ат үстінен нокталап, құрығын босатып сақтық та істеді.

Жириен айғырды жіберіп көк күнанды ерттегендеге, асаусып қалған тарпақ қүнан мінген кезде тулар, деп, Ғабдыл сескенген еді, бірақ, қүнан мөңкімей түп-түзу журіп кетті. Оты қанып жылқының алды суға беттеді. Ғабдыл ауыздығымен алысқан жүрдек қүнанын қуана аяндатып жылқының артын жыйнастыра ауылға қарай қантатты. Эліде онша ширай қоймаған сары биенің күліншағы енесінің баурына тығылады, жүре қоймайды. Күліншағы айналсоқтап бие де жылқының артында кейінде қалды. Жас күліншақтың ене баурына тығыла, тәнтіректей басып жүргені, айналадағы көріністің бәріне бойы үйренбей үркектене қараған ерке мінезі Ғабдылға қызықты қорінді. Сары ғиені жылжытып Ғаб-

дыл құдық басына келгенде биे байлуға, қауға тәртү-  
ға шыққан Исатай, Жексембі, Гайни бәрі құлынды сары  
биені жай айдал келе жатқан Габдылға қуана қарасты.

— Қарағым, ырымды екенсін, мына сары құлықты  
аман құлындастыпсың ғой. Тарпаң құнанды қалай үстап  
мінгенсің? — деп бәрі таңырқасып жатыр. Гайни де ба-  
ласының жігіт болып күзетке жалғыз барып келгеніне,  
тарпаң құнанды өзі үстап мінгеніне разыланып:

— Ағасына тартса, жылқыға үйір болса керек кой,  
— деп жымыйды.

\* \* \*

Кұдық аршығаннан бері Жексембінің ескі желі үстап,  
белі шойырылып, жылқыға бара алмады. Габдылдың  
жылқы күзетіне баруы жиіледі.

Ай кешігіп туатын өліараға таянған еді. Құндіз жел  
жоқ бүктеу ыстық болды. Жаздай бүгелек көрмеген  
жылқы, күні бойы үйездеп, кеш өрді. Ал, кештің өзінде  
де жел екпіні жоқ, өте қамбаз боп, жылқы тыншый ал-  
ған жоқ еді.

Жылқыны Тұлкібасының бүйраратына қарай беттетіп,  
жарау торы биенің елпілдеген аяқымен жылқыны қоз-  
ғаңқырап келе жатқан Габдыл, үйірінің артын ала са-  
марқаулау жайылып келе жатқан көк айғырды көрсе де,  
ой бөле қойған жоқ. Жалғыз-ақ жүйрік кер биенің мар-  
қайып қалған қара тәбел құлыны тұлыптай бұлтыйып,  
енесін еміп жатқанын көрді. Габдыл құлынды қандай  
тамаша ат болар деп ойлады да, жылқының алдына ка-  
рай тартты. Тұлкібасының қыяқты өзегіне кіре жылқы-  
лар күлтелі көк тарлауын күртілдетіп тоқтай жайылды.  
Бұл кезде кешігіп туған ай да алыстағы Зорбас шоқы-  
сының иығынан асып көтеріліп келе жатыр еді. Ай жа-  
рығына арқа тұтқандай Габдыл өзектің бір жақ қаба-  
ғына ала аттан түсіп, жантайып жатты. Аспан әлемінің

Ражайып құбылысына қыдыра қарап, құс жолының жынырлаған көп жүлдіздарына аялдаپ, осы күс жолы жайында апасының айтатын ертектерін еске алды, жылқы бағып отырғанын үмітып, аспан әлемін зерттеуге құмартып, әлденендей тәтті қыялдарға шомды...

Жылқының кенеттен шұрқырап кісінеуі Габдылдың терең ойын бөліп жіберді. Жылқының үркे кісінеуінен белең алған торы бие жер тартып Габдылды зорға мінгізді. Жылқы кісінеген жаққа тұра шауып келгендे, шұрқыраған жылқының ішіндегүйрығы шұбатылып арасаландап жүрген қасқырларды көрді. Келіп қалған аттың кісіден сырғып бір-екі қасқыр қүйріғы соландап тұра жөнелсе де, тағы бір-екеуі жүйрік кер биенің қара төбел құлының тұра бастырып, жұлып кеткендей болды. Бар пәрменімен айқайлап, құрығын көтеріп қасқырға Габдыл да төнді. Құлыны мен қасқырдың арасына түсіп, кер бие де орқырап айнала шауып жүр. Габдыл қасқырды қуып кеткенде, жылқы иіріліп кісінеп қала берді. Жылқыдан шетке шыққан қасқырлар Габдылдың шырылдаған бала даусын байқап бойсалада кашпай, жалтақтай бұлтарып, жылқыға қарай қайта ойысты. Аузын арандай ашқан үлкен қаракөк арлан жалы құдірейіп, өзінен сесекенбей жылқыға тұра жүгіргендегі, Габдыл да тұра айқасуға батпай, катарласа шапты. Осы кезде тағы бір қасқыр Габдылдың артын ала жылқыға үмтүлған еді. Өзінен тайсалмай таласа жүгірген екі қасқырға жалтақтаған қарап Габдыл сескенейін деді. Бірақ бағанадан бері көрінбегең көк айғыр жылқыдан бөліне шығып, Габдылдан оза қасқырларды тұра бастырды. Басы катты үшқыр биені Габдыл бұрып алғанша, көк айғыр екі қасқырды қуып үзатып әкетті.

Ұзын, қалың жалы қабыргасын жаба, құлағын жымыйта қасқырларды қуып бара жатқан көк айғырдың түрпаты артындағы Габдылға киік қуған арыстанның бейнесіндегі көрінді. Габдыл үзамай жылқыға қайта ор-

алды. Бұл кезде қасқырлардан шошып белең алып қалған жылқылар өлі тобын жаза қойған жоқ еді. Әсіресе, көк айғырдың үйірі шоқтай болып иіріліп, кер биенің айналасында шұрқырасып жүр. Кер биенің өзі де, құлының бауырынан шығармай, осқырып түр екен. Габдыл келіп енесінің бауырына кіріп тұрган қара төбел құлынға үзіле қарады. Ай сәулесінен құлынның мінер жақ салының қоң еті жалбырап көрінді. Габдылдың жүрегі су ете түсті. Басқа жері сау ма, деп алды-артына шығып қарап еді, басқа жара байқалмады. Әлден уақытта арқырап көк айғыр да жылқыға қайтып келді. Жылқылар содан соң барып тынышталып жайыла бастады.

Ет қызыумен білмеген қара төбел құлын жаралы аяғын сүйрете басып, әр жерге бір жатып, енесін де жөнді ембеді. Көк айғыр да құлыны жаралы көк биенің айналасынан ұзамай, қабағы түсіп, таң атқанша құлағын тігіп, әр жерге бір тұрып, оттамады. Қасқыр жаралап кетті ме, деп Габдыл көк айғырды да айналдыра қарап еді, ондай белгі байқалмады. Габдыл таң аппақ боп атқанша аттан түспеді. Бұл жылқыдан «құлынды қасқыр тістеді» деген жаман ат ешуақытта болып көрген жоқ-ты! Әсіресе Габдыл көк айғырдың қасқыр жылқыға араласқанша бөгеліп қалғанына түсінбеді. Тіпті, былтырғы бір боранды жылқы иесіз ығып Шәку адырына барғанда, алты бірдей қасқыр айналдырғанда да көк айғырдың үйірінен бір жабағыға тісі тимепті дессетін.

Аяғын сүйретіп, жұні жығыла жүдеген қаратөбел құлын, енесіне ере алмай, кейіндеу келе жатыр еді. Габдыл құлынның қасына келгенде, өзінің кеше кешкі бір ойы есіне түсті. Кеше ғана құландаған ойнап тұрган құлынның мына жудеу түрін ағасы мініп кеткен бәйгі көк бесті осы кер биенің тұңғышы — мына қара төбел құлынның ағасы болатын. Көк бесті де алғаш туғанда қара төбел еді. Түлей келе көгерген. Мына қара төбел құлын да көк бесті сыйқты түлей келе қаракөк боп, көк бестінің ор-

нын басады деп қуанатын. Бұл ат болғандა мән де әскер жасына толамың, өзім, жақсылап өсіріп әскерге мініп кетемін дейтін. Енді ол болмады. Қаратөбел құлынды қасқырға талатты. Жүре алмай ауырлауына қарағанда, мал болар-болмасы да екі талай. Мал болса да, тыртық сан, ақсақ болады, деп уайымдады. Оның үстіне үйктап қалып құлынды қасқырға тартқыздың деп, Исадай атасы мәң апасы сазайын береді ғой, деп қорқып, осы жылқы бағудан құтылғысы да келді..

Ғабдыл бүгін, күндеғісіндей, таңертенде аттан түсіп үйқтамады. Тек шыр айналып, кер биеге келе берді. Эр жерге тұрып, қалшыйып жайылмаған көк айғырдың салыңқы түрінен шошып айналдыра қараған Ғабдыл, қамшылар жақ қамыттырының көпсіп ісіп тұрғанын көрді.

Жылқыны ертерек ауылға қарай қайырып, ауру малдардың ыңғайымен жылжытты. Жылқының аса ерте келгенінен және үйірі суға түсерде алдында оқ бойы озып келетін көк айғырдың артта қалғанын ауылдағылар үнатпады. Оның үстіне кер биенің құлыны шоңқаңдалап енесінে ілесе алмай келе жатқаны байқалды. Исадай Ғабдылдың құдық басына жетуін күтпей-ақ қарсы жүрді. Өзі бұрыннан қорқып келе жатқан Ғабдыл, өзіне тұра келе жатқан Исадайды көріп 'не істерін білмеді. Ол тіпті Исадайдың сабауына да мойындалап қалып еді. Бірақ өмірі Исадай атасының кісіге қол көтергенін көрген де, естіген де жоқ-ты. Дегенмен, ойы неше саққа жүгірді. Бойы мұздап, өні де бозарып кетті. Алайда, Иsekен сабаған да, ұрысқан да жоқ. Тек құлын мен көк айғырды көріп ренжіп:

—Апыр-ай, көк айғыр дені сау болса, қасқырға құлын тістепесе керек еді ғой. Мынау мендеп ауырған айғыр ғой, мынасы жаман жара болмаса неғылсын! — деп, көк айғырға ере аяңдалап, құдық басына келді Астауға түсе берген көк айғырды су ішкізбей Исадай үстап алып, кер биені де құлынымен ауылға алып жүрді. Күн-

дегідей ёмес, жабыға келіп үйге тұскен Фабдылға Файни ешиәрсе айтқан жок, тамағын берді де, құлың мен айырды көрге шығып кетті.

—Файни қарағым, жатқан-тұрған күшала бар ма?— деп сұраған Исадайға Файни Фабдылдан жеті күшаланы беріп:

—Үйдегі бары осы екен де атаңа,—деді.

Жеті күшаланың үшеуін қырып, қабығын тазалап, үсақ қып жонлы да. Исадай өзінің әйеліне қайнатуға берді. Базарбайды шакырып алғып кел деп, бір атпен Жексембіні қой фермасына жіберді. Күшала бірсызыра кайнап, сұы кою тартып азайған қезде, Исадай оттан ту-сіріп сүйтты да, қара төбел құлынды өкі кісіге бастырып отырып, күшаланың сұын жарасына қўйды да, енесін үйдің жанына арқандап тастады.

Биенің бас сағыны болмай-ак, Жексембі мен Базарбай да келді. Олар келісімен көк айғырдың топшысындағы ісікті үстап-үстап көріп. «тап соның өзі» десті.

—Кеше кешке жылқы суарғанда көк айғырдың қабағын үнатпап едім,—деп Жексембі қатты кейіп,—жануар мал болса неғылсын!—деп сары уайым сала сөйлей бастап еді, Базарбай:

—Жеке, уайымдамаңыз, сырттан болған; әзір өндір-шекке шапқан жок, түк, етпейді. Қазір өткір үстара әкеліндер,—деп өзі де шешініп женілтектенді. Жабылып көк айғырды жырып, төрт аяғын буғанда, оның жаудыраған көзіне көзі тұскен Исадай жасып теріс айналды.

—Я, сәт!—деп Базарбай ісікті тіліп жіберіп, күлтілдеп тұрған жалқаяқты сылып алғып тастады да, карелинмен жараны жуып, ішіне тұзды толтыра салып, жібекпен тігіп тастады. Көк айғыр орнынан қыйналып барып әрен тұрды.

Базарбай аттанарда:

— Бүгін су таттырманда, сәті түсіп ем қонса, басқа жеріне қашпай тоқтайды, айғырдың өзі де жүлдyz шыға

отқа қарап, аздап жетектеп оттатыңдар, сол кезде суды тына жүткізып қана қоярсыңдар! — деп қойына кайтты.

Ғабдыл осының бәрін көріп қорқып та, қуанып та жүр. Ол бір әредіктे Жексембі атасына келіп:

— Қара тәбел құлын жазыла ма, саны кем болмай ма, аксамай ма? — деп сұрады.

— Жарасы онша үлкен емес, түк те етпейді, бір жұмада жазылады — деді, Жекжембі.

Ғабдылдың қуанышы қойнына сыймай кетті.

\* \* \*

Жылғы фермасы қоныс жаңалап Тоқымтыққанға қонды. Жаздың атабы қайтып, күздің қоңыр желі еседі. Бұрынғыдай емес, жылқы кундіз де үзап өрістеп кете-тін болды. Өріске кеткен жылқыны қайырып келе жатқан Ғабдыл, көк айғырдың үйірін аралап жүрді. Жарасы әлдеқашан жазылған көк айғыр өзінің қалыпты күйіне түсіп, үзын жалын төгілтіп үйрінің ішінде жүр. Саны жазылған қара тәбел құлын да, құлын жүні түлеп, тәбелінен бастап, мойнына қарай көкшіл тартып, көк бестіден айнымай өсіп келе жатқанын аңғартады.

Қара тәбел құлынды көргенде Ғабдылдың ойына Ысқақ ағасының көк бестісі түсті. Құлынды қасқыр тартқан күні жасыған көңілі қайта тасыды. Күздей жылқыны Ғабдыл бақты. Майдандағы әкесінен келген кейінгі хатка ол жауап жазарда көп нәрселерді айтпақшы болды. Бірақ шаруа жайын Исатай атам жазды, мен несіне қабаттасам деді де «хат жазған жас жылқышы» деп кол қойды. Онысы әкесіне өз сырын түспалмен айтқан ішкі мақтанды еді.